Зерттеушілердің көбі әртүрлі түсіндіретін, бәріне танымал «жаһандану» ұғымы нені білдіреді, бұл ұғымының артында не тұр? Сондықтан жаһандану үрдісін теориялық тұрғыда түсіндірудің көптеген түрлері кездеседі. Мысалы, зерттеуші Э.Гидденстың пікірінше, жаһандану жаңғыртумен байланысты және оның екі жағы бар: экономикалық (мемлекет аралық байланыстарды экономикалық жүйелеу үрдістері) және мәдени (сананың ғаламдық мәдениетін қалыптастыру).

М.А.Чешков атап өткендей, жаһандану әлемдік қоғамдастықтың налуан түрлі элементтерінің өзара бірігуіне байланысты ғаламдық үрдістердің жиынтығына қатысты ұғым. Венгр ғалымы М.Шимаидың ойынша, мемлекеттердің өзара тәуелділігінің нәтижесімен қатар нарықтардың кеңістіктегі және институционалды бірігуі осы үрдістің басты салдары болып табылады. Интернационалдандыру экономикалық өрлеуді ары қарай ынталандыру болып табылады. Ол материалдық және зияткерлік құндылықтарды халықаралық айырбастауға және жалпы әлеуметтік қатынастардың ұлғайуына жасағанықпалына байланысты оң құбылыс деп танылады. Бірақ, М.Шимаи жаһанданудың көптеген нәтижелері тек елдердің нақты топтары үшін қолайлы болды деп есептейді. Өйткені ол елдің өндірісінің, тұтынуының, экспортының, импортының және пайдасының үлесі халықаралық орталықтардың шешіміне байланысты анықталатын транснационализациялау үрдісіне қатысты. Ондағы жетекші күштер

– бір уақытта интернационалдандырудың басты қатысушылары да және нәтижесі де болатын трансұлттық компаниялар (ТҰК).

Ресей Федерациясының Президенті жанындағы Ресейлік мемлекеттік қызмет академиясының глобалистика Орталығының басшысы В.Михайлов, менің пікірімше, осы ерекше күрделі құбылысқа, оның көптеген құрамдас бөліктерін сипаттайтын, ең дәл және кешенді анықтама береді: Жаһандану дегеніміз жалпы ғаламшарлық көлемдегі нарықта бүкіл әлемдік қаржы-экономикалық кеңістіктің қалыптасуы; елдердің дамуының постиндустриалдық кезеңі және жаңа компьютерлік және медиатеchnологиялар негізінде бүкіл әлемдік ақпараттық кеңістіктің пайда болуы; әлемнің гомогенденуі және универсалдануы; неоллибералдық бағыттағы құндылықтардың бірыңғай жүйесін барлық жерде таратуға тырысу; саяси талапқа негізделген бірполярлы әлемнің қалыптасу тұжырымдамасы және жаңа әлемдік тәртіптің пайда болуы.

Жаһанданудың идеологтары бұл ұғымға бірігудің экономикалық, қаржы, ақпараттық және басқа түрлерімен қоса, халықаралық қаржы-экономикалық институттардың (ХВФ, БСҰ және т.б.), трансұлттық корпорациялардың, беделді ұйымдардың (мысалы, Үшжақты комиссия-Солтүстік Америка, Шығыс Азия және Еуропаның үкіметтік емес ұйымдарының таңдаулы тобының (элиталарының) жиналысы) ықпалының өсуін, қаржылық және миграциялық ағындарға «тосқауыл қоятын» мемлекеттік шекаралардың жойылуымен қоса, ұлттық-мемлекеттік дамудың мүмкіндіктерін шектеуді, «жалпыға ортақ, ұлттықтан жоғары тұратын мінез-құлық пен тәлім-тәртіп ережелерін» қалыптастыруды және қабылдауды кіргізеді.

Мысалы, К.Зегберс жаһандану деп ерекше тұрғыдан даму мүмкіндігінің азаюын (немесе тіптен жойылуын), бұрыннан келе жатқан жолмен жүруден бас тартуды, яғни үкіметтің немесе қоғамның қандай да бір өз жолын саналы түрде таңдау мүмкіндігінің қысқаруын түсінеді. Жаһандануды жақтаушылар елдерге өз даму жолының орнына интернационалдандыруды, дәлірек айтсақ, батыстануды ұсынады. Олар оны (батыстану және нарықтық реттеу жолы) «тек қорғаныста қалғанның, қайтпас фундамента-листер ғана қарсылық білдіретін» ең дұрыс және озық деп санайды.

Жаһандану бірте-бірте экономиканың, қаржының, ақпараттың ауқымда халықаралық деңгейде жұмыс істеуін білдіретін ұғымнан әлеуметтік-саяси теорияға айналуға. Оның мәні «капитал мен ақпараттық еркіндіктің ұлттық мүддені жеңуінде, трансұлттық жүйелердің құрылуында».

Геосаясат тұрғысынан жаһандану [3] Батыстың Шығыспен «қырғи-қабақ» соғыстағы жеңісін нығайту және одан материалдық-қаржылық және геосаяси пайда табу деп айтуға болады.

Тұжырымдап айтқанда, терминалогиялық талдауды зерделей келе, жаһандану күшті мемлекеттер мен мемлекеттен тыс қары құрылымдардың (экономика, қаржы, технология, ақпарат салаларындағы) орнын нығайтуға бағытталған әлеуметтік-саяси теория, идеология және тәжірибе деп айтуға болады. Сондықтан, жаһандануға тек оң ғана емес, кері реакцияның болуы бекер емес: көптеген елдердегі мыңдаған адамдар, тіпті кейбір елдердің басшылары, өздерін жаһандануға қарсымыз – антиглобалистпіз деп есептейді.

XX-XXI ғасырлар аралығындағы ғаламдық саяси өмірдің басты ерекшелігі – жаһандануға қарсы, дәлірек айтсақ, оның теріс салдарына қарсы, сонымен бірге іс жүзінде трансұлттық корпорацияларды (ТҰК) қолдау жолына түскен үкіметтердің саясатына қарсы жаппай қозғалыстың пайда болуы. Жаһандануға қарсы наразылық қозғалысы Сиэтл, Генуя, Прага және тағы басқа қалаларда жаппай манифестациялар өткізу арқылы өздері туралы мәлімдеді. Бұл орайда, оған журналистердің берген атауына сай, бұл қозғалыс антиглобалистік деген атқа ие болды, бірақ наразылық акциясына қатысушылардың өздерінің айтуынша, олардың көпшілігі объективті түрде дамиды үрдіс ретіндегі жаһандануға қарсы емес, қазіргі кездегі әлемдегі әлеуметтік мәселелердің ушығуына әкелетін саясатқа қарсы. Сондықтан осы акцияларға қатысушыларды баламалы жаһандану үшін қозғалыс деп атаған дұрысырақ болмақ (АЖК).

Атап айтсақ, бұл қозғалыс тіпті бірыңғай емес. Оған өздерін жаһандануға қарсы күресушілер және капитализм мен қанаудың барлық түрлерін жоюға, еркін және тең құқықты адамдардың қоғамын құруға тырысушылар деп жариялаған «Анархистер федерациясы», «Астыртын іс-әрекет интернационалы», «Солға бұрылыс» радикалды ұйымдары кіреді. Дәл осы ұйымдар полициямен қақтығыс, өздерінің ойынша, жаһанданудың теріс салдарын білдіретін «Макдональдс» мейрамханаларындай нысандарды қирату секілді жұртшылықты дүрліктіретін наразылық әдістерін қолданады.

Бірақ, АЖК негізгі бөлігін реформаторлық бағыттағы ұйымдар құрайды. Олардың талаптары қазіргі заманның маңызды жаһандық мәселелерді – дамушы елдердегі жоқшылық пен аштық, қоршаған ортаға қауіп төндіретіншектен тыс қарулану т.б. мәселелерді шешуге бағытталғандығы және сындарлығымен ерекшеленеді. Олардың ұсыныстары сындарлы. Мысалы, бірқатар ұйымдар Нобель сыйлығының иегері, американдық экономисі Дж.Тобинмен бірге, ең кедей және бай елдердің даму деңгейін теңестіру мақсатында,

әлемдік байлықты қайта бөлуді талап ету барысында, әлемдік дамудан шет қалған елдердің пайдасына әр халықаралық қаржы келісімінің 0,1% беруді ұсынады. АТТАК халықаралық ассоциациясы осы ұсынысты өз ұйымының бағдарламалық талабына айналдырды. Осындай тағы бір ұсыныс қазіргі кезде әлемде қару-жарақ сатып алуға кететін қаржыны қысқарту және оны кедей аймақтарға мақсатты түрде бағыттау болып табылады.

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдар көбінесе желілік ұстаным бойынша құрылады және олардың ұлттық бөлімдермен қарым-қатынасы Ғаламтор (интернет) мен ұялы байланыс құралдары арқылы жүзеге асады. Бұлар өткізетін жаппай акцияларға қатысушыларды тез арада ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Орталықтандырылған қатаң құрылымның болмауы, ұлттық бөлімшелердің тәуелсіз болуы өткізілетін акциялардың әрбір мүшесінің өз даралығын сақтауына мүмкіндік береді, әлеуметтік шығармашылыққа жол ашады, әртүрлі топтар үшін осындай ұйымдарды тартымды етеді. Бірақ желілік ұстанымның кемшіліктері де бар, яғни ұйымдар маңызды идеологиялық келіспеушіліктер орын алған морфты құрылымға айналады.

Альтернативті жаһандану қозғалысына қатысушылар өздерінің жаппай қарсылық білдіруін «Үлкен сегіздік», ХВФ, ХСҰ басшыларының кездесуі секілді үкіметаралық ұйымдардың (ҰАҰ) саммиттері мен форумдары өтетін кезбен орайластыруға тырысады. Осы арқылы олар қазіргі жағдайда адамзат алдында тұрған мәселелердің баламалы шешімдеріне жұртшылықтың көңілін аударуға ұмтылады. Олар әлемнің экономикалық және саяси таңдаулы тобының, элиталарының басын қосатын Давосс форумына қарама-қарсы әлеуметтік форумдар өткізеді. Онда ТҰК іс-әрекетінің теріс салдарлары және іс жүзінде корпоративті капиталдың ғаламдық үстемдікке ұмтылуын қолдайтын мемлекеттердің саясатын талқылайды.

АЖҚ қызметінің маңызды бағыты – қазіргі заманның өзекті мәселелері туралы қоғамдық пікір қалыптастыру. Осы ұйымдардың арқасында үкіметаралық ұйымдар жұртшылықтың алаңдатушылығын туғызғандарды елдердегі жоқшылық пен аштық, қоршаған ортаны қорғау, АИТВ-н емдеу, борышкерлік ауыртпалығын жеңілдету, кейбір жерлерді миналануын және т.б. мәселелерді қарастыра бастады. Өздерінің веб-сайттары және ұйымның басқа да арналары арқылы АЖҚ осы мәселелерді шешудің нұсқалары туралы азаматтарға ақпарат береді.

Халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігінің артуы бірқатар ғалымдардың мемлекеттік және мемлекетаралық ұйымдардың белсенділігінің өзіндік баламасы ретінде, азаматтық белсенділіктің ауқымды ашық саласы түрінде ғаламдық азаматтық қоғамның қалыптасуы туралы пікір білдіруіне негіз болды. Оның қазіргі кездегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі орны ұлттық үкіметтердің және ТҰК, ҰАҰ-дың қызметіне көбірек әлеуметтік жауапкершілік, демократиялық сипат беру мақсатында ықпал жасауына байланысты. Бүгінгі таңда үкіметтік емес ұйымдар, іс жүзінде, әлемдік саясаттың маңызды факторына айнала отырып, тәуелсіз әрекеттер бастамақ және оларға жетекшілік рөл атқарушы міндетін алуға жігерленуде.

Енді ҰАҰ үкіметтік емес ұйымдарды назардан тыс қалдыра алмайды. Әлемдік тәжірибеде үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдар қатысқан бірлескен саммиттер, яғни форумдар өткізу жүзеге асуда. Осындай құбылыстардың ең маңыздысының бірі – 1992 және 2002 жылдарда БҰҰ бастамасымен қоршаған орта және даму мәселелері бойынша («Жер саммиттері») өткізілген конференциялар. БҰҰ шеңберінде осы үкіметаралық ұйымның азаматтық қоғаммен өзара әрекет ету механизмін қалыптастыру үшін нақты ұсыныстар дайындаумен айналысатын арнайы топ құрылды. Бірақ халықаралық үкіметтік емес ұйымдардың көпшілігі ҰАҰ-мен ынтымақтастықты қажет деп есептемейді және өздерінің басты мақсаты – өздеріне ешқандай міндеттеме алмай, тек сырттай қысым көрсету деп біледі.

Бүгінгі таңда кез-келген мемлекет, қаншалықты көлемді, бай болса да, басқа елдерден бөлек жағдайда, жеке-дара өздері ойдағыдай, табысты дами алмайды [4]. Бұл Қазақ еліне де қатысты.

Қазақ елі біршама қиын жағдайда жаһандану үрдісіне тап болды. Жаһанданулықты, экономикасы қуатты мемлекет ретінде, «бір нәрсемен» кіріуді қажет ететін әлеуметтік-саяси құбылыс.

Осыған орай, Қазақстанда жаһандануға деген көзқарас бірдей емес екендігін айта кеткен жөн. Сонымен бірге, бұл құбылысты ешқандай нұсқамен болдырмауға, оны теориялық та, тәжірибелік те деңгейде ескермеуге болмайтындығын мойындау қажет [5].

Қазіргі заманның жаһандану үрдістерінде өзіне сенімді болу үшін Қазақстанға жаһанданушы әлемде өз орнын түбегейлі нығайту керек. Ол үшін:

-Қазақстанға тән бәсекелестікке негіз болатын басымдықтарды пайдалану: айрықша еуразиялық геосаяси жағдай, өте бай табиғи ресурстар, білім беру мен ғылымның жоғары деңгейі, Қазақстанның рухани-мәдени дәстүрлері және т.б.;

- отандық экономиканың инновациялық негізін дамыту, технологиялық жаңғырту;
- полиэтикалы және көпконфессионалды қазақстандық қауымдастықты нығайтуға және оны ұлттық өркендеу мақсатында нарықтар мен ресурстар үшін ғаламдық күреске қатысуға жұмылдыруға бағытталған қазақстан қоғамын тарихи және мәдени-өркениеттік негізде өзіндік үйлестіру;
- жаңа қазақстандық идеологияны, ұлттық мүдделер жүйесін, басты жалпыұлттық құндылықтарды қалыптастыру;
- геосаяси және геостратегиялық жағдайды ескере отырып, ұлттық қауіпсіздікті нығайту;
- елдің интеллектуалдық әлеуетін арттыру;
- демографиялық мәселені шешу;
- аймақтардың ерекшеліктерін ескеретін, қазіргі болмысқа бейімдендірілген, мемлекеттік экономикалық саясаттың бағыт-бағдарлары мен басымдылықтары анықталған, Қазақстанның геоэкономикалық дамуының тиімді үлгісін қалыптастыру;
- мемлекеттік реттеу ұлттық-экономикалық дамудың қажетті шарты ретінде;
- бүкіләлемдік экономикалық, технологиялық және ақпараттық үрдістерге қатысумен қатар, Қазақстанның орасан зор игерілмеген аумағын ішкі және аймақтық интеграциялау.

Қорыта келе, жаһандандудың әлі аяқталмағанын, ол өз дамуының бастапқы сатысында тұрғанын айта кеткен жөн. Жаһандану құбылысы ұзақ және қайшылықты үрдіс болып табылады. Өйткені қазіргі әлемде, қарсы әрекет етуші, бірігуге қарсы үдерістер мен тежеуші факторлар (саяси, әлеуметтік, экономикалық және т.б.) әлі де сақталуда. Сонымен қатар, жаһандану (әсіресе ғаламшарлық, гуманитарлық) тарих жүзеге асыратын, адамзат тек бүкіләлемдік мүдделерге сәйкес қажетті арнаға бағыттайтын үдемелі объективті үрдіс екенін мойындау керек.

1 Большая актуальная политическая энциклопедия.-М.: ЭКСМО, 2009.-С.58-59.

2 Андреев С.М. Современный мир и его проблемы.-Казань, 2013.-С.115-116.

3 Гаджиев К.С. Геополитика.-М.:Юрайт, 2012.

4 Соціологічна енциклопедія.-Київ: Академвидав, 2008.-С. 84.

5 Кошанов А. Казахстан в глобальном мире //Мысль.-2014, - №1.-С.36-39.

УДК 316 334.3(574)

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ӘЛЕУМЕТТІК ИНДИКАТОРЛАРДЫҢ РОЛІ

Г.Ә. Базарбаева – с.ғ.д, профессор м.а., АТУ, Алматы

Әлеуметтік индикаторлар толығымен қоғамның, сонымен қатар оның жеке қабаттарының, аумақтарының, топтарының деңгейінде нақты әлеуметтік жағдайының біріктірілген көрсеткіштері ретінде айқындалады және мемлекеттік әлеуметтік саясатының нақты өлшеуіштері ретінде қарастырылады. Олар түрлі әрекеттерде: саясаттану тәжірибесінде, экономикалық зерттеулерде, педагогикалық мониторингте, әлеуметтік барлауда, әлеуметтік-психологиялық өлшеуде және т.б. өлшемдік нормалар ретінде қабылданды. Әлеуметтік индикаторлардың ерекшеліктері олардың тіркеуші және түсіндіру әлеуетінде жиналған, ол сандық және сапалық өлшемдердің мүмкіншіліктерімен байланысты.

Әлеуметтік индикаторлар адами әлеуетті дамытуға бағытталған және өзінің мәні бойынша заманауи мемлекеттердің динамикасының жалпы өркениетті векторымен сәйкес келетін әлеуметтік саясатты жүзеге асыру бойынша кезекті түрде әрекетті жоспарлауға әсер етеді. Экономикалық, әлеуметтік дамудың бір қалыпты еместігі, қатынастарды реттеудің құқықтық нормаларынан шегіну, әлеуметтік шиеленісу пайда болуына ықпалын тигізеді, оларды тұрақты емес жағдайлардың диагностикасы арқылы және әлеуметтік және саяси тәуекелдігін анықтау арқылы алдын алу өте маңызды. Қоғам салтын жетілдіруде ізгілендіру қағидатының мағынасын арттыру жағдайларында «тәуекелдік қоғамы» деп аталатын заманауи қоғамды әлеуметтік және саяси зерттеулерін жүргізу қажеттілігі белсенді болып отыр. Әлеуметтік қоғам, заманауи қоғамдық салтының моделі ретінде тұрақсыздыққа ұмтылумен сипатталады, және тең салмақты жағдай тепе-теңдігінің ұстау басқару саясатының тиімділігіне, оның ғылыми негізіне байланысты. Сондықтан жанжақты мониторинг жүйесін құру және жұмыс жасауы тиімді басқару саясатының міндетті шарты болып табылады.

Кілт сөздер: мемлекет, әлеуметтік индикаторлар, әлеуметтік қоғам, инфрақұрылым, әлеуметтік қорғаныс

Социальные индикаторы рассматривают общество в целом, а также его отдельные части, слой, территории, уровень состояния и развития социальных групп объединенных показателями, вместе с тем являются измерителем реального состояния государственной социальной политики. Они исследуют политический опыт, экономические исследования, педагогический мониторинг, социальные исследования, социально-психологические изменения и т.д. принимают определенные оценочные нормы. Особенностью социальных индикаторов является регистрация и обработка данных полученных в качественном и количественном измерениях.

Социальные индикаторы направлены на развитие человеческого капитала, современные государства являются динамикой общественоцивилизированного вектора в социальной политике, которые выполняются согласно ежегодному планированию. Неравномерное социально-экономическое развитие, невыполнение правовых норм, приводит к социальным конфликтам, дестабилизирует обстановку в обществе, в связи с этим необходима предварительная диагностика социально-политических рисков. Нужно развивать и совершенствовать традиции общества, чтобы не привести к «обществу риска» в современном социальном обществе, необходимо проводить политические исследования. Социальное общество, общественная модель традиционного общества постоянно нужно удерживать стабильность в обществе, что приводит к эффективной политике управления, что научно обоснованно. Одним из выгодных условий развития политики управления является необходимость создания системы всестороннего мониторинга.

Ключевые слова: государство, социальные индикаторы, социальное общество, инфраструктура, социальная защита

Social indicators consider society as a whole and its individual parts, layer, territory, state level and the development of social groups combined performance at the same time is a measure of the real state of the state social policy. They explore the political experience and economic research, pedagogical monitoring, social studies, social and psychological changes, etc. adopt certain valuation rules. Feature of social indicators is the recording and processing of data obtained in the qualitative and quantitative measurements.

Social indicators are aimed at developing human capital, modern states are general civilized vector dynamics in social policy that are performed according to the annual planning. Uneven socio-economic development, failure of legal norms, leads to social conflict, destabilizing the situation in the society, in this connection to pre-diagnosis of socio-political risks. Need to develop and improve the traditions of society, so as not to lead to a "risk society" in modern social society, it is necessary to conduct policy research. Social society, social model of traditional society should hold impermanent stability in society, which leads to an effective management policy that scientifically. One of the favorable conditions for the development of management policies is the need to establish a comprehensive monitoring system.

Key words: government, social indicators, social society, infrastructure and social protection

Әлеуметтік индикаторлар толығымен қоғамның, сонымен қатар оның жеке қабаттарының, аумақтарының, топтарының деңгейінде нақты әлеуметтік жағдайының біріктірілген көрсеткіштері ретінде айқындалады және мемлекеттік әлеуметтік саясатының нақты өлшеуіштері ретінде қарастырылады. Олар түрлі әрекеттерде: саясаттану тәжірибеде, экономикалық зерттеулерде, педагогикалық мониторингте, әлеуметтік барлауда, әлеуметтік-психологиялық өлшеуде және т.б. өлшемдік нормалар ретінде қабылданды. Әлеуметтік индикаторлардың ерекшеліктері олардың тіркеуші және түсіндіру әлеуетінде жиналған, ол сандық және сапалық өлшемдердің мүмкіншіліктерімен байланысты.

Өлшемдердің әдістемелік мүмкіншіліктері әлеуметтік индикаторларды әзірлеу мен қолдануға қатысты пән аралық тәсілдерде байқалады, өйткені білімнің математикалық, әлеуметтік, экономикалық, медициналық, экологиялық, құқықтық, психологиялық және т.б. түрлерінің қақтығысында өмір кеңістігінің түсінудің жаңа әлеуметтік-философиялық парадигмалары пайда болады және әлеуметтік-саяси үрдістерге әсер ету және басқарудың саясаттанулық тәсілдері қалыптастырылады. Саясат адамзат қызметінің айрықша саласы болып табылатындықтан, қоғам дамуын адам үшін қолайлы келісілген жағдай жасауға қол жеткізуге болатындай мақсатқа жұмылдыра алады [1]. Қазіргі уақытта заманауи қоғамды түсінудің мульти пән аралық парадигмалары қалыптастырылады, әлеуметтік мемлекет феноменін олардың бір түрі ретінде қоса отырып. Әлеуметтік өлшеулер барысында жұртшылық өмірінің түрлі салаларымен байланысты сипаттамалар пайда болады: саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани, тұрмыстық [2]. Өлшеулер саласына мақсаттар мен қажеттіліктер, ниеттер мен себептер, қанағаттылық пен пайдалылық, қауіпсіздік пен тиімділік түседі. Тіршілік әрекетінің көптеген салаларын зерттеу үшін түрлі тәсілдер бар, көп өлшемді белгілер дайындалған: қарапайымдардан – күрделі және біріктірілгендерге дейін. Елдер кескінінде әлеуметтік өлшеулер дәстүрлері қалыптасты, индикаторлар еуропалық жүйесінің тұжырымдамасы бар; индикативтік өлшеулердің американдық тәжірибесінің өзіндік арнайы ерекшеліктері бар; кеңес одағында өмір сапасының түрлі индикаторларын көрсететін жеткілікті дамыған мемлекеттік статистика жұмыс жасаған.

Әлеуметтік өлшеулердің жалпы, әмбебап мөлшерлерінің арасында келесілерді тіркеумен байланысты әлеуметтік статистиканың негізгі көрсеткіштері орын алады:

а) демографиялық жағдайды (жұртшылық құрылымдық, функционалдық, аумақтық, гендерлік және т.б. кескіндерде); бала туу және өлім (себептері бойынша саралаумен): өмір ұзақтылығы (ауыру түрлері мен ерекшеліктері);

б) экономикалық өндірісті, алмасуды, бөлісу мен тұтынуды ДЖӨ көлемдері мен құрылымы; жұмыспен қамтылу түрлері, әрекет субъектілері және аймақтары бойынша сипаты; үй шаруашылықтарының құрылымы; өмір деңгейі (тұтынушылық себептің индекстері, бағалар деңгейі, кедейлік деңгейі); жұмыс-

пен қамтылу, еңбек және сыйақыландыру;

в) әлеуметтік инфрақұрылымның даму параметрлерін (тұрғын үй, көлік, медициналық қызмет көрсету; коммуникация және ақпарат құралдары);

г) адами әлеуетінің динамикасын (білімге қол жетімділік, жағдай – индекстер мен коэффициенттер – денсаулықтың және оны қолдау шарттары); әлеуметтік қорғаныс және оның тиімділігінің өлшемдері: бос уақыт құрылымы; мәдени қажеттіліктер жүйесі және түрлі топтарда оларды қанағаттандыру мүмкіншілігі; жұмыспен қамтылу уақыты және бос уақыт; әлеуметтік құрылым толығымен;

д) тұратын ортаның жағдайы (табиғи көздерінің жеткіліктілігі – таза судың, ауаның, қабылданған нормаларға сәйкес аумақтың); табиғи және жасанды тұратын ортаның өзара сәйкестігі; қоршаған ортаның денсаулыққа деген әсер етуі;

е) әлеуетті қауіптер мен тәуекелдіктерді (қоғамдық тұтас, жеке отбасылық және жеке тұлға деңгейінде) қауіпсіздік тұжырымдамалары нысанында;

ж) институттарға әсер етуге қол жеткізуге және қоғам өміріне қатысты қабылданған шешімдерге әсер ету (адам мен азаматтың құқықтары мен еркіндіктері жүйесі).

Әлеуметтік индикаторлар адами әлеуетті дамытуға бағытталған және өзінің мәні бойынша заманауи мемлекеттердің динамикасының жалпы өркениетті векторымен сәйкес келетін әлеуметтік саясатты жүзеге асыру бойынша кезекті түрде әрекетті жоспарлауға әсер етеді. Экономикалық, әлеуметтік дамудың бір қалыпты еместігі, қатынастарды реттеудің құқықтық нормаларынан шегіну, әлеуметтік шиеленісу пайда болуына ықпалын тигізеді, оларды тұрақты емес жағдайлардың диагностикасы арқылы және әлеуметтік және саяси тәуекелдігін анықтау арқылы алдын алу өте маңызды. Қоғам салтын жетілдіруде ізгілендіру қағидатының мағынасын арттыру жағдайларында «тәуекелдік қоғамы» деп аталатын заманауи қоғамды әлеуметтік және саяси зерттеулерін жүргізу қажеттілігі белсенді болып отыр. Әлеуметтік қоғам, заманауи қоғамдық салтының моделі ретінде тұрақсыздыққа ұмтылумен сипатталады, және тең салмақты жағдай тепе-теңдігінің ұстау басқару саясатының тиімділігіне, оның ғылыми негізіне байланысты. Сондықтан жанжақты мониторинг жүйесін құру және жұмыс жасауы тиімді басқару саясатының міндетті шарты болып табылады. Соңғы онжылдықтар ішінде әлеуметтік бақылау және азаматтар өмірі сапасын жанжақты бағалау жүйесін қалыптастыру жалпы қабылданған жағдай болып отыр. Қазақстан Республикасында БҰҰ басшылығымен 1999 жылдан бастап адами даму индексі (АДИ) өлшеу бойынша пилоттық зерттеулер бастылған, ол көбінесе әлеуметтік қайғылары индексі ретінде танымал және әлеуметтік өзгерістерді басынан кешкен қоғамдарды зерттеу үшін қолданылады. Қазақстанда БҰҰ бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқу бағдарламалары, оқулықтар енгізілді, жоғары және арнайы орта оқу орындарының оқытушылары үшін әдістемелік семинарлар өткізіледі. Соңғы уақытта үкіметтік емес ұйымдар Қазақстан үшін әлеуметтік стандарттар мәселесін зерттеу саласында көптеген жетістіктерге жетті. Осы тәсілдердің маңыздылығы орындалған жобалардың бастамашылары мен қатысушылары мониторингтік зерттеулер мен мамандарды оқытудың институционализациялау қажеттілігін көрсеткенімен сипатталады, алайда біздің пікіріміз бойынша, қол жеткізілген тиімділік әлі дамыған елдердегі адами дамуының мониторингі жағдайымен салыстыруға әлі жетпейді.

Қазақстандық қоғамның жүйелі пән аралық зерттеулерін ұйымдастыру және жүргізу үшін арнайы мемлекеттік мекемелер жүйесін құру қажеттілігі бар. Әлеуметтік зерттеулер мониторингі жүйесі болмағандықтан, Қазақстанда қолданбалы да, функционалды ғылыми бағыттарын дамыту қажет, олар әлеуметтік-саяси өлшемдерді жүргізумен, сонымен қатар модельдерді құрумен, зерттеулер жағдайларының әдістемелік шарттарын жетілдірумен және елдік индикаторлар жүйесін құру үшін әдіснамалық негіздерді құрумен байланысты, олар өткінші үрдістер динамикасын толық көрсетеді, және сол уақытта әлемде қалыптасқан өлшемдер мен тәсілдер жүйелерімен бір қатарда тұрады.

Мемлекеттің мониторингті ұйымдастырудағы бірінші кезекті қажеттілігіне қарамастан, әлеуметтік-саяси үрдістің талдауына деген қызығушылық білдіретін басқа да нысандар бар: халықаралық ұйымдар, саяси күштер (партиялар, жеке саяси субъектілер), бизнес-қауымдастықтың өкілдері, зерттеу жүргізумен айналысатын коммерциялық емес ұйымдар, сонымен қатар жеке ұйымдар мен мүдделі тұлғалар. Біздің ойымызша, мемлекет қазақстандық қоғамның зерттеулерінің негізгі тапсырыс берушісі болу керек, ал оны мемлекеттік ғылыми-зерттеушілік мекемелерге және осындай жобаларды жүзеге асыруға ғылыми әлеуеті жеткілікті коммерциялық емес ұйымдарға да тапсыруға болады. Әлеуметтік индикаторлар, «уақыттық рухын білдіретін және қоғамдағы, сонымен қатар қоғам туралы ұғымдардың өзгерістерінің күегері болатын кейбір феномендер» ретінде оларды саяси талдау аспаптары ретінде пайдалануға мүмкіндік беретін белгілі жалпы ғылыми қағидаттарға сәйкес келу керек. Осындай қағидаттардың арасында ерекше атап өту керек: толықтық және барынша азайту, шындық, салыстырмалық, сенімділік, байланыстық,

кеңістік-уақыттық проекциялық, түрлі деңгейлік (қарапайым, күрделі, композиттік немесе біріктірілген).

Әлеуметтік индикаторлардың қарапайымдылығы туралы ұғым жеткілікті түрде шартты болып есептеледі. Осылай, еңбек нарығының қарапайым индикаторлары санына Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕҰ) 20 басты көрсеткіштерді қосады, олардың арасында: жұмыс күшінің (әлеуетті) индексі, жұмыспен қамтылуы және қамтылу мәртебесі, қамтылуды экономика және қызметтер секторлары бойынша тарату, жартылай қамтылу, жұмыс уақыты, формалдық экономикада қамтылуы, толығымен алғанда жұмыссыздық, жастар арасындағы жұмыссыздық, ұзақ уақыт жұмыссыздық, жұмыссыздарды білім деңгейі бойынша бөлу, мәжбүрлі жартылай қамтылу, бейактивтілік деңгейі, білім және сауаттылық деңгейі, өңдеу өнеркәсібі саласындағы жалақы, кәсіби топтардағы жалақы, өтеу шығындарының сағаттық ставкалары, өндірушілік және еңбек шығындары, еңбек нарығындағы жылдамдық, кедейлік және табыстарды бөлісу.

Сарапшылардың жоғары бағасына ие ГФР индикаторлар жүйесі (Интернетте жарияланған, 1977 жылдан бастап тұрақты модификациялармен жұмыс жасайды) 13 домендер арқылы ұсынылды: жұртшылық, әлеуметтік экономикалық мәртебе және өзін-өзі сәйкестендіру, еңбек нарығы мен еңбек өмірі, табыстар, тұтыну (тауарлар мен қызметтер), көлік, тұрғын үй, азаматтық қоғамды қатыптастыру, қоршаған орта, қоғамдық қауіпсіздік және қылмыстық жағдай, БАҚ қолдану, және бос уақытта мындаған көрсеткіштерде көрсетілген.

Швецияда – әлеуметтік мемлекеттің жоғары танылған әлеуеті бар елде 40 жыл бойы экономика және жұртшылық саласында дәстүрлі статистикалық өлшемдер, сонымен қатар тұрақты әлеуметтік зерттеулердің үш жүйесі жұмыс жасайды.

- жұмыс күші (сұхбаткерлер саны 17 мыңға дейін жетеді, үлкен іріктеу жобасында туған елу, азаматтығы, жасы, отбасы жағдайы, білімі, үзіліссіз білімі, еңбек мәртебесі, жұмыспен қамтылу мәртебесі; жұмыс уақыты, мамандығы, өнеркәсіп саласы, әлеуметтік экономикалық классификациядағы ұстанымы, табысы, денсаулығы бойынша мәртебесі, меншікті иелену бойынша мәртебесі, және басқа өлшемдер);

- үй қожалықтарының табыстары (деректер трансферттер мен салықтарға жауапты әкімшілік органдары арқылы жинастырылады; телефон арқылы сауалнамалар жүргізіледі; отбасы мәртебесінің, табыстың, жұмыспен қамтылу және тұрғын үй мәселелерінің лонгитюдтік зерттеулері кең таратылған. Өзінің жиынтығында қорытындылар өмір жағдайларын өлшеу тенденцияларын зерттеу кезінде біріктеме талдау көрсеткіштерін құруға мүмкіндік береді);

- өмір жағдайлары (базада 70 домендер бойынша 700 көрсеткіштер жиналған және сұхбаттар қорытындыларын, тұрақты статистика, үлкен және тандаулы зерттеулерді қамтиды).

Күрделі әлеуметтік индикаторлардың санына қалыпты түрде тік емес өлшемдер жатады, олар белгілі есептеулерді қажет етеді және талдаумен байланысты, объективті сипаттамалардың, сонымен қатар субъективті бағалардың, сондай-ақ оларды салыстырумен байланысты. Күрделі индикаторлардың мысалдары белгілі контекстінде әлеуметтік жақсылықты зерттеумен байланысты:

I-өмір сапасына бағыттылған денсаулық индикаторлары;

II - экономикалық жақсылық индикаторы (өткен ғасырдың соңында қолданды, объективті-субъективті сипаттамалардың жиынтығын білдіреді және тұтынудың орта деңгейі, өнімнің жиналған қорлары, жеке табыстарды бөлудегі теңсіздік, болашақ табыстарға деген сенімсіздіктің жоқтығы сияқты деректерді ұсыну күрделілігімен ерекшеленеді);

III - шынайы үдеріс индикаторы (АҚШ 1995 жылдан бастап қолданылады және экономикалық өмірді өлшеудің 20 аспектілерін қосады, арасында табиғи және әлеуметтік сала да қосылған, олардың арасында ІЖӨ есептеу кезінде біріктірілетін, немесе ерікті түрде бағаланатында қосылады. Бағалау сандық форматта жүргізіледі, долларға сәйкес. Ескерілетін көрсеткіштер арасында, үй қожалығын жүргізуге уақыт шығынын есептеуді бағалау, балалар күтімі, волонтерлік жұмыс, тұрмыстық техниканы, автожолдарды, және көшелерді қолдау үшін қызметтер, қылмыстардан, әуе апаттарынан, қоршаған орта ластануы, әлеуметтік шығындар, мысалы, ажырасу және т.б. кіреді);

IV - американдық демографиялық жақсылық индексі (келесі компоненттер үшін есептелген 11 индикаторлардың мысалында сызықты функциялар түрінде өмір жағдайларының экономикалық құрылымын көрсетеді: тұтынушылық орнатулар, мүмкін болған табыстар мен қамтылу деңгейі, әлеуметтік және табиғи ортаның жағдайы; бос уақытты бағалау, өндірушілік және технологиялар);

V - Вееenhoвннің бағыт межелігі – аралас субъективтік-объективтік индикатор (1996 жылы ұсынылды және жылдарда көрсетілген күтілетін өмір ұзақтылығын таңдау арқылы сұралған бақыт индексіне көбейтуді білдіреді, ол он сатылы «бақыт баспалдағы» арқылы өзіндік бағалауды білдіреді) және т.б.

Біріктірілген (композиттік) индикаторлар, әдеттегідей, бағаларды түрлі домендерден жинастырады. Әлеуметтік үдерістің аралас субъективтік-объективтік индикаторы (1984 жылы әзірленді) және 46

элеуметтік индикаторлардан тұрады, олар келесі топтарға бірігеді: білім беру, денсаулық, әйелдер мәртебесі, қорғаныс, экономика, демография, аумақтың географиялық орналасуы, саяси қатысуы, мәдени ерекшелік, жақсылықты қолдау бойынша үкімет жетістіктері. Барлық индикаторлар сенімді, көбі тұрақты статистика көрсеткіштерімен берілген, ал жартысы –элеуметтік зерттеулерден алынады. Біріктірілген индикатор екі сатылы факторлық талдауды қолдану негізінде пайда болады, және авторларлық пікірі бойынша, элеуметтік жақсылық жағдайы мен тенденцияларын ІЖӨ анық көрсетеді. Елдер аралық зерттеулер үшін 1995 жылы Динердің басты (объективті ауыспалылардың зерттеуінде негізделген және А.Маслоудың басты қажеттіліктер туралы идеяларын көрсетеді) және жетілдірілген (онда өзіндік тәртіп құндылықтарына, элеуметтік әділеттік, өмірге, жетістікке рақаттануға, қоршаған ортаны қорғауға деген қатынасты ескеретін субъективті ауыспалылар қолданылады) индикаторлары ұсынылды. Динердің жетілдірілген индикаторы дамыған елдерді салыстыру үшін қолданылады. Кумминстің өмір сапасының әмбебап межелігі 1995 жылы әзірленді және жеті домендерге бағытталған, олардың арасында: материалдық жақсылық, денсаулық, өндірушілік, жеке өмір; қауіпсіздік; қоғамның жақсылығы; эмоционалдық жақсылық. Кейбір элеуметтік индикаторлардың ұсынуынан белгілі болғандай, элеуметтік өлшемдердің әлемдік тәжірибесінде дамыған ұғым және қауымның түрлі тараптарын зерттеу үшін және элеуметтік-саяси үрдістерді басқару саласында тиімді шешімдерді әзірлеу және қабылдау үшін сынақтан өткен ғылыми аспаптар бар. Қазақстанда қоғамды ғылыми негізделген зерттеу механизмдерін тәжірибелік қолдану бойынша, элеуметтік-саяси дамудың меншік моделін әзірлеу бойынша жүйелі және көп жоспарлы әрекетін жүзеге асыру керек.

Индикативтік өлшемдердің тиімді жүйесін әзірлеу үшін маңызды жағдайлар болуы мүмкін: элеуметтік статистиканың жағдайы; қауым өмірінің түрлі тараптарында жүйелі өлшемдерді жүргізу үшін ғылыми-әдістемелік аспаптардың болуы; ғылымның білікті субъектілерінің болуы (негізгі әрекеттері өмір тіршілігінің мониторингі) және болып жатқан үрдістердің нысанын білуде негізделген құзырлы мемлекеттік басқарудың қажеттілігі.

1 Сейсенова Н.Б., Сейсенова А.Б. *Саяси ғылымдағы «салық саясаты» категориясының аспектілері.* – Алматы: Абай атындағы КазҰПУ.Хабаршы. №1(37). 2012. - с. 15-24.

2 Есетова Г.К. *Некоторые особенности социальной политики в Республике Казахстан.* – Алматы: Абай атындағы КазҰПУ.Хабаршы. №1(37). 2012. - с. 94-9.

УДК 32001 (585)

ПРОБЛЕМА ИНТЕГРАЦИИ И ДИСИНТЕГРАЦИИ В МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЯХ: ЭВОЛЮЦИЯ И СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ ПРОБЛЕМЫ

Л.Х.Матакбаева – *д.полит.н., профессор кафедры политологии и социально-философских дисциплин КазНПУ имени Абая*

В статье раскрываются теоретические и методологические проблемы интеграционного процесса. Анализируются объективные причины роста взаимозависимости мира, усилившие многостороннее сотрудничество и интеграцию. Показано, что интеграция представляет собой процесс движения и развития определенной системы, в котором число и интенсивность взаимодействий её элементов усиливается, уменьшая относительную самостоятельность. Одновременно проявляются новые формы взаимодействия, которых не было в прежней истории этой системы.

Ключевые слова: интеграция, дезинтеграция, дифференциация, евразийство, взаимодействие, реинтеграция, консенсус, институционализация, субрегионализм, детерминанта

Мақалада интеграциялық үдерістің теориялық және методологиялық мәселелері қарастырылады. Көпжақты ынтымақтастық пен интеграция үрдістерінің күшейуіне ықпал ететін әлемнің өзара тәуелділігінің артуының объективті себептері талданады. Сонымен қатар, интеграция нақты жүйенің қозғалысы мен даму үдерісі екені, оның элементтерінің саны мен олардың өзара әрекеттің күшейуі, дербестігінің төмендеуі айқындалады. Мақалада осы жүйенің тарихында бұрын кездеспеген өзара әрекет етудің жаңа формаларының пайда болуына да көңіл бөлінеді.

Түйін сөздер: интеграция, дезинтеграция, саралау, еуразиялық, өзара әрекет ету, реинтеграциялану, институттану, субрегионалдық, детерминанттық

The article describes the theoretical and methodological problems of the integration process. Analyzes are objective reasons for the growing interdependence of the world, that caused strength multilateral cooperation and integration. It is shown that integration is a process of movement and development of a particular system in which the number and intensity of interactions of its elements is amplified by reducing relative independence. Simultaneously embrace new forms of interaction, which was not in the past history of the system.

Keywords: integration, disintegration, differentiation, Eurasianism, interaction, reintegration, consensus,

institutionalization, subregionalism, determinant

Как известно из истории, первая империя Саргона Древнего в Северной Месопотамии, как античная форма интеграции, возникла более 4 тысячелетий назад, в 2371 г. до н.э. С того времени процесс формационной эволюции и интеграции пронизывает всю ткань человеческой истории. Однако по земному шару, по регионам и странам этот процесс развивается неравномерно (в смысле географического распределения эпицентров различных общественных формаций и отдельных фаз каждой из них). В результате те или иные регионы мира по-разному втягиваются в общемировой процесс исторического развития. Первоначально эпицентры формационной эволюции человечества и его интеграции располагались на Востоке, затем они сместились в ареал Древней Греции и Рима и перемещались далее по Европе. Только с развитием капитализма возникают такие производительные силы и средства, которые позволили ему выступить в качестве первой универсальной формы общественного развития.

Если посмотреть в историю, то нетрудно заметить, что необходимость создания более широкой политической организации, чем город-государство, диктовалась потребностями хозяйственного развития античного мира: ростом товарного производства и экономических связей между отдельными районами. Конкретно-историческим выражением этого процесса явилось возникновение эллинистических государств в Восточном Средиземноморье, завоевание Римом Италии, образование Сиракузской державы.

В "Немецкой идеологии" К.Маркс и Ф.Энгельс отмечали, что крупная промышленность сделала конкуренцию универсальной, создавая средства сообщения и современный мировой рынок. "Она впервые создала всемирную историю, поскольку поставила удовлетворение потребностей каждой цивилизованной страны и каждого индивида в ней в зависимости от всего мира и поскольку уничтожила прежнюю, естественно сложившуюся обособленность отдельных стран" [1]. В масштабах мира разные страны и народы (или даже части народов) постоянно сосуществовали друг с другом, "внутренне" живя в неодинаковых исторических, временных измерениях.

Весь ход общечеловеческой истории свидетельствует о том, что процессы интеграции и дезинтеграции сопровождались значительным прогрессом в экономике, науке, культуре. Это и понятно, так как диалектическая суть прогресса, умирание формации заключается, прежде всего, в зарождении материальных, политических и духовных предпосылок будущего общества в недрах старого, что влечет за собой прогрессивные сдвиги в сфере экономики, науки и культуры. Например, кризис и упадок феодализма как формации является вместе с тем эпохой Возрождения, роста новых производительных сил в городе и даже деревне. И наоборот, фаза становления новой формации обычно сопровождается существенным понижением в "слабом звене" и без того не самого высокого уровня экономики и культуры. Так происходит потому, что процесс утверждения нового общественного строя неизбежно связан с определенным нарушением производительных сил и нигилизмом по отношению к культурному наследию, олицетворяемому в сознании новых общественных сил со старыми господствующими классами. Этот цивилизованный регресс, разрушение значительной части материальных и духовных ценностей, созданных во время предшествующего развития, сдерживают в течение переходной фазы рост экономики, науки, политической культуры. В дальнейшем, однако, по мере утверждения новой формации происходит "возрождение" старых ценностей, но теперь уже на иной, принципиально обновленной и расширенной основе. Неравномерность социального, экономического и политического развития порождала у одних народов сознание превосходства (реального или воображаемого) своей системы над прочими и вызывала стремление навязать другим свой образ жизни, а еще чаще – утвердить свое господство. Крупнейшие в истории империи, например, Персидская держава Ахеменидов, монархия Александра Македонского, Циньская и Ханьская империи в Китае, империя Моголов в Индии, средиземноморская держава Рима, Османская, австро-венгерская, британская империи и другие, создавались в результате ограбления более слабых, менее развитых народов – как в форме "мирной" торговли (неэквивалентного обмена), так и при помощи прямого, открытого насилия.

Изучая историю, мы изучаем историю возникновения, развития и упадка империй. Иными словами, это процесс дифференциации, интеграции и дезинтеграции, но дезинтеграция не означает остановку или "смерть", наоборот все повторяется по новому кругу, опять дифференциация, интеграция и дезинтеграция, каждый раз все происходит на более высоком уровне, по спирали, а каждая отдельно взятая "спираль" закручивается в одну большую "спираль", называемую всемирной историей. Что толкало людей на разрушительные войны, какая идея двигала их на соединения совершенно разных народов под одной крышей? Ответить на этот вопрос можно однозначно. Людьюми двигал экономический интерес, жажда наживы, причем за счет других. И неудивительно, что побеждал в этом более сильный. Всемирная история – это смена эпох, возвышение и упадок наций и государств, создаваемых этими народами. Неуклонно

растущее взаимодействие между народами, развитие обмена продуктами, промышленного и сельскохозяйственного производства постоянно сопровождалось военными столкновениями. С 1496 г. до н.э. по 1861г. люди воевали 3130 лет и только 227 лет жили в мире. С экономической точки зрения, империя – это специфический инструмент перераспределения избыточного продукта между народами в пользу более сильного государства, что позволило ему развиваться ускоренными темпами. Вспомним, каких высот достигли в свое время Древний Египет, Греция, Рим, ведь известно, что античная цивилизация возводилась за счёт жестокой эксплуатации других народов. А разве в основе сегодняшнего благосостояния крупнейших европейских государств не лежит использованный в свое время принцип "разделяй и властвуй"?

Однако войны, унося каждый раз все больше жизней, причиняя все больший экономический ущерб, наградив людей оружием разрушительной силы, не решили всех проблем. Наоборот, они привели в тупик сохранение прежней модели. Кроме того, отношение метрополия-колония показали неэффективность колониального труда.

Процессы развития представляют собой смену различных форм дифференциации и интеграции. Развитие человечества происходило, с одной стороны, в направлении все большей дифференциации форм материальной и духовной культуры, с другой – в направлении усложнения форм взаимосвязей между ними и установлении все более сложных интегративных образований.

Интеграционные процессы, захватывая фактически весь современный мир в целом, имеют ряд общих (для разных общественных систем, стран, регионов) черт и закономерностей. По сути, любой объект действительности можно рассматривать, с одной стороны, как определенную форму её дифференциации, а с другой – как выражение некоторой целостности, единства, интеграции составляющих его элементов.

Известно, что государство появилось также как особый тип социальной интеграции. По мере развития государства, с увеличением его экономической мощи возрастала интенсивность взаимодействия между различными государствами. Попытки объединить различные народы на основе завоеваний, которые осуществлялись на протяжении всей истории, в целом не могли быть успешными. И хотя создаваемые таким путем огромные государства могли существовать довольно длительное время, хозяйственная и культурная разобщенность различных народов, рост их национального самосознания рано или поздно приводили к распаду этих искусственных образований. В этом отношении чрезвычайно показательны судьбы Римской, Византийской, Оттоманской, Австро-Венгерской, Британской, Российской, а затем Советской империй. Именно развитие экономических связей создало прочный базис для взаимодействия между народами во всех других сферах. Особенно быстро эти процессы стали протекать в условиях капиталистического правительства, основы которого начали формироваться с XVI в. В результате промышленной революции XVIII-XIX вв. в Англии, Нидерландах, Франции сформировались национальные товарные рынки и вместе с тем начался интенсивный процесс развития мирового хозяйства. Развитие капитализма привело к созданию во II-ой половине XIX в. международной системы разделения труда и установлению в пределах единого мирового хозяйства теснейшей взаимосвязи между странами. Наступил новый этап всемирной истории.

Интеграция представляет собой процесс движения и развития определенной системы, в котором число и интенсивность взаимодействий её элементов растет – усиливается их взаимная связь и уменьшается их относительная самостоятельность друг по отношению к другу. При этом могут проявляться новые формы взаимодействия, т.е. формы, которых не было в прежней истории этой системы. В основе взаимодействия лежит существенная необходимая связь, которую называют законом.

Под дезинтеграцией соответственно происходит противоположный интеграции процесс, а именно: уменьшение числа и интенсивности взаимодействий элементов – процесс разложения, распада, разрушения отделения, изоляции, т.е. какие-то законы прекращают своё существование. Но не всегда дезинтеграция – это разрушение. Интеграционный процесс предполагает процесс дезинтеграционный. Например, ряд двух и многосторонних договоров и соглашений между государствами и созданные на основе таковых учреждения, имеющие сами по себе интегрирующий характер, оказываются тормозом для более широких, носящих всемирный характер интеграционных процессов. Скорость, направление и форма интеграционного процесса зависят не только от силы причин, действующих в направлении интеграции, но и от силы противодействующих дезинтегрирующих причин.

Таким образом, если интеграция – это ведущая сила, то она всегда связана с различными дезинтеграционными процессами, являющимися либо её предпосылкой, либо следствием, либо сопутствующими ей. Например, процессы разложения отживших свой век форм правительства, форм собственности, форм властвования существовали целые исторические эпохи, что вело, с одной стороны, к интеграции тех сил, которые стремились к сохранению устаревшего, а с другой стороны – к интеграции сил, стремящихся к

созданию новых форм правительства, отношений.

Лукреций (98-55 гг. до н.э.) в поэме "О природе вещей", пропагандируя материалистическое учение Эпикура, пытался дать естественнонаучное объяснение происхождению человека и общества, развивавшегося, по его мнению, без вмешательства богов. После образования Земли, как считал Лукреций, из скорости и теплоты возникли растения, затем животные, многие из которых были несовершенны и вымерли, и, наконец, человек. Вначале люди были дики, как звери, но постепенно благодаря опыту и наблюдению они научились добывать огонь, строить жилища, возделывать землю. Люди стали объединяться в семьи, а семьи стали объединяться для взаимной поддержки в общества. Это дало возможность развития языков, наук, искусств, ремесел, идей права и справедливости. Но появились цари, наиболее сильные стали захватывать и делить землю; возникли собственность и жажда богатства, ведущие к войнам и преступлениям.

Как явствует из исторических источников, со второй половины 1 тысячелетия до н.э. племена и народы Центральной Азии в условиях кочевого быта формировали крупные племенные объединения, превращавшиеся иногда в огромные "державы" кочевников, гунны, например, объединялись в союз из 24 племен, подразделявшиеся на две части: восточную и западную. Стабильность таких союзов обеспечивалась наличием родовых и племенных связей. В 1 в. до н.э. усуньский племенной союз представлял собой крупную политическую силу. Его правитель женился на китайской царевне и объявил ее младшей женой, тогда как старшей продолжала оставаться дочь гуннского предводителя. Однако и такие методы и средства были недолговечными. Вместо родоплеменных связей более приоритетными становятся экономические и политические интересы [2]. Империи, лишённые общей экономической основы и представляющие собой насильственные объединения различных по уровню своего развития стран и областей, не могли быть прочными и устойчивыми. Так пала в конце VII века до н.э. держава, включавшая в своем составе большую часть Передней Азии и Египет. Она пала под ударами Вавилонии и Мидии [3]. При столкновении с возникшим в VI веке более сильным в военном отношении Персидским государством не смогла устоять и Вавилонская держава.

8 Черняк Э.В. Местное самоуправление и государственное управление // Гражданское общество государственная власть и местное самоуправление: Мат. межрегион. науч.-практ. конф. - Казань, 2001. - С.297-298.

ӘӘЖ 323 (574)

САЛЫҚ САЯСАТЫ: ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ ДАМУЫ

Н.Б. Сейсен – саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының с.ғ.к., доцент

Салық саясаты қазіргі мемлекеттің неғұрлым өткір проблемаларының бірі. Тиімді салық жүгі оның алғашқы проблемасы. Салық жеңілдігінен кім ұтады?

Салық саясаты – мемлекеттің салық саласындағы шаралар жүйесін білдіреді, ол қаржы саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Салықтың ықпал ету мүмкіндігі ішкі және сыртқы факторлармен алдын-ала айқындалған. Сыртқы факторлар – бұл нақты саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдай, ел дамуының тарихи ерекшеліктері болып саналады. Салықтың экономика жағдайы, ұлттық байлықтың ауқымы, басқару үлгісі мен тұрақтылық, қоғамның жалпы мәдени деңгейі, адамгершілік құндылықтар жағдайы әсер етеді. Ішкі факторлар салықтың және салықтық реттеудің өз табиғатында жинақталған.

Салық саясаты – бұл мемлекеттің азаматтарға қатысты және бюджет саясатымен өзара іс-қимылда болатын, бүгінгі әлеуметтік процестердің табиғатын ескеретін салық механизмі арқылы азаматтардың ішкі мүдделерін ескере отырып, жүзеге асыратын ниеттері мен іс шараларының жүйесі болып табылады.

Салық саясаты сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін де ескеруі қажет. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған салық реформасының үлкен маңызы бар.

Мемлекет бюджетіне қажетті қаржы ресурстарын түсіру, тұтастай алғанда, ел шаруашылығын реттеу үшін қажетті жағдай жасау, нарық қатынастарының барысында пайда болатын халық табысы теңсіздігінің зардабын жеңілдету – салық саясатының міндеті болып табылады.

Кілт сөздер: Ұлттық экономика, салық саясаты, әлеуметтік саясат, мемлекеттің салық, мемлекет бюджет, жеңілдет, сыртқы фактор, ішкі фактор

Налоговая политика одна из актуальных проблем современного государства. Особое место в государственной налоговой политике занимает вопросы налогообложения перевозки грузов. В связи с этим возникает вопрос: «Кому выгодны льготы в сфере налогообложения?»

Налоговая политика – это система мер, осуществляемое государством в сфере налогообложения. Она является составной частью финансовой политики государства. Возможности влияния налогов определяются внутренними и внешними факторами. Внешние факторы – это конкретные, социально-экономические условия, которые являются историческими особенностями развития страны. Экономическая составляющая налогообложения, объем национального богатства, модель управления и стабильность общества, уровень общей культуры общества влияют на нравственные ценности. Внутренние факторы заключены в самой природе налогов и налогового регулирования.

Налоговая политика – это система намерений и действий государства, касающиеся граждан и взаимодействующая с бюджетной политикой, учитывающие через механизмы налогообложения, основанные на современных социальных процессах, личные интересы граждан.

В то же время налоговая политика должна учитывать социально-экономические потребности страны. Поэтому на сегодняшний день важность налоговой реформы проводимой Республикой Казахстан возрастает многократно.

В целом задачи налоговой политики – это обеспечение поступления финансовых ресурсов в государственный бюджет, создание необходимых условий регулирования народного хозяйства, облегчение последствий неравенства прибыли различных групп населения в результате развития рыночных отношений.

Ключевые слова: Национальная экономика, налоговая политика, социальная политика, гос.бюджет, гос. налоги, внешний фактор, внутренний фактор

Tax policy is one of the pressing problems of the modern state. A special place in the state tax policy is the taxation of cargo transportation. This raises the question: "Who benefits in taxation?"

Tax policy is a system of measures implemented by the state in the sphere of taxation. It is an integral part of the financial policy of the state. Influence of taxes are determined by internal and external factors. External factors are specific, socio-ekonomicheskoye conditions, which are historical peculiarities of the country development. The economic component of taxation, the volume of national wealth management model and the stability of society, the level of General culture of a society influence on moral values. Internal factors are enclosed in the nature of taxes and tax regulations.

Tax policy is a system of intention and effect of state, involving citizens and interacting with fiscal policy, taking into account through taxation mechanisms based on modern social processes personal interests of citizens.

At the same time, the tax policy should take into account socio-economic needs of the country. Therefore, today is the importance of tax reform undertaken by the Republic of Kazakhstan is growing.

In General objectives of the fiscal policy are to provide the flow of financial resources into the state budget, creation of necessary condition for the regulation of the national economy, facilitating the consequence of inequality profit various population groups in the development of market relationship.

Keywords: National economy, tax policy, social policy, state. taxes, external factor, internal factor

Қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының салық саясаты бұрынғыдай стихиялық түрде емес, жүйелі түрде іске асуда. Алғашқыда салық саясатының кейбір жекелеген шаралары жүргізілген экономикалық және әлеуметтік саясатпен қайшы келген жағдайлар кездескен болатын. Біздіңше, әртүрлі мемлекеттік реттеу құралдарын зерттеп, бізге қажеттерін тиімді пайдалану арқылы өндірісті дамытуды ынталандыру және экономиканың әртүрлі салаларына ықпал ету – Қазақстанның салық саясатының мақсаты болып саналады. Бұл үшін өндірістік кәсіпорындарға олардың негізгі және айналым капиталдарына амортизациялық аударымдардың жеңілдетілген ставкасы үлгісінде, қосымша құн салығын азайту немесе жою түрінде кепілдіктер беру қажет. Салық саясаты сондай-ақ, елдің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерін де ескеруі қажет. Сондықтан, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында жүргізіліп отырған салық реформасының үлкен маңызы бар. Ол өндірістің құлдырау, бюджет тапшылығы, кәсіпорындардың төлем дағдарысы жағдайында жүргізіліп отыр. Мемлекет пен шаруашылық субъектілерінің мүдделері, олардың қаржылық өзара қатынасы арасында мәмілеге келу мақсатымен салық кодексі мына мәселелерді шешуі қажет:

1. Барлық субъектілер үшін салықтандырудың тең жағдайын жасау;
2. Жекелеген салық төлемгерлерінің категориясына берілген салық жеңілдіктерін бір мезгілде жоя отырып, салық жүгін төмендету;
3. Салық заңдылығының көптеген ережелері мен нормаларын бір заңшеңберіне біріктіру.

Салық төлемгерлері салықтың мемлекеттік бюджет кірісін қалыптастырудың негізгі көзі екенін ұмытпауы керек. Салық саясаты әртүрлі деңгейдегі бюджетке салық түсімінің бюджет жоспарлаған мөлшерден кем түспеуін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл мемлекеттің азаматтар алдындағы, оның ішінде әлеуметтік қорғау мақсатындағы міндеттемелерін орындауға байланысты туындайды. Ол үшін бюджетте жеткілікті мөлшерде қаржы болуы керек. Кейбір салық түрлері бойынша төлемгерлерінің категориясын жекелеген салық одан толық немесе ішінара босатуға бюджет тапшылығына байланысты жол беруге болмайды. Сондай-ақ экономиканың әртүрлі секторын ынталандыруға жүгінудің қажеті жоқ. Мұндай жағдайда салық жеңілдігіне сүйеніп қана қоймай мемлекеттік реттеудің басқа құралдарын, оның ішінде инвестициялық және несие саясатының тетіктерін пайдалану керек. Қолайлы салық ахуалы жағдайында салық төлеуден жалтарып, түскен табыстың нақты көлемін жасыратын кәсіпорындар да кездеседі. Қазақстан Республикасында ұзақ уақыт бойы салық жинау деңгейі төмен болды. Осының салдарынан салық жүгі, барлық ауыртпалық, әдетте, міндеттеріне адал салық төлемгерлерінің мойнына түседі де, мұндай кәсіпорындардың дамуы тежеледі.

Бір жағынан мемлекет бюджеттің тиісті табысын қамтамасыз етіп, екінші жағынан шаруашылық субъектілерінің өз қызметін дамытуға мүмкіндік беруді қамтамасыз ететін салық жүйесін құру салық саясатының негізгі мақсаты болып табылады. Осылайша жоғары дамыған нарық қатынастары жағдайында мемлекет салық саясатын өндіріс құрылымын өзгерту, аумақтың экономикалық даму, халықтың табыс

деңгейін қамтамасыз ету, әлеуметтік жіктелудің жаңа түрін қалыптастыру мақсатындағы ұлттық табысты қайта бөлу үшін пайдаланады. Мемлекет бюджетіне қажетті қаржы ресурстарын түсіру, тұтастай алғанда, ел шаруашылығын реттеу үшін қажетті жағдай жасау, нарық қатынастарының барысында пайда болатын халық табысы теңсіздігінің зардабын жеңілдету – салық саясатының міндеті болып табылады. Салық саясатының міндеттер жиынтығын үш негізгі топқа бөледі:

1. Фискалдық – бұл мемлекеттің өз функциясын орындауға қажетті қаржының барлық деңгейдегі бюджетке шоғырлануын қамтамасыз ету;

2. Экономикалық немесе реттеуші - бұл мемлекеттің экономикалық даму деңгейін көтеруге, елдегі іскерлік және кәсіпкерлік белсенділікті, халықаралық экономикалық байланыстарды жандандыруға, әлеуметтік проблемаларды шешуге ықпал етуге бағытталады;

3. Бақылаушы – бұл экономика субъектілерінің қызметіне бақылау орнатуды көздейді.

Экономика субъектілерінің қаржы-шаруашылық қызметінің белсенділігін арттыру үшін қолайлы жағдай жасау және жеке, қоғамдық мүдделерді үйлестіре отырып, экономикалық өсімді ынталандыру – мемлекеттік салық саясатының бүгін таңдағы басты міндеттерінің бірі болып саналады. Салық саясатының түрлері:

Бірінші түрі – салықтандырудың жоғары деңгейі, яғни, салық ауыртпалығын барынша ұлғайтуды сипаттайтын саясат. Мұндай кезде салықтандыру деңгейін өсіру бюджет түсімінің өсуімен үйлеспейтін жағдай туындауы мүмкін.

Екінші түрі – салық ауыртпалығын төмендету, мемлекет өзінің фискальдық мүддесін барынша ескеріп қоймайды, сондай-ақ салық төлемгерінің мүддесін де ескереді. Мұндай саясат мемлекет экономикасының, әсіресе оның нақты секторының дамуына ықпал жасайды, себебі ол қолайлы салық және инвестициялық ахуалды қамтамасыз етеді.

Үшінші түрі – корпорациялар мен жеке тұлғаларды жеткілікті деңгейде салықтандыру, ол ел азаматтары үшін жоғары деңгейдегі әлеуметтік қорғаумен, көптеген мемлекеттік әлеуметтік кепілдіктермен және бағдарламалармен өтеледі.

Салық саясаты салықтандырудың ұйымдық-құқықтық үлгісі мен әдістерінің жиынтығын құрайтын салық механизмі арқылы жүзеге асырылады. Мемлекет өзінің салық мехенизміне салық заңдылығы арқылы заңды үлгісін беріп, оны реттеп отырады. Мемлекеттің салық саясатының жоғары тиімділігін қолдау үшін нақты елдің, яғни Қазақстанның ерекшелігін ескере отырып, тікелей және жанама салықтар арасындағы белгілі бір үйлесімділікті қамтамасыз ету қажет болады. Салық механизмі үкіметтің мүддесін білдіретін салық тұжырымдамасы арқылы айқындалады. Егер жалпы салық тұжырымдамасы салықтың жалпы ұлттық табыстағы үлесін арттыруға бағытталса, үкімет салық ставкасын өсіріп, салықтандыру базасын кеңейтеді, салықтың жаңа қосымша түрлерін енгізеді. Салық механизмін өмірлік практика тұрғысынан қарастырсақ, ол кеңістік пен уақыт өлшемімен алғанда әртүрлі сипатта болады. Мысалы, билік пен басқарудың әртүрлі деңгейінде салық қимылы бірыңғай түрде көрініс бермейді, сондай-ақ ол уақытқа қатысты алсақ та едәуір өзгешілікпен көрінеді. Салық механизмі іс жүзіндегі салық іс-қимылының жинағы ретінде салық заңдылығының ережелерін практикада толық жүзеге асыратын шарттар мен ережелердің жиынтығы болып табылады.

Салық саясаты қуатты ресурстық фактор, яғни ол мемлекет қолындағы экономикаға тікелей ықпал жасайтын құрал, сонымен бірге ол мемлекеттің шаруашылық субъектілерімен (жеке, заңды тұлғалар, территориялар т.б.) кері байланысының механизмі болып табылады. Экономиканың даму жағдайына, мемлекеттік биліктің тұрақтылығына байланысты салық саясаты оның экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, керісінше ол үшін жоғары тәуекелшіл жағдай немесе қауіп-қатер туғызатын құрал ретінде көрінеді. Мемлекеттің дағдарыс жағдайынан шығуына ықпал жасайтын салық саясатының негізгі бағыттары мыналар:

1) салық заңдылықтары мен салық есептерін стандартизациялау жөніндегі кезек күттірмейтін шараларды қабылдау;

2) кіші кәсіпорындарға, қызмет көрсету және сауда салаларына салықтандырудың жеңілдік режимдерін енгізу;

3) инвестициялық мақсатта ұзақ мерзімді өсуде пайдаланатын несиелік мекемелер мен кәсіпорындарға пайыздық ставкаларды реттеу бойынша артықшылықтар беру жөнінде несие-банк жүйесімен өзара тиімді іс-қимылды жүзеге асыру;

4) қолдау деңгейіне, шығындардың өнімнің өзіндік құнына жатқызылуының дұрыстығына немесе салық төлемгерлерінің қызметіне тигізетін ықпалына бақылау орнату;

5) жанама салықтарды біртіндеп шектеу.

Салық саясатының бұл бағыттарын жүзеге асыру мемлекеттің қаржы ағымындағы реттеуші және

бақылаушылық ролінің артуын яғни, оның экономикалық қауіпсіздігін, инвестицияны реттеуді қамтамасыз етеді, мысалы, инвестиция мақсатына бағытталатын пайданың бір бөлігі салықтан және жеңілдетілген амортизациялық аударымдардан босатылады. Салық саясатының экономикалық және әлеуметтік дамуға белсенді ықпал ету мүмкіндіктері терең ғылыми зерттеуді талап етеді. Саясатты айқындайтын ғылыми көзқарас және барлық факторларды білу мен зерттеу оның салыстырмалы дербестігінің объективті экономикалық қатынастардың тәуелсіздігіне айналып кетпеуінің кепілі болып табылады. Шаруашылық жүргізу тәжірибелерінің дәлелдегеніндей, салық саясатының экономикадан қол үзуі елеулі экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға әкеп соқтырады, экономикаға сiңiстi болған мүмкіндіктерді жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Салық саясатын жүргізген кезде нарық экономикасында салықтарды біртектес пайдалануды қамтамасыз ететін тұжырымдамалық ережелерге негіз арту маңызды. Бұл тұжырымдама салық саясатының ұзақ мерзімдік бағдарын көздейді, себебі салықтандыру мәселелерінің жиі өзгеріске ұшырауы салық төлемгерлерінің экономикалық мүдделеріне теріс ықпал етеді. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы өзгерістер салық реформасын алдын-ала жүргізуді айқындайды. Сондықтан мемлекет салық саясатында елдің экономикасы мен әлеуметтік саласындағы өзгерістерді үнемі есепке алып отырады.

Тұрақты салық жүйесін құру кез-келген салық реформасының негізгі принципі болып табылады. Бірақ салық реформасының әрбір кезеңінде оның бағыты қол жеткенді ескере отырып, нақты шешілетін міндеттерге сәйкес өзгеріске ұшырап отырады. Қазіргі салық реформасының негізгі бағыттарына мыналар жатады:

- салықтандыру жүйесінің қаржылық жыл ішіндегі біртұтастығын, қарама-қайшылығын, өзгермеуін болдырмауды қамтамасыз ету;

- өнім өндірушілердің салық ауыртпалығын жеңілдету, салықтандыру базасын айқын белгілей отырып, бірмезгілде салық жинау деңгейін көтеретін тетіктерді енгізу жолымен екі қайтара салықтандыруға жол бермеу;

-экологиялық салықтар мен айыппұлдардың т.б. ролін арттыру.

Ал салық саясатының мазмұны негізінен төмендегідей анықтамаларды көздейді:

-салық саласының тұжырымдамасын жасау;

-салық реформасының негізгі бағыттарын белгілеу;

-салықтың фискальды және реттеуші қызметінің маңызын пайдалану жөніндегі практикалық іс-қимылды жүзеге асыру.

Мемлекеттің салық саясатында салық қатынастарын пайдалануы салық механизмін құрайтын әртүрлі құралдар мен әдістерді кеңінен қолдану көрініс табады. Салық тетігі салықтандыруды басқарудың ұйымдық-құқықтық нормалары мен әдістерінің жиынтығын құрайды. Сонымен салық экономикалық процестерді мемлекеттік басқарудың орталықтандырылған бір тетігі болып, салық жүйесі басым бағыттағы әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағытталады. Ғылыми еңбектерде “салық механизміне” сан түрлі қырынан түсінік беріледі. Әдетте ол нақты кеңістік пен уақытқа салық өндірісін жүзеге асыру ұғымымен байланыстырылады. Салықтық іс-қимылдың субъектілендіру мүмкіндігін нақтылайтын болғандықтан, бұл көзқарас жеткілікті түрде терең емес. Біздіңше, салық “механизмі” ең алдымен, методологиялық, онан кейін ғана методикалық сипаттағы түсінік болып табылады. Демек, салық механизмін жалпы теориялық және практикалық ұстанымдар тұрғысынан қарастырған тиімді.

Біріншіден, салық механизмі оны ұйымдық-экономикалық категория немесе қайта бөлу қатынастарын басқарудың объективті-қажеттілігі тұрғысынан түсіндіретін салық теориясының саласы болып табылады. Құрылған ұлттық байлықтың бір бөлігінің қоғам игілігіне өту процесіндегі қатынастар саласын үш шағын жүйемен шектеуге болады, олар-салықтың жоспарлау, салықтың реттеу және салықтық бақылау шағын жүйелерін құрайды. Бұл шағын жүйелердің ерекшеліктерінің теориялық анықтамасы экономикалық теорияның іргелі ережелеріне бағынады, себебі олар ұдайы өндірістік қатынастар қосындысының бірлігі болып табылады.

Екіншіден, практика көрсеткеніндей, салықтық жоспарлау, реттеу және бақылау саласын айқындайтын тұжырымдамасына өзінің түзетулерін енгізеді. Сондықтан салық механизмін тар мағынасында нақты салық қызметінің жиынтығы ретінде қарастыру қажет.

Салық теориясының принципті талаптарын бұзбас үшін әрбір практикалық іс-қимыл кезінде заңдылықты сақтап отыру өте маңызды. Салықтандырудың объективті және субъективті басталу процесі толық тұтастығын сақтауы қажет. Салық механизмі салықтандыруды басқарудың салықтық-құқықтық негізіне сүйене отырып, салық қатынастарын тәртіпке келтіруге мүмкіндік береді. Қайсыбір салық түрін қалыптастыру кезінде қолданылатын салық режимі салық заңдарының ережелеріне ғана емес, қосымша заң

актілері мен нұсқаулықтарға да байланысты болады. Салық техникасы салық механизмінің функционалды мазмұнын айқындап, қоғамдық өмірдің барлық тынысына тікелей ықпал жасайды. Оңтайлы салық механизмі түсінігі арқылы қонымды әрі тиімді салық түрін тандаумен бірге оларды бюджетке дұрыс есептеп түсірудің нормалары мен ережелерін қамтамасыз етуді білдіреді. Бұл жерде салық жеңілдіктерінің және санкциялар құрамының маңызы ерекше. Олар салықтық реттеудің негізі, сондай-ақ салықтық бақылаудың құрамдас бөлігі болып табылады. Салық механизмі субъективтік көзқарастан еркін болып, ведомствалық мүдделерге бағынышты болмауы қажет. Салық механизмі “салық” категориясының ішкі әлеуметін жүзеге асырудың экономикалық-құқықтық әдісі ретінде қалыптасып, мемлекеттік-корпоративтік және жеке экономикалық мүдделердің арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге ықпал жасайды. Салық механизмінің элементтер қимылын екі шағын жүйелер-фискальдық және реттеуші арқылы шектеуге болады. Осы екі шағын жүйелер арасындағы үйлесімділік сақталған жағдайда ғана оңтайлы салық механизмі қалыптасады. Кез-келген елдегі саяси, әлеуметтік және экономикалық жағдайдың бір-біріне ұқсамайтындығынан бұл міндетті орындау қиындық тудырады, осыған қарамастан салық практикасын қалыптастыру және салықтандыру стратегиясын таңдау кезінде салық механизміне қойылатын бұл басты талапты ең болмағанда объективті жағдай мүмкіндік беретіндей деңгейде сақтау керек болады.

Салық механизмінің элементтері шартты түрде шектелген, іс жүзінде олар бір-бірімен ұштасып жатады, ал салықтық реттеу мен бақылау салықтың реттеуші функциясының көрінісін білдіретін болғандықтан бірыңғай тұтас күйінде жиі көрінеді. Сонымен бірге салық механизмінің элементтері салық іс-қимылының салыстырмалы сипатымен алғанда дербес компоненттері болып, олардың әрқайсысы өзінің ұйымдастыру, бағалау және қорыту ережелеріне бағынады. Салық механизмінің әрбір шағын жүйелерінің шеңберінде өзіне ғана тән әдістерді немесе салық іс-қимылының техникасын қолданады. Салықтық жоспарлау, реттеу және бақылау әдістерінің әртүрлі болуы бұл салаларды өзіндік дербес тұрғыда зерттеп, оларға тән заңдылықтарды айқындауға тура келеді. Осының негізінде салық механизмін жүйе ретінде жетілдіру бағыты анықталады. Салық механизмінің осы үш белгісінің мәні салық ғылымы және практикасымен ғана емес, сондай-ақ күрделі зерттеулер арқылы алдын ала айқындалады.

Салық механизмін тиімді пайдалану мемлекеттің салықтың ішкі мәнін, заңдарды, олардың қозғалысын, қарама-қайшылығын қаншалықты ескерілуіне байланысты болады. Мемлекет салық саясатын өзгеруде, салық механизмін икемді бейімдей отырып, белгілі бір шегінде экономикалық дамуды ынталандыруға немесе оны тұрақтандыруға мән береді. Салық шаралары базистік қатынастарға ықпал етудің неғұрлым әмбебап құралы болғандықтан салықтық реттеу елдің шаруашылық өмірін, өндіріс құрылымын, капиталдың қорлануын, жеке тұтынуды қамтиды. Кәсіпорындар мен кәсіпкерлердің ішкі және сыртқы қызметі үшін жалпы салық ахуалын қалыптастыру, қаржы ресурстары қозғалысының салалық және аймақтық басым бағыттарын ынталандыру үшін салық жағдайын қамтамасыз ету, осы реттеудің мақсаты болып табылады. Теориялық тұрғыдан алсақ, салықтық реттеудің ауқымы кең болуы мүмкін, алайда өндіріс барысы салық механизмі мәжбүрлейтін бағытпен әрдайым дами бермейді.

Салық қатынастарын реттеу үшін мемлекет салық құқығын айқындайды. Салықтық құқық - бұл сол мемлекеттегі салық түрлерін белгілейтін заңдылық нормалардың, салық қатынастарының туындауына, функциясына, өзгеруіне және тоқтатылуына байланысты, олардан салық алу тәртібінің жиынтығы болып табылады. Салық үлгілерін зерттеу біздің назарымызды мемлекет пен құқық теорияларына аударады. Салық қоғамның жиынтық табысының бір бөлігін мемлекет қазынасына мәжбүрлеп алудың нақты үлгісі ретінде нақты экономикалық кеңістіктің және мемлекеттік құрылым мен басқарудың нақты жүйесінің барлық жетістіктері мен кемшіліктерінің көрінісін білдіреді. Салықтық құқықтық-қатынастардың жағдайына қарап, мемлекеттің ілгерілеуі немесе кері кетушілігіне баға беріледі. Салық құқығы өзінің туындауы мен өмір сүруінен бастап ең алдымен салық төлеуге міндетті адамдар және арасындағы мүлктік қатынастарды реттеу міндетін шешуі қажет. Сондықтан салық құқығы әлеуметтік әділеттілік принципі жүзеге асырушы үлгі, құқықтық мемлекеттің өмір сүруінің белгісі ретінде барлық топтардың мүдделері мен меншік құқықтарына жоғары әлеуметтік әділеттілік өлшемі негізінде мемлекеттің қол сұғуына жол бермеуді мақсат тұтуы қажет. Егер салықты осы көзқарас тұрғысынан алғанда, салық төлемгерлерінен мемлекет пайдасына қаржыны көзсіз алатын қару ретінде түсінетін болсақ, салық құқығын басқа міндеттермен бірге салық төлемгерлеріне мемлекеттің тарапынан салыққа қатысты орынсыз кінәрат қоюынан қорғайтын қару ретінде қарастыруымыз керек. Салық құқығын ол бойынша салық алу жүзеге асырылатын мемлекет белгілеген ережелердің жәй ғана жиынтығы ретінде қарастырмауымыз керек. Мұндай жағдайда ол өз мақсаты жөнінен салықтан еш айырмасы болмаған болар еді. Ол мемлекет қолындағы “соқыр” құрал ретінде қызмет атқарған болар еді. Салық құқығын мемлекеттің жоғары өкілдік органы-парламентте халық өкілдерінің өзінің сайлаушылары атынан еркін, саналы түрде білдіретін еркінің ғасыр-

лар бойы қалыптасқан принциптерін іске асыру нәтижесі деп қарастыруымыз керек. Көпшіліктің мүдделеріне қол жеткізілгенде жеке мүдделердің құқы аяқасты етілмеуі керек. Салық қатынастары құқықтық қатынастар үлгісіндегі тиісті заңдылықтар немесе басқа нормативтік актілердің болған жағдайында ғана іске асырылады. Салық төлеушінің мемлекет бюджетіне белгілі бір қаржы мөлшерін енгізу жөніндегі біржақты міндеттемесі салық құқығының негізгі мазмұны болып табылады. Салық құқығы салық субъектісінің әрбір салығы бойынша белгіленетін салық туралы элементтердің немесе салық үлгісінің, салықтандыру объектісінің, салық ставкасының, оны есептеу мен алудың, төлеу мерзімінің, салық жеңілдігінің, төлемгерлер жауапкершілігінің, салықты есептеу және алуға байланысты өндіріп алу органдарының әрекеттеріне шағым білдірудің арнайы нормаларын қамтиды.

Егеменді Қазақстанның бүгінгі дамуы нарық қатынастарының макро және микроэкономикалық деңгейімен сипатталады. Бұл қатынастар ұйымдастыру, құқықтық методологиялық және практикалық тұрғыдан алғанда қиындықтарға кезігуде. Осы қиындықтарға қарамастан олар материалдық өндіріспен қатар өндірістік емес салаларға, экономиканың әртүрлі саларына, әртүрлі үлгідегі кәсіпорындар қызметіне біртіндеп енуде. Салықтандыру біздің еліміздегі нарық экономикасының күрделі жүйесінің басты буыны болып саналады.

Қазір Қазақстандағы көптеген кәсіпорындардың диверсификациялану, яғни әртараптандыру сипаты басым, оларды бір мезгілде өңдеуші өнеркәсіпке, саудаға, қызмет көрсету саласына немесе ауылшаруашылығына жатқызуға болады. Бұл субъектінің қызмет, төлем түріне, салықтандыру объектісіне қарай әртүрлі ұйымдар үшін салық төлеудің ерекшеліктерін білу қажеттігін көздейді. Салықтандыру бойынша тиісті салалық нормативтік құжаттардың болмауы бұл мәселенің актуалдығын айқындай түседі. Себебі әрбір саланың қызметіне сәйкес өзіндік ерекшеліктері бар.

Салық жүйесіне жүктелетін негізгі талаптар мыналар:

- салық құрамы дәл анықталуы қажет. Ол үшін салық заңдылығында елде алынуы мүмкін барлық салықтардың тізімі көрсетілуі қажет;

- салық төлемгерлері үшін салықтандырудан жалтару тиімсіз болатындай жүйені қалыптастыру керек;

- салық жүйесінің қарапайымдылығы. Бұл салықтың дұрыс төленуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде айрықша маңызды;

- салық жүйесі салық төлемгерлерінің қаржыны өндіріске салу ықыласын тудыруға тиіс.

Қазақстандағы салық жүйесі мына қағидаларға негізделеді:

1. Әртүрлі деңгейдегі билік органдарының арасында салықты белгілеу және алу жөніндегі құқықтарды қатаң шектеу;

2. Бір дүркін салықтандыру, ол салықтандырудың бір объектісінің заңдылық белгілеген салықтандыру кезеңінде салықтың бір түрі бойынша бір дүркін салықтандырылуын көздейді.

3. Салықтандыру саласына жатпайтын заңдылық актілеріндегі салық мәселелері бойынша ережелерден жоғары тұратын салық заңдылықтарында белгіленген басым бағыттардың жоғары тұруы;

4. Республика заңдылықтарында салық төлемгерлері мен салық органдарының құқықтары мен міндеттерінің тізімін белгілеу;

5. Салық заңдылығында Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі кейінгі өзгертулері мен қосымшалары енгізілген “Салықтар және бюджетке басқа міндетті төлемдер туралы” Заң күші бар Жарлығы шешуші орын алады. Заңда барлық төлемгерлердің салық органдарында міндетті түрде есепке тұруы қарастырылған. Кәсіпорындар меншік үлгісіне қарамастан банкте есеп айырысу немесе басқа есеп түрі ашылмастан бұрын салық органдарында тіркелуге міндетті. Есепке тұру немесе қайта тұру кезінде салық төлемгерлеріне тіркеу нөмірі (РНН) беріледі. Ол Қазақстан Республикасы аумағының салық жүйесіндегі бірыңғай есеп нөмірі болып саналады. Бұл номер салық органдарына ұсынылатын есеп құжаттарында көрсетіледі. Әрбір салық төлеуші Заңға сәйкес салықты уақытында және толық көлемде төлеуге, бухгалтерлік есеп жүргізіп, есеп беруге, салық органдарына салықты есептеу мен төлеуге қажетті құжаттар мен мәліметтерді уақытылы беруге міндетті. Егер кәсіпорын салық заңдылығын бұзса, онда салық органдарының оған айыппұл салуға құқы бар. Салық төлемгерлерінің бюджет алдындағы міндеттемесін орындамауы және тиісті дәрежеде орындамауынан көрініс беретін құқық бұзушылық әрекеті немесе әрекетсіздігі салық заңдылығының бұзушылығы деп түсіндіріледі. Негізгі құқық бұзушылықтар мыналар:

- табысты (пайданы) немесе салықтандырудың басқа объектісін жасыру немесе азайтып көрсету;

- салықтандыру объектісінің есебінің болмауы;

- салықтандыру есебін, қаржы-шаруашылық қызметінің есебін белгіленген тәртіпті бұзу арқылы жүргізу;

- салықты уақытында немесе толық көлемде төлемеу;
- табыстың төлем көздерінен ұсталатын салықтың дұрыс ұсталмауы;
- салық органдарына салықты есептеу және төлеу жөніндегі құжаттарды ұсынбау немесе уақытында ұсынбау.

Мұндай құқық бұзушылық үшін салық органдарының кәсіпорындарға өсімпұл және басқа да айыппұл түріндегі санкциялар салуға құқы бар.

Өсімпұл – бұл қаржылық міндеттемелерді уақытында орындамағаны үшін қолданылатын қаржы санкциясы. Ол міндеттеменің әрбір өтіп кеткен күні үшін орындалмаған көлеміне пайыз өсімі ретінде белгіленеді. Салық жүйесінің тіке және жанама түріне бағдарлану проблемасы төңірегінде екі көзқарас қалыптасқан. Оның біріншісіне жоғары табысы бар заңды және жеке тұлғалардың табысы жоғары емес, қымбат тұратын меншігі (төлем қабілетінің принципі) жақтарға қарағанда жоғары салықты төлеуі қажет деген ереже негіз болады. Екінші көзқарас жоғары салықты қоғам ұсынатын қызметтен үлкен тиімділік табатындар төлеуі тиіс деген ұстанымға негізделген, қоғамның бюджет қаржысы есебінен ұсынатын қызметін халықтың нақ осы категориясы өтейтін болғандықтан, мұны әділеттілік принципі жүзеге асыру көрінісі ретінде қарастыру қажет. Салық саясатын қалыптастыру кезінде салық қатынастарының барлық жақтарының пікірін ескеру қажет. Бір жағынан, экономика субъектілерінен салықты барынша азайтуға, екінші жағынан, өз қызметін толық жүзеге асыру қажеттілігінен туған мемлекет мүддесінің мақсаттарын тиімді ұштастыра білу маңызды. Барынша оңтайлы ойластырылған салық саясаты үшін салық ауыртпалығының тиімді көлемін белгілеу оның маңызды шартының бірі. Ол үшін мемлекет пен салық төлемгерлері арасындағы мәмілеге қол жеткізу мақсатында салық қатынастарын табанды талдау жұмыстарын жүргізу қажеттігі туындайды. Демек, салық саясатының қоғамның саяси жүйесіндегі ролінің маңызы айрықша. Себебі салық жүйесі демократиялық саяси жүйедегі нарық экономикасының басты элементтерінің біріне саналады. Ол мемлекеттің шаруашылықты дамытуға, әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарын айқындауға ықпал жасайтын басты құралы. Сондықтан, Қазақстан Республикасының салық саясаты жаңа қоғамдық қатынастарға, сондай-ақ әлемдік тәжірибеге сәйкес құрылуы қажет. Қайта құруларды табанды жүргізу кезінде уақыттың тапшылығынан салық саясатын “теориядан практикаға” қарай тәсілімен құру мәжбүрлік шара болып табылады. Бірақ, елімізде күні ертең нарық қатынастарының түпкілікті орнайтынын естен шығармауымыз керек. Сол себептен қаржы және салықтандыру саласындағы ғылыми-зерттеу институттары мен мамандарының нарық экономикасы дамыған елдердің тәжірибесін қазақстандық даму жағдайларымен ұштастыра отырып, салық саясатының негізгі стратегиялық аспектілерін қалыптастырылуы маңызды болып саналады. Салық саясатының әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпалының тиімділігін арттыруға бағытталған мақсатты салық жеңілдіктерінің көптеген түрлерін енгізу, салық саясатын нарық жүйелерінде мемлекеттік реттеудің қолайлы экономикалық жанама әдістерін тиімді пайдалана отырып, сонымен бірге салықтың мемлекеттік бюджет кірісінің уақытылы жоспарлы орындалуын толық қамтамасыз ететін болады.

1 Назарбаев Н.А. *Послание Президента народу Казахстана* // *Казахстанская правда*. 19.03.2004.

2 *Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговой кодексе): Учебно-практическое пособие.* – Алматы: Издательство Норма-К, 2002. – 312 с.

3 *Терюова Л.В. «Налоговая ответственность – самостоятельный вид юридической ответственности»* // *Финансы.* – 1998.

УДК 32:070

АДАМДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН БОСТАНДЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – ҚҰҚЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Ғ.Р.Әбсаттаров – Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультетінің деканының орынбасары, с.ғ.к.

Мақалада Қазақстан материалдары негізінде саяси ғылымдарда әлі де жеткілікті зерттелмеген құқық мәдениетінің көрсеткіші ретінде адамның құқықтары мен бостандықтары мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, пікірталас тудыратын мәселелерге де көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: құқық саясаты, құқық, бостандық, құқықтық мемлекет, құқық мәдениеті, конституция, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау

В статье на материалах Казахстана рассматриваются вопросы права и свободы человека как выражение правовой культуры, которые в политической науке еще недостаточно изучены. Вместе с тем уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: правовая политика, права, свобода, правовое государство, правовая культура, конституция, защита права и свободы человека

In article on materials of Kazakhstan matters of law and freedoms of the person as expression of a maturity of legal culture which in political science are still insufficiently studied are considered. At the same time the attention and to debatable questions is paid.

Keywords: legal policy, rights, freedom, constitutional state, legal culture, constitution, protection of the right and freedom of the person

Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау – құқық мәдениетінің көрінісі екені айқын мақсат етіп қойғандығы көрсетілген[1]. Қазақстан Республикасы Президентінің үндеуі қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, құқық мәдениетінің конституциялық негіздерін одан әрі зерттеу үшін оның өзегі бола алатын бағдарламалық құжат болып табылатындығы шүбәсіз.

Біздің еліміздің Конституциясының жоғарылығы жасыратыны жоқ, шешілмеген мәселелерді бүркемелеуі тиіс, себебі олар қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарының тиімділігіне жақсы әсер ете қоймайды. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев Халыққа жолдауында Конституциядағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының және құқық мәдениетінің одан әрі нығаюының қажеттігін атап көрсетті.

«Ең жақсысы қай конституция?» деп ежелгі гректің ұлы заң шығарушысы Солоннан сұраған кезде, ол: «Қандай халыққа және қай дәуір үшін, ең алдымен соны айтыңыз» – деп жауап беріпті. Ежелгі грек данышпанының бұл сөзінің Қазақстан Республикасы мен ТМД-ның басқа да елдерінің демократиялық және өркениетті қоғамдар әлеміне аяқ басқан қазіргідей кезеңінде де маңызы зор және көкейтесті.

Қазақстанның Конституциясы – бұл елдің негізгі саяси-құқықтық құжаты және жоғары юридикалық күші бар, сондай-ақ, біздің республикамыздың барлық аумағында тікелей ықпалға ие негізгі заң. Конституция – құндылықтар, институттар, конституциялық құрылыстың нормалары, сапалы қоғамдық байланыстар мен мемлекеттік билік қатынастарын мемлекеттік-құқықтық реттеудің негіздері ресми бекітін ең жоғарғы құқықтық форма.

Айта кету керек, Негізгі Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, құқық мәдениетінің саяси-құқықтық негізі ретінде алға шығады.

Сондықтан да, қазақстандықтардың құқықтарымен бостандықтарын қорғаудың құқық мәдениетінің негізі болып Конституция саналып, құқықтық гуманистік тұжырымдама, адам абыройы және қоғамның даму деңгейіне сәйкес келетін әділетті заң болып табылады. Осыған байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қорғау – бұл Негізгі заң – Конституцияның негізінде әрекет ететін құқықтың жоғарылығы. Негізгі заңның сапасы қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қорғаудың жай-күйі мен деңгейін алдын-ала анықтайды. Ол Конституцияның демократиялылығы мен оны жетілдіруге байланысты. Осы екі ең негізгі идея азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын құқықтық қорғаудың негізін анықтайды. Азамат пен адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары, құқық мәдениеті Қазақстан Республикасының Конституциясында маңызды орын алады. Әлемдегі ешбір Конституция азаматпен адамның құқықтары мен бостандықтарын және құқық мәдениеттерін біздің еліміздегідей соншалықты кең түрде және толық бекіте алмайды десек артық айтқандық болмайды. Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясындағы және басқа да халықаралық құқықтық фактылар мен хартиялардағы адам құқықтары толық көлемде жазылғандықтан да, Конституция аса маңызды. Бұдан біздің мемлекетіміздің халықаралық құқықтың көпшілік таныған нормаларына деген құрметін ғана емес, сондай-ақ, олардың міндетті түрде сақталуы мен жүзеге асуына деген жоғары жауапкершілігін де көруге болады. «Біздің Конституциямыздың», – деді Н.Ә. Назарбаев – әлемде демократиялық қоғамның негізгі міндеттеріне сәйкес келетіні танылып отыр. Егер атына сын айтылып жүрсе, оның ережелерінің орындалуына ғана қатысты болып жүр. Бүкіл әлемде демократия мен заңды сақтау ажырағысыз болып танылады»[2].

Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асу проблемасы – конституциялық құқықтың, сондай-ақ, жалпы алғандағы құқықтың да жүзеге асуының неғұрлым ортақ проблемасының бір бөлігі. Қазақстан қоғамында азаматтардың конституциялық құқықтары, бостандықтары мен міндеттері қалай жүзеге асырылса, олардың жалпы құқықтық мәдениетінің қалыптасуы да елеулі дәрежеде соған байланысты болады. Соған сәйкес конституциялық құқықтар мен міндеттердің тиімді жүзеге асуы – қазақстандық қоғамдағы заңдылық пен құқықтық тәртіптің, оның құқықтық мәдениет деңгейінің көрсеткіші.

Айта кеткен жөн, конституциялық құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асырылуы азаматтардың тек нақты субъективті құқықтарды орнықтыруына әкеп саймайды, сондай-ақ, осы құқықтың мазмұнын құрайтын игіліктерді шынайы алуды да білдіреді. Сондықтан да неғұрлым жалпы түрінде Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарының жүзеге асырылуы деп, құқық нормалары бағындырылған және әрбір азаматты оған тиісті субъективті құқықтардың негізінде жатқан материалдық және рухани игіліктермен қамтамасыз ететін, сонымен қатар, осы құқықтарға қол сұғудан қорғайтын, іске асырылуының мазмұны мен формасы бойынша демократиялық процесс түсініледі. Демек, Қазақстан азаматтарының конституциялық құқықтарының жүзеге асу механизмінің барысы олардың құқықтары мен міндеттерінде, нақты мінез-құлқында, шынайы қоғамдық қатынастарда бекітілген қазақстандықтардың әлеуметтік игіліктері мен мүмкіндіктерін негіздеуден көрінеді. Конституциялық құқықтар мен бостандықтың жүзеге асу кепілінің әрекеттілік жағдайының алғы шарты қызметін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың, қазақстандық қоғамның тіршілік әрекетінің барлық салаларындағы еңбек ұжымдарының ұйымдық қызметі, соның ішінде тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын іске асыруды қамтамасыз ететін олардың әрекеттілігі атқарады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақстандықтардың құқықтық мәртебесін құрайтын құқықтар мен міндеттердің көлемі мен сипатын анықтайды. Соған сәйкес, Қазақстан мемлекетінің азаматтардан конституциялық құқықтар мен міндеттерде бекітілген өлшемге сәйкес заңды мінез-құлықты талап етуге құқығы бар. Қазақстан қоғамындағы заңды мінез-құлық – бұл конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асырудың, азаматтардың міндеттерінің орындалуының негізгі тәсілдерінің бірі. Мемлекеттік құқықтық саясат мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы көпшіліктің заңды мінез-құлқын, яғни, Негізгі Заңның талаптарына қарай конституциялық құқықтардың, бостандықтар мен міндеттердің жүзеге асуын қамтамасыз етудің қажетті шарты болып саналады.

Конституциялық құқықтар мен міндеттердің іске асырылуы ба-рысында Қазақстанның құқықтық нормасы құқықтар мен міндеттердің орындалуы бойынша әрекеттің өзіне құқық нормалары жазылып қойылуына сәйкес іс-қимыл жасаудың қажеттілігін ұғыну немесе белгілі бір қылықтардан тартыну арқылы құқықтық нормалар диспозициясындағы жасалған сыртқы талаптардан жол табады. Заңды мінез-құлықтағы құқықтық ұйғарымдардың негізделуі, конституциялық құқықтар мен міндеттердің жүзеге асуы қазақстандықтардың санасының құқық нормасымен өзара әрекеті процесінде іске асырылады. Шынайы жүріс-тұрыстағы, заңды мінез-құлықтағы конституциялық құқықтар мен міндеттер жүзеге асуындағы құқықтық ұйғарымдарды негіздеу барысында айырықша маңыздылық мемлекеттің құқықтық саясаты мен азаматтардың құқықтық мәдениетіне тиісті – өйткені олар құқықтық саладағы мінез-құлықты реттейді, мінез-құлықты заңдылыққа бағыттайды, конституциялық құқықтар мен міндеттердің жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында азаматтардың мемлекет пен қоғамды басқару істеріне қатысу, жалпы мемлекеттік және жергілікті мәндегі шешімдер мен заңдарды талқылауға және қабылдауға қатысу құқығы берілген. Одан басқа, Қазақстан Республикасының Конституциясы, қазақстандық заңдар барлық азаматтарға мемлекеттік және қоғамдық істерді басқаруға қатысуға бірдей құқық береді.

Қазақстандық заңдарды жасау мен талқылаудағы, мемлекеттік өмірдің басқа да мәселелеріндегі халықтың белсенділігі қазақстандық демократияның дәстүріне, сипатты белгісіне айналды. Тек қана соңғы он жылдың өзінде қазақстандықтар азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен міндеттерін реттейтін, көптеген маңызды заң актілерін талқылауға белсене қатысты. Әлеуметтік-құқықтық белсенділіктің, азаматтардың құқықтық мәдениетінің қалыптасуының жарқын мысалы 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясын бүкілхалықтық талқылау мен қабылдау, сондай-ақ, 2012 жылғы Парламентке депутаттар және 2011 жылғы Президент сайлауы болды.

Заңды жасаудағы қазақстандықтардың құқықтық белсенділігі айтарлықтай деңгейде мемлекеттің құқықтық саясатының және халықтың құқықтық мәдениетінің[3] деңгейімен анықталатынын атап көрсету керек. Қазақстандықтардың құқықтық шығармашылыққа қатысуының сипаты, құқықтық ақиқатты тану мен бағалаудың ерекшеліктерін, заң саласындағы өзгерістердің, қоғамдық қатынастарды реттеудің қажеттілігін ұғынуы мемлекеттің құқықтық саясаты мен халықтың құқықтық мәдениетінің деңгейіне тәуелді болады. Соған орай, мемлекеттің құқықтық саясаты мен халықтың құқықтық мәдениеті азаматтардың Қазақстан мемлекетінің құқық қолдану және құқықты қорғау қызметіне белсене қатысуының қажетті шарты болып табылады. Сонымен бірге, ең алдымен, әрекет етіп тұрған Конституцияның мүмкіндігін барынша пайдалану қажет.

Осыған байланысты айта кеткен жөн, Қазақстан мемлекеті заңда объективті қалыптасқан қоғамдық қатынастарды білдіруге, онда бұйыру мен тыйым салудың әр түрін білдіретін “саяси немесе заңдық

зорлық-зомбылыққа” жол бермеуге шақырады.

Қазақстандықтардың құқықтық белсенділігі – бұл әлеуметтік белсенділіктің формасы, оған осы құбылыстың өзіне тән барлық белгілері тиісті. Әлеуметтік-белсенді тұлға ұғымында оның дүниеге шығармашылық, инициативалық әрекетшіл қатынасы, қоғамдық мүдделерді жүзеге асыруы, осы қызметтің тәжірибелік нәтижелерде жүзеге асуы бойынша әлеуметтік-пайдалы әрекеттерге деген ішкі бағыттылығы атап көрсетіледі.

Қазақстандықтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігінің дербестігі, конституциялық ұйғарымдардың жүзеге асуы бойынша іштей уәждальған қызмет болып саналатынын атап көрсеткен жөн. Осыған байланысты–оның жағымды сипаты, қоғамдық пайдалылықпен, шығармашылық өзгешелікпен, үдемелі қарқындылықпен сипатталатын оның сапалы жағы қазақстандықтардың құқықтық белсенділігінің маңызды қасиеті деп ойлаймын. Құқықтық тәртіпті нығайту, конституциялық құқықтар, бостандықтар мен міндеттерді жүзеге асырудың әлеуметтік-құқықтық механизмін жетілдіру, тұлғаның құқықтық мәртебесін өсіру қазақстандықтардың әлеуметтік-құқықтық белсенділігінің объективті алғышарттары болып саналатынын есте ұстау керек.

Қазақстан Республикасының Конституциясында Қазақстанның азаматтары әлеуметтік-экономикалық, саяси және жеке құқықтар мен бостандықтардың барлығын толық иеленетіндігі көрсетілген. Елдің әлеуметтік-экономикалық және мәдени даму деңгейіне сәйкес өмір сүріп тұрған конституциялық құқықтар мен бостандықтардың жүзеге асу кепілдігін күшейту және мазмұнын кеңейту, көлемін артыру мүмкін бола түсуде. Қазақстанда демократиялық қоғам, құқықтық мемлекет, құқықтық мәдениет құру және қоғамның материалдық-техникалық базасын нығайту Қазақстан Республикасының Конституциясында: баспамен қамтамасыз етілу құқығы; мәдениет жетістіктерін пайдалану; кәсіпкерлік қызмет құқығы; мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға олардың қызметін жақсарту жөнінде ұсыныс енгізу құқығы; лауазымды адамдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың әрекетіне шағымдану сияқты азаматтардың жаңарған, жаңа құқықтарын жариялауды мүмкін етіп берді. Еркін еңбекке, демалысқа, денсаулық сақтауға, білімге және т.б. деген құқықтың мазмұны мен кепілдігі айтарлықтай кеңейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың демократиялық заңдылықты нығайту міндетін жариялады. Әркім Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтауға, басқалардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен ар-намысын құрметтеуге міндетті»[4], – делінген Конституцияның 34-бабында. Қазақстандықтар осы Конституциялық міндеттерді әр түрлі формада орындайды.

Қазақстан қоғамындағы мемлекеттік саясат пен тұлғаның мәдениеті елдің қоғамдық-саяси және құқықтық өміріне азаматтардың нәтижелі қатысуын қамтамасыз етуге қабілетті екендігін айта кеткен жөн. Құқықтар мен міндеттерді мемлекеттің құқықтық саясатының басты элементі ретінде терең түсіну қазақстандық үшін өзінің демократиялық қоғамдағы әлеуметтік-құқықтық ұстанымдарын (позицияларын) жете түсінуге, ондағы болып жатқан процестерге қатынасын айқындауға, конституциялық құқықтардың жүзеге асуының неғұрлым тиімді формаларын анықтауға, заңдылықты, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің құқықтық негіздерін нығайтуға қатысуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты конституциялық заңдылықтың нығаюы, оның демократиялық қоғамдағы рөлінің өсуі мемлекеттік саясаттың дамуы мен құқыққа, заңға деген, құқық талаптарының әр адамның ішкі сеніміне айналуына деген құрметке негізделген қазақстандықтардың жоғары құқықтық мәдениетінің қалыптасуынан ажырағысыз екендігін айтқан жөн.

Қазақстан қоғамындағы конституциялық заңдылық азаматтардың жүріс-тұрысын, мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен лауазымды адамдардың қызметін реттеуші принцип ретінде де алға шығады.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қызметіндегі конституциялық мемлекеттің құқықтық саясатының және қоғамның тұрақтылық деңгейінің маңызды көрсеткіші болып табылады. Олар Қазақстан Республикасы Конституциясының міндетті түрде сақталуының өлшемі болуы тиіс, оны сақтауда, қорғауда, қамқорлық жасауда тиімді шаралар қабылдап, қазақстандықтарды еліміздің Негізгі Заңын қадірлеуге, оған сенуге және оны мақтан тұтуға тәрбиелеуі тиіс. Сонымен қатар, конституциялық тек қана мемлекет органдары мен ондағы лауазымды қызмет иелерінің қызметі процесінде ғана емес, сондай-ақ, олардың қалыптасуы процесінде де сақталуы тиіс.

Лауазымды қызмет иелері мен депутаттардың компетентсіздігі қазіргі уақытта конституциялықтың, құқықтық саясаттың, құқықтық мәдениет пен құқықтық мемлекеттің жауы екендігіне шүбәланатындар аз. Бізде тіпті “компетенттілік” ұғымы егер жалпы және арнайы әзірліктен шығатын болса профессионализммен теңдестіріледі. Ешбір электик немесе шаштараз арнайы әзірліксіз өздерінің міндеттерін орындауға кірісе алмайды, ал, Парламентке сайлану, елді басқару және сапалы заңдар қабылдау ондай әзірліксіз іске

асырылады. Оғаш пікір! (Парадокс!)

Сонымен бірге, кейбір саяси жетекшілердің Қазақстан республикасының егемендігі мен тәуелсіздігінің конституциялық проблемаларын жете түсінбеуі және жете бағаламауы да байқалады, ол мемлекеттік саясаттың дамуына, халықтың құқықтық мәдениеті мен құқықтық мемлекеттің қалыптасуына, сондай-ақ азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуына теріс әсерін тигізеді.

Компетентсіздіктің таралуының қуатты католизаторына айналған жауапкерсіздік конституциялықпен, құқықтық саясатпен, құқықтық мәдениетпен және құқықтық мемлекетпен сәйкес келмейді деп ойлаймын. Сонымен қатар, бізде ешбір билік және ешбір лауазымды қызмет иесі өзінің қызметі үшін және азаматтардың құқығы бұзылғаны үшін жауап бергілері келмейді, және жауап бермейді де. Осыған байланысты елде азаматтардың конституциялық құқықтары, жалпы Конституция ережелері ешқашан бұзылмаған деп ойлауға бола ма?

Құқық қолданушылық тәжірибенің жай-күйін талдаудың өзі қазақстандықтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына мемлекеттік биліктің әр түрлі деңгейлерінде жол берілгендігін, немқұрайлылық, асыра сілтеу және т.б. фактілердің болғандығын көрсетіп отыр. Тек қана соңғы үш жылдың ішінде жергілікті атқарушы және бақылаушы органдардың әрекетіне, ал, олардың басым бөлігі - өздерінің құқықтарын бұзып, қысым жасағаны үшін құқық қорғау органдарының іс-әрекетіне шағым айтып прокуратура органдарына жүздеген мың азаматтар өтініш жасаған.

Заңға бағынатын азаматтарды, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқық қорғау органдарының басымдық міндеті екендігін Президент Н.Ә.Назарбаев талай рет атап көрсетті. Құқықтық реформаларды одан әрі тереңдетудің міндеттері, барлық құқық қорғау және сот органдарының жұмысын жақсарту талқыланған құқық қорғау органдары жетекшілерінің әр түрлі бас қосуларында біздің еліміздің Президенті азаматтардың заңды құқығына қысым жасау, қызмет жағдайын теріс пайдалану, коррупциямен байланысты фактілердің әлі де болса кеңінен таралған құбылыс болып отырғандығын атап көрсетті.

Қазақстандықтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтары қатарының бұзылуы, заңдағы ақтандақтар, мемлекеттік органдар қызметінің профессионализмінің болмауы, тәуелсіз сот билігінің жоқтығы, азаматтық қоғамның әлсіздігі, саяси және құқықтық мәдениеттің төмендігі соңғы он жылдағы азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асуы саласындағы маңызды проблемалар екенін айту керек. Осы кезеңде тиісті жағдайлардың, ең алдымен, Конституцияда ресми мәлімделген құқықтық нормаларының іске асуына кепілдік беретін экономикалық, саяси, құқықтық жағдайлардың жоқтығы – елдегі адам құқығы проблемасы шешілмеуінің негізгі себептерінің біріне айналған еді.

Мысалы, 2004 ж. Қазақстанның құқыққорғаушылық институт – оббусмені құқық бұзушылыққа байланысты қазақстандықтардың 2171 шағымын қарады, соның ішіндегі 274 жағдайда адам құқығы бойынша өкілдердің араласуымен адамдардың құқығы қайта қалпына келтірілді.

Бүгінгі таңда маңызды азаматтық және саяси құқықтар мен бостандықтарды, соның ішінде сөз, бірлесу бостандығын, мемлекет басқаруға шынайы қатысуды қамтамасыз ету қажеттілігі әбден пісіп-жетілді. Сондықтан, жаңартушылық және демократиялық процестерді шапшандату, Қазақстанда саяси құқықтар мен бостандықтарды кеңейту, орта тапты қалыптастыру процесімен қатар жүру негізінде ғана мүмкін болады. Жарияланған конституциялық құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру үшін қалада да, сондай-ақ ауылда да меншік иелерінің кең қатары болуы керек, соның негізінде орта тап қалыптасады. Адамның конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету және қорғау жұмыстары қоғамның әрбір мүшесінің барынша еркіндік алуы бағытында, бірақ, еркіндік мемлекеттің нақты жағдайына барабар бағытта, тұрақты әлеуметтік-экономикалық жағдайларда жүруі тиіс.

Демек, конституциялықты, азаматтардың құқығы мен бостандықтарын қорғау, мемлекеттің құқықтық саясатын дамыту, құқықтық мәдениет пен құқықтық мемлекеттің қалыптасуы жолындағы кедергілерді қалай жеңу керек деген сұрақ туындайды? Бұл үшін менің көзқарасым бойынша, біріншіден, Заңның жоғарылығын қамтамасыз ету қажет, онсыз не конституциялықтың, не құқықтың, не бостандықтың, құқықтық мемлекет пен жоғары деңгейлі құқықтық мәдениеттің болуы мүмкін емес; екіншіден, құқықты Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестендіру керек, орындау, ол ақтандақтар мен қиғаштықтарды алып тастап, жетілдірілуімен ерекшеленуі тиіс; үшіншіден, Қазақстан Республикасының Конституциясында жарияланған адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының тізімі барабар мазмұнға толы болуы тиіс; төртіншіден, билікті бөлу принципі ұрандардан міндетті түрде шынайылыққа өтуі тиіс; бесіншіден, Қазақстан Республикасы Конституциясын бұзудың әрбір фактысына, соның ішінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қоса алғанда, әділ құқықтық баға берілуі тиіс; алтыншыдан, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын және жалпы Қазақстан Республика-

сының Конституциясын бұзғаны үшін, лауазымына қарамай, шынайы жауапкершіліктің нақты түрлерін белгілеу керек.

Айта кеткен жөн, алғаш рет біздің конституциялық тәжірибемізде Қазақстан халқының толық биліктілігі ықшам формада беріліп, халық билікті, еліміздің Негізгі Заңында көрсетілгеніндей, тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ, өзінің билігін жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдарға уәкіл жібереді.

Қазіргі Конституцияда біздің мемлекетіміз әлеуметтік деп жарияланған, онда мемлекет тұлғаның барлық әлеуметтік маңызды салалардағы қажеттіліктерінің жан-жақты қанағаттандырылуы үшін қажетті жағдайлар жасау міндеткерлігін өз мойнына алады. Сонымен бір мезгілде, бұл пункт, менің көзқарасым бойынша, жетілдіруді және тереңдетуді қажетсінеді, өйткені онда қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың негізгі идеяларының бірі ретінде алға шығатын, әлеуметтік-саяси және моральдық-құқықтық әділеттіліктің әлеуметтік мемлекеттің негізі болып табылатындығы жөнінде ашық та, айқын, нақты айтылуы тиіс.

Осыған байланысты құқықтық әділеттілік субъектінің іс-әрекеті мен оған осы іс-әрекет үшін басқа субъекті тарапынан берілген бағалау арасындағы, құқықтар мен бостандықтар арасындағы, құқық бұзушылық пен жауапкершіліктің және т.б. арасындағы шамаластық сәйкестігі талаптарын білдіретінін атап көрсеткен жөн. Сондықтан, іс-әрекет пен баға берудің арасындағы шамаластық деңгейі қайсыбір индивидтің, топтың және т.б. қазақстандық мүдделер позициясымен бағаланатын кезде бұл әділеттілік өзінің негізі бойынша субъективті түсінік болып көрінеді. Мұндай баға беру қазақстандық қоғамның дамуының аталмыш кезеңі үшін материалдық байланысқан сәйкестік деңгейінде, табиғи-тарихи ықтималға негізделген баға берумен сәйкес келетін болса, онда Қазақстандағы құқықтық әділеттілік объективті, тарихи қажетті сипатта болады. Құқықтық әділеттілік жөніндегі осы тәрізді түсініктердің алып жүрушілері әдеттегідей, прогрессивті күштер, олардың партиялары, Қазақстанның жекелеген индивидтері болып есептеледі. Олардың көзқарасы тұрғысынан, ең жалпы алғандағы жоспарда құқықтық саясат қазақстандық қоғамның материалдық өндіру және басқа да өндірудің өмір сүріп тұрған тәсіліне барабарды, іс-әрекет пен баға берудің арасындағы, құқықтар мен міндеттердің арасындағы, құқық бұзушылық пен жауапкершіліктің арасындағы, тарихи мүмкін мен қажетті әлеуметтік-құқықтық талаптанудың және олардың шынайы қанағаттандырылуының және т.б. арасындағы шамаластықтың деңгейін өзінде көрсете алатын болса және білдіретін болса, онда мұндай құқықтық саясат әділетті болады. Бұл мағынада Қазақстан мемлекетінің құқықтық саясаты тұтас алғанда әділетті болып таныла алады[5], себебі, ол қазіргі кезде тарихи дәлелденген және прогрессивті құбылыс болып табылатын, адамдардың құқықтығы мен әлеуметтік әріптестігіне бағытталған қоғамдық қатынастардың құрылымын білдіреді және реттейді. Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықтық саясатты жүзеге асыру байыпты, көп жоспарлы және ұзаққа созылатын жұмысты қажет етеді, қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың сәйкес саясатының жүйелі түрде жүргізілуі, заңды бір жүйеге келтіру, шоғырландыру және кодификациялау, сондай-ақ, құқықтық ақпарат іздеудің автоматтандырылған ыңғайлы жүйесін құру, халықтың заңдық тұрғыда жалпыға міндетті оқуының бірыңғай жалпы мемлекеттік жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ, ең алдымен Негізгі Заңның рөлін елеулі деңгейде көтерудегі қызметті де өзіне қосып алады. Осыған байланысты Павлодар облысында, Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде, халықты құқықтық тұрғыдан жалпыға міндетті оқитудың Бағдарламасы жасалынғандығын қуанышпен атап көрсету керек. Аталмыш бағдарлама ішкі істер Басқармасының ардагерлерінің, прокуратураның, соттар мен юстицияның мектептерінде құқықтық білім алуды, барлық департаменттерде, комитеттер мен басқармаларда халықтың консультация алуы үшін телефондар орнатуды, бұқаралық ақпарат құралдарына әрекет етіп тұрған Конституцияның, заңның ережелерін түсіндіретін арнайы бөлімдер енгізуді және тағы да басқа шараларды қамтиды. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл тәжірибені бүкіл республикаға тарату қажет. Бұл халықтың құқықтық мәдениетін, қазіргі нарық жағдайында біздің еліміздің азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды арттырады, Қазақстанда құқықтық тәртіп пен заңдылықты нығайтуға мүмкіндік береді, сондай-ақ, жалпы Негізгі Заңның рөлін көтереді.

Қазақстан Республикасы Конституциясының ережелеріне сәйкес біздің елімізде қоғамды одан әрі жаңарту бағыты жүйелі түрде іске асырылуда. Ол қоғамды түбірлі экономикалық, әлеуметтік және саяси жаңартуды, демократияландыруды, Заң мен Құқықтың салтанат құруын құқықтық қамтамасыз етуді талап етеді. Құқық қорғау органдарындағы ескі құқықтық жүйе, құрылым және өзара қатынас принциптері бізді әлі де болса кейінге тартады. Нақ сондықтан да құқықтық реформаның жүргізілуінде, құқық қорғау органдар жүйесі мен қазақстандықтардың құқықтық тәрбиесін қайта ұйымдастыруда, құқықтық мемлекет құруда, яғни, құқықтық мәдениет проблемасының шешіліп, оның жаңа сапалы жағдайға өтуінде

қатаң бірлізділік қажет. Бұл үшін құқықтық қызмет саласында реформа қажет және халық пен лауазымды қызмет иелерінің құқықтық ойлауы ауқымында, құқықтық мәтіндер саласын да қайта құру қажет, тұтас алғанда Қазақстан Республикасының Конституциясы ауқымында құқықтар мен бостандықтардың қорғалуының, құқықтық мәдениеттің субъектісінің өзін толығымен “қайта жасау” керек. Барлық қазақстандық құқықтық жүйені қайта жасау қажет және де барлық қайта құрулардың негізі етіп адамды, оның арнамысын, мүдделері мен қажеттіліктерін қоя отырып, белгісіз, дәстүрлі емес, қалыпты емес тәсілдерден қорықпай, бұны жаңаша жасаған дұрыс.

Нарықтық қатынастардың дамуы дербес және әділетті құқықтық жүйе қалыптаспай экономикалық және саяси реформалардың мүмкін еместігінің ақиқат екендігін барған сайын дәлелдей түсуде. Тек әділетті құқықтық жүйе ғана қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын қамтамасыз етуге қабілетті. «Егер құқықтардың қорғалуын қамтамасыз ету жоқ болса, – деді президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы судьяларының (қазыларының) IV съезінде, – онда бостандық пен демократия да жоқ»[6].

Осыған байланысты, қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саясатының тиімді болуы тиіс екендігін айтқан жөн. Бұл саясаттың тиімділігін анықтау үшін оның ықпал ету механизмдерін айқын түсіне білу керек. Құқық адамдардың санасына, сезіміне, эмоциясына тікелей ықпал етеді және санасының белгілі бір тұстарының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. Бұл саясаттың нәтижелері, мысалы, нақты іс-қимылдарда және тіршілік әрекеттің өндірістік және қоғамдық салаларындағы қазақстандықтардың әрекетінде байқалады. Қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау саясатының тиімділігі – бұл тұлғаға ықпал етудің тиімділігі және тұлғаның қоршаған ортаға ықпал етуінің тиімділігі. Сондықтан да қазақстандықтар Конституцияда көрсетілген құқықтарды анық қолдануы қажет. Өйткені, бұл заңдардың бұзылмай, айқын сақталуы үшін қажет. Сонымен қорытындылай келе, Негізгі заң – Қазақстан Республикасының Конституциясы қазақстандықтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, құқық мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың негізі болып табылады деген тұжырым жасауға болады, сондықтан да елде қатаң конституциялық бақылау жүргізуді мақсатқа сәйкес енгізу керек деп ойлаймын. Конституциялық бақылау қоғамдық тәжірибеге үлкен ықпал жасайтындығы шүбәсіз, сөйтіп, қоғамның тұрақты және шынайы дамуды қамтамасыз етудің, қазақстандықтардың құқықтарымен бостандықтарын қорғау және құқық мәдениетін дамыту механизмін жетілдірудің ұтымды тетігіне айналады.

1 Назарбаев Н.Б. Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. // Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.

2 Назарбаев Н.Б. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында // Егемен Қазақстан.-2005.-19 ақпан.

3 Politische, soziologische und rechtliche Probleme der Gesellschaftsentwicklung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2013.-S.213-224.

4 Қазақстан Республикасының Конституциясы.-Алматы, 1998.-15 б.

5 Sozialphilosophische, politische und rechtliche Aspekte der Modernisierung Kasachstans.-Berlin: Verlag Dr. Köster, 2012.-S.137.

6 Егемен Қазақстан.-2005.- 4 маусым.

УДК 323(574)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОҒАМЫНЫҢ МОДЕРНИЗАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЭТНИКАРАЛЫҚ ЖӘНЕ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚ

М.Ж. Кожамжарова – филос.ғ.к., Тарих және Құқық факультеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан,

А.С. Тыртықбаева – саясаттану ғылымының магистрі, оқытушы, Тарих және Құқық факультеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар, Қазақстан

Бұл мақалада ұлтаралық және дінаралық қатынастар және қазақстандық қоғамда болып жатқан жаңару үрдістері қарастырылған.

Кілт сөздер: этникааралық қатынас, ұлтаралық қатынастар, межэтнические отношения, конфессияаралық қатынастар, этносаясат, ұлттық саясат, діндераралық қатынастар

В данной статье через призму казахстанской модели межэтнической и межконфессиональной толерантности проанализированы модернизационные процессы происходящие в казахстанском обществе.

Ключевые слова: межэтнические отношения, межконфессиональные отношения, межнациональные отношения,

этнополитика, национальная политика, межрелигиозные отношения

In this article through the prism of the Kazakh model of interethnic and inter-confessional tolerance were analyzed modernization processes which are occurring in Kazakhstan society.

Key Words: Inter-ethnic relations, inter-religious relations, international relations, ethnic policy, national policy

Қазақстан халқы құрамы жағынан көпэтникалы болып келетін мемлекеттер қатарына жатады. Тәуелсіздікке қол жеткізу мен егеменді ел қалыптастыру мемлекетіміздің қоғамдық-саяси өмірінің ауқымды өзгерістеріне болысты. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында экономика, әлеумет, саясат аясындағы қиыншылықтарымен қатар этноконфессионалдық аясындағы: әсіресе этномәдени және азаматтық идентификация, мәдени және конфессионалдық толеранттылық сияқты сұрақтар ерекше өткір мәселелерге айналды.

«Қазақстан 2030» бағдарламалық құжатта Президентіміз Н.Ә.Назарбаев келесі мәселені ерекше белгілеген: «Бүгін «Біздер – қазақстандықтар кіміз?» деген сырттай қарағанда қарапайым сауалға кез келген адам бірден жауап бере алмайды. Өзін-өзі бірегейлендіру проблемасын шешу үшін уақыт пен белгілі бір тарихи даму кезеңі қажет болады»[1]. Тәуелсіздіктің жиырма жылы ішінде Қазақстан этникааралық және конфессияаралық қатынастарының өзіндік дербес үлгісін қалыптастырды. Еліміз адамаралық, әлеуметтік және діни қатынастардың қауіпті кеңістікке түсуінің алдын алуын қамтамасыз ететін этникааралық келісімнің ерекше мәдениетін қалыптастыра алды. Тәуелсіздікті, аумақтық біртұтастықты сақтап қалу, этникалық және діни мәселелердегі қарулы қақтығыстарды болдырмау, этникааралық және конфессияаралық бейбітшілікті сақтау, экономикалық және саяси тұрақтылыққа, мемлекеттің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына қол жеткізу Қазақстанның қолынан келді.

Еліміздің Конституциясында, құқықтық жағынан қарағанда, ұлтаралық қатынастар мәселелері нақты анықталған. Біздің мемлекетіміздің заңдарында этникалық тегіне байланысты адамның құқықтарына қысым жасау не шек қоюға рұқсат беретін ешқандай заң жоқ. Республикамызда қабылданған заңдарға сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез келген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды. Бұл Қазақстан Республикасының Конституциясының 14-ші бабының 2-ші пунктінде анық көрсетілген. Ал Ата заңымыздың 74 бабына сәйкес «адамның және азаматтың Конституциямен бекітілген құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтіреді деп танылған заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің күші жойылады және қолданылуға жатпайды»[2].

Діни ұстанымына, этникалық және әлеуметтік тегіне қарамастан, қазақ жерінде өмір сүретін барлық азаматтардың теңдігі туралы қағида Конституциялық тәртіптің негізін құрайды.

Мемлекет этностар дамуы мен ұлттың қалыптасуына бағытталған белгілі бір саясат жүргізеді. Ұлттық саясат мемлекет мүдделерінің қандайды. Саны аз ұлттарға қатысты жүргізілетін мемлекеттегі ішкі саясат – этникалық мүдделерді мерзімді бақылау, келісу және іске асыру, этникааралық қатынастар аясындағы келіспеушіліктерді шешуге арналған заңдар шығаруды қамтитын әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйе болып табылады[3].

Мемлекеттіліктің тиімді қызмет етуі үшін, этносаясат өз алдына саясатты адам қоғамында пайда болатын шиеленістерді шешу құралдары мен жолдарын табу мен айқындау стратегиясы ретінде анықтауға көмек көрсету мақсатын қояды[4]. Қазіргі таңда көптеген мемлекеттер конфессияаралық және этноаралық татулықтың өзіндік үлгісін іздестіруде. Бұл аядағы Қазақстанның тәжірибесі замандастарымыз үшін өте үлкен мәнге ие.

Еліміздің көпэтникалық құрамы ұлттық саясаттың Қазақстандық үлгісін қалыптастыру барысындағы негізгі сүйенетін факторы болып табылады. 2009 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан халқының 63,1% қазақтар, ал 23,7% орыстар, 13% астамы басқа ұлт өкілдері[5]. Өлемдік тәжірибеге сәйкес 5% өзге этникалық тұрғындары бар мемлекет көпэтникалық мемлекет деп саналады. Қазақстан Ұлттық бірлігі доктринасында көрініп отырған өзінің этносаясатының бірегей бағдарламасын даярлады. Бұл бағдарламаның негізіне Доктринадағы «бірлік пен әралуандылық жолында» деген қағидат салынған. Бұл бейбіт қатар өмір сүрудің ерекше формуласы деп те атауға болады.

Ұлтаралық татулықты сақтау, мүмкін және нақты этношиеленістердің алдын алу мен реттеу, этникалық алуандылық қағидаты шеңберіндегі этномәдени саясатты жүзеге асыру, азаматтық барабарлықты нығайтуға атсалысу, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру елімізде өткізіліп отырған этносаясаттың негізгі мақсаты болып табылады. Бұндай саясат қорының негізгі құрамдас элементіне қазақ мәдени өзегін нысаналы дамыту және сонымен қатар басқа этностар үшін қолайлы жағдай жасап, ұлтаралық татулас-

тықты қамтамасыз етіп, этникааралық шиеленістер мен жанжалдардың алдын алу мен бейбіт шешу. Көпэтникалы Қазақстан үшін этносаясат – мемлекеттік тұтастылық пен еліміздің унитарлық формасы сақталуының бастапқы факторы.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ өткізген этникааралық және конфессияаралық қатынастар мәселелерінің мониторингі, түрлі зерттеу орталықтары өткізетін конфликтологиялы мінездемеге ие әлеуметтанулық, әлеуметтік-психологиялық зерттеулер, тікелей бақылаулар нәтижелері бұл аяда мәселелердің болуына қарамастан, олар республикада өмір сүретін ірі этникалық топтар арасындағы жаһанды тойта-рылмас шиеленістердің пайда болуына себептер жоқ екенін көрсетеді.

Қазақстандықтардың едәуір бөлігі (сұхбаттанушылардың 93,8%) ұлттаралық татуластықты қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттің саясатын жағымды және дұрыс деп бағалайды [6]. Респонденттердің 78% елімізде ұлттық белгілер бойынша кемсітушілік саясатының жоқ екенін атайды. 84,5% тілдік белгі бойынша құқықтарына шек қойылмайды деп есептейді. Төл ұлтты емес респонденттердің 80% өздерін Қазақстанда жайлы және мемлекеттің толыққанды азаматтары ретінде сезінетінін айтқан.

Қазақстандықтардың этносаяси қауымдастығын қалыптастыруда мемлекеттің рөліне баға жетпес. Солардың біріне іс-әрекеті этникааралық және конфессияаралық татулықты нығайтуға бағытталған және көпэтникалық қоғамның қазақстандық үлгісінің қалыптасуы мен бекітілуіне болысатын Қазақстан халқы Ассамблеясын құру жатады. Қазақстан халқы Ассамблеясының конституциялық мәртебесі дебірегей болып табылады. Елбасы өз сөзінде «халқымыздың ең басты игілігі – халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпағы қалыптастырған, қазақстандықтар бұл байлықты орынсыз жоюға, жақсы салттар-дәстүрлеріне құқығы жоқ. Бұл байлық соңғы онжылдықта қалыптасқан жоқ және коммунистік директива-ларсыз қалыптасты. Сондықтан әр ұлттың дауысын үнемі есту қажет, форумды тұрақты түрде өткізіліп, жаңа қоғамдық институт қалыптастыру қажет [7]. Ассамблея өз өкілдерін Парламент Мәжілісіне сайлау арқылы еліміздегі барлық 140 этностың мүдделерін қамтамасыз етеді. Әлемнің басқа бір де бір елінде мұндай тәжірибе жоқ. Қазақстан халқы Ассамблеясы мәдениеттер диалогының бірегей еуразиялық үлгісіне айналды, сонымен қатар әлемдік тәжірибедегі жаңашыл болып табылатын этникааралық қатынастардың даму мәселелерін ең жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік беретін мәдениетаралық диалогтың жаңа кезеңіне бастама салып берді.

Егер этникааралық татулықтың тәжірибелік кеңістігіне өтетін болсақ, мемлекетте 22 республикалық және аймақтық ұлттық-мәдени орталықтың жұмыс істейтіні туралы айту керек. Бұл орталықтар 470 облыстық, қалалық және аудандық ұйымдарды біріктіреді. Елімізде жүзден аса ұлттық және 170 жексен-білік мектеп жұмыс істейді. Оларды қаражаттандыруға мемлекет әр жыл сайын 12 млн. теңге бөліп отырады. Қазақстанда 4 республикалық және 15 аймақтық ұлттық, газетшығарылып, қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, кәріс және өзбек ұлттық театр жұмыс істейді [8]. «Бір ел – бір тағдыр» қағидаты жүзеге асырылып отыр.

Зерттеушілердің көбі келесі тұжырыммен келіседі: бүгінгі таңда «қазақстандық мемлекеттілік пен азаматтық қоғамның қалыптасуы бұрынғысынан сапалы ерекшеленетін өзіндік дамуының жаңа кезеңінің басында тұр. Бұл кезең бір жағынан: тәуелсіздігіміздің алғашқы жиырма жылында Қазақстанда адамаралық, экономикалық және т.б. шиеленісулердің қауіпті кеңістікке өтуінің алдын алатын, этникааралық қарым-қатынастың ерекше мәдениеті сәтті қалыптастырылды. Бұның бәрі біз үшін этникааралық және конфессияаралық толеранттылықтың «қазақстандық үлгісі» туралы айтуға мүмкіндік береді; осы жағдайдың арқасында мемлекеттің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы, мықты этникааралық және конфессияаралық бейбітшілік, экономикалық және саяси тұрақтылық сияқты маңызды стратегиялы сұрақтар шешілген болатын; ал басқа жағынан қарасақ, бүгін қазақстандық қоғам мен сарапшылар қауымы этникааралық және конфессияаралық бейбітшілік пен татуластық қоғамның сәтті консолидациясына әкелетін жолдың тек бастамасы екендігін айтады. Бұл ел дамуының жаңа кезеңінің стратегиялық маңызын ұғыну ҚР Президенті мен Парламент мақұлдап бекіткен Қазақстанның ұлттық бірлігі доктринасының соңғы нұсқасында байқалады» [8].

Жоғарыда айтылғандардың бәрі басқарушылар мен сарапшылар қауымдастығын жетістіктерде тоқтап қалмай, заманның туғызған жаңа қауіп-қатерлерін, мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздестіруге бағыттайды.

Заманауи әлем үшін діни және этникалық тиістілікті қоғамдық өмірдің салмақты факторына айналдыру тән. Демек, конфессияаралық қатынастар ең басты міндеттердің біреуіне айналып отыр. Конфессиялар арасындағы қатынастардың мазмұны мен мәнін көпэтникалы және көпконфессияалды қоғамдардың тұрақтылығы анықтайды. Біздің қоғамымыз дәл сондай қоғамдар қатарына жатады. Сол себептен, еліміз үшін конфессияаралық татуластық өте маңызды, мемлекет алдында бар конфессияаралық келісімді нығайту мен сақтап қалу мақсаты тұр.

Қазір Қазақстан тұрақтылығына тікелей қауіп төніп тұрған жоқ. Бірақ, мұндай жағдайлар келешекте пайда болуы мүмкін екенін елемеге болмайды, сондықтан барлық қауіп-қатерлерге уақытында адекватты назар аудару керек. Қазақстанның сыртқы және ішкі саясатының маңызды факторларының біріне діндердің өзара бейбіт өмір сүруі мен экстремизмнің таралуын болдырмау және оған қарсы тұру жатады.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан мемлекеттік-конфессионалды қатынастардың өзіндік үлгісін қалыптастырып, ар-ождан мен діни сенімдердің еркіндігі аясындағы саясат қағидаттарын қалыптастырған болатын. Бұл қағидаттар: «мемлекеттің және оның институттарының зайырлы, конфессионалды бейтараптығы, діни ұйымдардың мемлекеттен бөлінуі, ар-ожданмен діни сенімдер еркіндігі қағидаттары, адам мен азаматтың дінге деген қатынасына, діни не зайырлы ұйымдарға қатынасына тәуелсіз, құқықтары мен еріктерінің теңдігі, діни ұйымдардың діни не діни емес әрекеттерін іске асырудағы құқықтық теңдігі (діни ұйымдардың құқық алдында теңдігі), халықтың түрлі қоғамдық топтарының мәдени-ұлттық дәстүрлері мен ділдерін құрметтеу, ұлттық дәстүрлер қатынасын ескеру, діни салт-дәстүрлерін есепке алу, ұлттық мәдени ерекшеліктерін ескеру, діни ұйымдардың ішкі істеріне мемлекеттің араласпауы; конституциялық тұрғыданадам мен азаматтың денсаулығы, өнегелігін, құқықтары мен құқылы мүдделерін қорғау үшін, мемлекеттің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету үшін ғана діни ұстанымдық еркіндігі аясында шектеулер қойылу мүмкін; діни ұйымдардың қазақстандық заңдарды сақтауын мемлекет тарапынан қадағалау; ар-ождан мен діни ұстанымдар еркіндігі аясындағы мемлекеттік билік пен басқарудың барлық деңгейлеріндегі саясаттың іске асырылуындағы айқындық пен ашықтық; мемлекеттің діни ұйымдармен ынтымақтастығы»[9, 11-12 б.]. Конфессионалды аясындағы мемлекет саясатының құрамдас бөлігіне заңшығару қордың болуы және бұл саясатты іске асыратын әдістер мен тәсілдердің, арнайы мемлекеттік бөлімшелердің бар болуы жатады. Қазіргі уақытта Қазақстанда осының барлығы өз орнына ие.

Жалпы, мемлекеттік-конфессионалды аясындағы қазақстандық үлгі діни сенімдері бар адамдардың құқықтары мен еріктерін құрметтеу демократиялық қағидасына негізделген: бейтараптылық (мемлекеттің істеріне қатыспайды), толеранттылық (діни толеранттылық, барлық діндердің теңдігі), паритет, серіктестік (мемлекет пен ірі діни конфессиялар арасындағы қатынас серіктестік мінездемесіне ие) принциптеріне де сүйенеді. Сөйтіп, дін аясындағы мемлекеттің саясаты діниаралық татуластық пен диалогқа бағытталған.

Қазіргі уақыттағы дін аясындағы жағдайға тоқталатын болсақ, бүгін Қазақстанның конфессионалды кеңестігі, дінге деген көзқарас өзгерген. Этникалық сана сезім мен өзіндік идентификация қайта өрлеуде, бұл діндарлықтың өсуіне әкеледі. Дін қоғамдық сананы қалыптастыруда едәуір рөлге ие, оның қоғамдық өмірдегі орны кеңейді, дәстүрлі діндер мен діни құндылықтардың абыройы өсіп, діни көзқарастардың жандануы байқалады, діни сана деңгейінің өсуі де осының салдарына жатады. 2012 жылдың 1 қаңтардағы қайта тіркелу нәтижелеріне сәйкес мемлекеттегі діни ұйымдардың саны – 3975, олардың ішінде ислам – 2375, православие – 289, католиктер – 86, протестанттар – 1029, иудей – 26, дәстүрлі емес – 46, буддизм – 4.

Тәуелсіздіктің алғашқыжылдарында ұлттық мәдениетті дамытуға, халықтың руханилығын дамытуға, қоғамдық тұрақтылық пен конфессияаралық татулықты сақтауға бағытталған мемлекеттік саясат пен заң шығару, дін аясының дамуына жаңа импульс беріп, келесі міндеттерді шешу арқасында іске асырылды: «діни әрекетті қалпына және нормаға келтіру; еркін діни ұстанымды қамтамасыз ететін азаматтық құқықтардың кепілдерінің бар болуы; барлық діни конфессиялардың теңдігін қамтамасыз ету; діни патриоттыққа бағытталған ұйымдарды кеңейту мен нығайтудағы кепілдіктер»[10, б. 76].

Қойылған мақсаттарда келесі мәселелер ескерілген: «мешіттер мен ғибадатханалар құрылысында және қалпына келтірілуіне көмек көрсету; діни ұйымдар мен дін басылар тобы арасындағы ынтымақтастық пен серіктестікті жақсарту және нығайту; дінтану аясындағы зерттеулер жүргізу, жалпы адами құндылықтарды насихаттайтын діни әдебиетті басып шығару және тарату; рухани оқу орындарын ашу»[10, б. 76].

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап дін аясында Қазақстан саясаты діннің саясатқа араласпау қағидасына бағытталған болатын. Осыған сәйкес «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» заң (1992 ж.) және «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заң (1996 ж.) бойынша діни негіздемедегі партияларды құруға және олардың жұмыстарына тыйым салынды, діни сенім бостандығы діни бірлестіктердің жұмыс қағидасы болып анықталды. Осыған қоса 1992 ж. Заң нормалары діни бірлестіктердің мемлекеттік билік органдарына сайлану құқықтары жоқ екендігін бекітті.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында саяси оқиғалар қарбаласында рухани мәселелер, адамның рухани өмір мәселелері әркімнің жеке басының мәселелеріне айналғаны құпия емес. Пайда болған идеологиялық вакуум жағдайында дін тұрақтандырушы бастамаға айналды. Дін тек біздің елімізде ғана емес, посткеңестік кеңістіктің бәрінде де руханилықтың ресми пішініне айналды. Солайша, исламды тек дін ретінде ғана

емес, қазақтардың этникалық консолидация факторы ретінде де, ұлттық бірліктің қалыптасуы көзі ретінде де, бабаларымыздың рухани-тарихи дәстүрлерін, мәдени мұрасын қайта жандандырушы, рухани арылту және ұлттық рухты қалпына келтіретін құрал ретінде де тани бастады. Зерттеушілердің бақылауынша, мемлекет азаматтарының саналарында дінді жандандыру «ұлттық жандандыру» үрдісінің табиғи құрамдас бөлігі деп түсіну әдеті орнығып қалған. Бұл исламның этникалық барабарлық идеясына мәдени және саяси құрамдастарымен қатар енуіне мүмкіндік берді [11].

Алайда, осыған қоса, кең таралған миссионерлердің әрекеті еліміз үшін дәстүрлі емес діни ағымдар мен табынушылықты ұсынады, дәстүрлі құндылықтардың орнына тыстан енгізілген идеялар мен бөтен құндылықтар насихатталып отыр. Қазақстан аумағында оның дәстүріне жат көптеген діни ағымдар пайда болады. Бұндай ағымдар өзінің «жаңашылдығына» қатысты және халық арасындағы рухани дағдарыс, діни сенім мәселелерінде тәжірибелерінің болмауы, мемлекет тарапынан әлеуметтік кепілдіктердің болмауы себебінен халықтың көбі үшін тартымды, әрі қызықты болған. Ұлттық мәдениетте терең тамырлары бар дәстүрлі діндер именушілік тудырмаса, жаңа діни ағымдар мен қозғалыстар өзінің үлкен жанжал тудыру мүмкіндігіне байланысты қоғам тарапынан қорқыныш пен сенімсіздік туғызады.

Бұл фактілер мемлекет саясатын қайта қарастырып, діни бірлестіктердің жұмыстарына бақылауды күшейту қажеттілігінің айғағы, және де ҚР заң жүйесінде орын алатын мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынас аясындағы жетіспеушіліктерді жою. Себебі заңда Қазақстан үшін дәстүрлі емес діни бірлестіктердің айқын регламентациясының жоқтығы. Діни қызмет және миссионерлік әрекетпен айналысуға құқылы заңды тұлғалар үшін бір мағыналы талаптар көрсетілмеген. Мультиэтникалық және көпконфессионалық жағдайында, қазақстандық қоғамының бірлігі мен саяси тұрақтылығын сақтау мен реттеу үшін, және де заңсыз діни-экстремистік әрекеттерді болдырмау мақсатымен, діни өмірдің мәселелерін жалпы мемлекеттік кеңістікке енгізу керек еді. Бұл фактілердің бәрі дін аясындағы жаңа Заңның қажеттілігіне көз жеткізеді.

Соңғы жылдардағы ҚР Дін істері агенттігін құру (2011 ж., мамыр) және жаңа «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заң қабылдау дін аясындағы маңызды оқиғаларға жатады. Осы кезден дін аясын дамыту саясатының жаңа кезеңі басталады.

Мемлекеттік қызметтер елдегі діни жағдайды әрқашан қадағалауда, қоғамдық діни ұйымдармен белсенді жұмыс жүргізуде. Сонымен, қазіргі кезде діни бірлестіктердің Қазақстандағы әрекетін тікелей реттейтін заңды актісі 2011 жылдың 11 қазан айында ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев қол қойған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң болып табылады. Бұл заңды қабылдау заман талаптарына жауап болды.

Жаңа Заң мемлекет пен дін арасындағы қатынастарын айқын белгілейді және анықтайды. Заң діни рәсімдерді, жиналыстарды, салтанаттарды өткізу және құдайға табыну жерлерін анықтап берді. Бұл рәсімдердің бәрі заңмен белгіленген жерде ғана өткізілуі тиіс. Едәуір жетістіктер қатарына дінтанушылық сараптамасын өткізуді жатқызуға болады. Бұл сараптама діни бірлестіктің дінге жататындығын анықтауға және әдебиетінде діни экстремизм белгілерінің бар-жоқтығын анықтауға мүмкіндік береді. Құрылтай құжаттарын, білім беру бағдарламаларын, діни әдебиеті мен діни мазмұнынды ақпараттық мәліметтерді сараптау қоғамды мүмкін деструктивті (бейәлеуметтік) көріністерден сақтауға жәрдемдеседі.

Бүгін жаңа Заң мемлекетіміздегі діни жағдайға жағымды әсер етті деп айтуға құқылымыз, Қазақстанның діни кеңістігінің шынайы суретін көруге мүмкіндік берді. Жалпы, жаңа Заң мемлекет пен дін арасындағы қатынастарды нақ анықтап берді. Қазақстан – зайырлы мемлекет, елімізде мемлекеттік немесе міндетті дін жоқ, барлық діни бірлестіктер заң алдында тең болып келеді.

1 Назарбаев Н.А. *Казахстан-2030: Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев* // URL: <http://www.akorda.kz>.

2 *Қазақстан Республикасының Конституциясы*. <http://www.akorda.kz/kz/category/konstituciya>.

3 Мустафаев Н. *Казахстанская модель этнополитики: ресурсы и ограничители* // <http://www.centrasia.ru/newsA.php?st=1041974340>.

4 Серажиева С. *К вопросу о понятиях "этнополитика" и "национальная политика"* // <http://www.kisi.kz/site.html?id=3836#0>.

5 2009 жылғы *Қазақстан халқы санағы* // <http://ru.wikipedia.org/wiki>.

6 *Межнациональные и межконфессиональные отношения в Республике Казахстан (по результатам социологического исследования)*: Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2010. – 90 б.

7 http://www.kazakhembassy.tj/index.php?option=com_content&view=section&layout=blog&id=23&Itemid=49.

8 *Казахстан: 20 лет независимости Монография Под. общ. ред. Б.К. Султанова-Алматы: КИСИ / при Президенте РК, 2011. - 408 б.*

9 Бурова Е., Косиченко А. Актуальные проблемы развития религиозной ситуации в Республике Казахстан. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2013. – 137 б. / 11-12 б.

10 Джалилов З. Г. Религия в современном Казахстане: социологический аспект // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2005. - №4. – Б.76-88 / 76.

11 Савин И. "Хизб-ут-Тахрир" в Южном Казахстане: социальный портрет. // Центральная Азия и Кавказ. – 2003. - №6(30).

ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ СОЦИОЛОГИИ

ӘӨЖ 316-053 (374)

БІЛІМ ӘЛЕУМЕТАНУЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Т.Ж. Қалдыбаева – с.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ, магистратура және PhD докторантура институты, саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

Мақалада білім социологиясының әдіснамалық негіздері қарастырылып, оның әрқайсысына ғылыми түсініктеме мен мазмұндық сипаттама берілген. Автор білім әлеуметтануының негіздеген Француз ғалымы Эмиль Дюркгейм ілімінен бастау алған білім әлеуметтануының әдіснамалық мәндегі негізгі қағидаларын ашып көрсете отырып, оны бір жүйеге келтіруге тырысқан.

Кілт сөздер: Білім әлеуметтануы, білім әлеуметтануының әдіснамалық негіздері, әлеуметтік антропология, білімнің зайырлылығы, этно-демографиялық, аймақтық-территориялық, институционалдық, ғылымаралық байланыс, дамытушы әлеуметтік орта, оқушының өзінің білімденуі, оқу еңбегі, праксеология

В статье рассматриваются основные методологические научные подходы социологии образования, раскрываются содержательные характеристики и значимость каждого из них. Автор попытался систематизировать и показать их системной структуре. освещен процесс развития методологии социологии образования начиная со времени Э.Дюркгейма по настоящее время.

Ключевые слова: Социология образования, методологические основы социологии образования, социальная антропология, светскость образования, этно-демографическое, регионально-территориальное, институциональное, междисциплинарные связи, развивающая социальная среда, образовательная деятельность обучающегося, учебная деятельность», «праксеология»

This article discusses the main methodological approaches scientific sociology of education, revealed substantial characteristics and significance of each. The author has tried to organize and display them in a system structure. illuminated development methodology sociology of education since time E. Durkheim present.

Keywords: The Sociology of Education, "methodological foundations of Sociology of Education, Social Anthropology, secular education, ethno-demographic, regional-territorial, institution, interdisciplinary communication, developing social environment, educational activities learning training activities, praxeology

1.1 Э.Дюркгейм білім әлеуметтануының негіздеушісі

Білім (тәрбие, оқу және даму) – адамзат өркениетінің сақталуының және дамуының ең басты алғышарты және қоғамдар мәдениетінің ең басты құрылымдаушы элементі. Білім дегеніміз адамзат өзінің дамуы барысында жинақтаған әлеуметтік тәжірибе. Оны меңгеруге ешбір адамның өмірі жетпейді және адамзат тәжірибесінің барлығын меңгеру әр адам үшін міндетті де емес. Ал қандай өмірлік әлеуметтік тәжірибелерді қазіргі қоғамда өмір сүруші ұрпақ меңгеруге тиіс? Адамзат дамуы барысында бұл мәселе реттеліп қойылған. Оны іске асыруға бағдарланға екі басты әлеуметтік институт бар. Бірі – отбасы. Жас ұрпақты тек өмірге әкеліп қана қоймай әрі оны заман сұранысына сай тәрбиелеп, елінің азаматы етіп қоғамдық қатынастарға енгізу отбасыларының, яғни, әке мен ананың әлеуметтік функциялдық міндеті табылады. Дегенмен отбасылары мүшелерінің өздерінің білімі, мәдениеті, тәжірибесі және моральдық ықпал ету мүмкіндіктері әрқелкі. Сол себепті дені сау болып туған балалартабиғаты жағынан бірдей болып туғанымен тәрбиелік жағынан әрқелкі болып өсе бастайды. Бірі алғыр, ізденімпаз, екіншісі жалқау, айналасын-

дағы құбылыстарға немқұрайды т.б. Сол себепті адамзат дамуы барысында барлық балалардың білімденуіне, жан-жақты дамуына бірдей жағдай туғызып, заманының, қоғамының дұрыс дамып қалыптасқан азаматы болып шығуына толыққанды жағдай жасайтын ерекше жүйе жасалған. Оның атын білім институттары, ұлттық білім жүйесі дейді. Бұл жүйеге балабақша, мектеп, орта кәсіби, жоғары кәсіби білім, жоғарыдан кейінгі білім және білімін жетілдіру институттары енеді. Дегенмен бүкіл білім жүйесінің негізін құрап тұрған екі буын бар. Олар – балабақша мен мектеп. Осы екеуінің білімі мен әлеуметтік тәрбиесі, олардың өзара сабақтастығы бүкіл қоғамдық білім жүйесінің іргетастық білімі, мәдени және ғылыми негізін қалайды.

Білім жүйесінің әрбір буынының өзіндік оқу-тәрбие бағдарламасы бар. Оны тиісті ғылыми институттар, кәсіби білікті ғалымдар даярлайды. Ал білім бағдарламасы дегеніміз не? Адамзат жинақтаған телегей-теңіз мол білімнің ішінен балалардың жасына лайықтап, мектеп сыныптарына, кәсіби білімнің бағдарына қарай берілуге тиісті білімнің керектісінің іріктеліп алынуы, өлшемдеп, нормалануы. Іріктелген білім бағдарламалары жасалынып, оның негізінде оқулықтар, оқу құралдары даярланады. Сол себепті білім бағдарламаларын даярлау – ерекше маңызды қоғамдық тапсырыс, өскелең жастарды өмірге, қоғамдық, әлемдік әлеуметтік қатынасқа даярлаудың барынша жауапты ісі. Бұған ең озық ойлы ғылыми орта жұмылдырылуға тиіс.

Неге білім «жүйесі» туралы сөз болып отыр? Себебі бір жүйеге келтірілген білім орынсыз қайталануға, бытыраңқылыққа, ретсіздікке жол бермейді. Айталық, жалпыға бірдей білім беретін орта мектеп балалардың балабақшада алған білімін қайталамайды, тек оны логикалық тұрғыда жалғастырады, дамытады, тереңдетеді. Сол сияқты кәсіби білім институттары оқушылардың мектепте алған білімін қайталамай, оны жаңа кәсіби деңгейде жалғастырады, тереңдетеді. Осының бәрін білім бағдарламалары реттейді, жүйелейді. Бұл дегеніміз бағдарламаларды жасаушы ғалымдардың өздерінің бір-бірінің ісі туралы жан-жақты хабардар болуын, бүкіл жүйе шеңберіндегі сабақтастықты қадағалап отыруын талап етеді. Пәнаралық байланыстардың да қадағалануы өмірлік қажеттілік. Білім жүйесінің ішкі логикалық байланысын, бағдарламалар мен білім мазмұндарының заман, қоғам, экономика талабына сай болуын қадағалау, үйлестіру, бақылау ісі барлық елдерде Білім министрліктерінің құзырына берілген.

Білім бағдарламаларының, мазмұндарының іріктелуіне, жазылып даярлануына, іске асырылуына әлеуметтану ғылымының көзқарасы қандай?

Бұл сұрақтың жауабын іздеу бізді ең алдымен, білім әлеуметтануының негізін салушы және дамытушы Эмиль Дюркгеймнің методологиялық тұрғыда әлі мәнін жоғалтпаған ілімдеріне алып келеді.

Э.Дюркгеймнің тұжырымдауынша, әрбір қоғам өзінің сұранысына, болашағына сай келетін Тұлғаның идеясын, айқындағыш қасиеттері нақтыланған, өлшемделген идеясын жасап алуға тиіс. Ол идеал интеллектуалдық, адамгершілік және физиобиологиялық қасиеттерді біріктіреді. Дәл осы іштей физиобиологиялық, интеллектуалдық, адамгершілік біртұтастығы болып табылатын Тұлға идеясы тәрбиенің басты мақсаты болмақ[1]. Олай болса, айталық, Қазақстан қоғамы болашағын жасайтын қандай тұлғалар? Қазақстандық тұлғаның идеялық эталонын, оның басты айқындағыштарын әлеуметтік болжап, жобалаушылар, әлеуметтік үлгілеушілер кімдер? Соған бағдарланған білім мен тәрбие қандай болмақ және оның бағдарламаларын жасаушылар кімдер? Жасалған білім бағдарламаларын сараптамадан өткізушілердің өздері кімдер? Міне жаңа заманғы қазақстандық қоғамның, басқа да қоғамдар сұраныстары тудырып отырған сұрақтар осындай.

Э.Дюркгейм «оқу» ұғымына қарағанда «тәрбие» ұғымына, оның мазмұнына ерекше мән берген. Дұрыс тәрбие дұрыс білім алудың, оны өзінің ісіне айналдырудың қажетті алғышарты. Расында ой еңбегіне, жалпы шығармашылық еңбек етуге жасына бағдарланып тәрбиеленген балалармен жастар оқу ісіне өзі ынталы, оқу үрдісі барысында өзін өзі ұйымдастырып, өз қызметін өзі қадағалай алады. Ал ой еңбегі мәдениеті, шығармашылық арбайланыс тәртібі, өзін өзі қадғалауға дағдыланбаған балалар мен жастар тек педагогтардың ғана жүйкесін жұқартып қоймайды. Ең бастысы кесір, ондай оқушының өзіне өзінің бөгет, зиян жасайтынын ұғана бермейтіні.

Білім әлеуметтануын негіздеушінің пікірінше білім институтының оқу-тәрбие қызметі қалыптасушы тұлғаның мүддесіне қайшы келмейді. Керісінше білім алушының өзі оған ұжымдық ықпалдық жасалуын, еңбекке ұйымдастыруын қажетсінеді. Сөйте отырып ол қоғамдық ортада өмір сүріп тіршілік етуге үйренеді.

Бірде бір адам қоғамнан тыс тіршілік етпейді ғой. Сол себепті әр тұлғаның бойынан іштей өзара байланысты екі қасиетті көруге болады. Бірі – оның өзіндік «Мені» (индивид етіп тұратын қасиеттері), екіншісі – оны белгілі бір қоғамның, әлеуметтік орта мен топтың құрамды бөлігі етіп тұратын қасиеттері – көзқарастар жүйесі, сезінуі, мәдени дағдысы, т.б. Осы екі қасиет абстракциялық біртұтас болғанымен бір-бірінен ерекшеліктері де болмай қоймайды[2].

Маңыздылығы барған сайын артып отырған Э.Дюркгеймнің әдіснамалық ілімінің бірі – әлеуметтану, психология және педагогика ғылымдырының тығыз арабайланыста болуға тиіс екендігі. Неге соңғы екеуі әлеуметтануды білуі және оның білімімен ақылдасып отыруы қажеттілік болып қалууда?

Педагогикалық идеал ең алдымен тәрбиенің әлеуметтік сұраныстарын ескреді, адамның және қоғамның әлеуметтік қажеттілігіне бағытталады. Тәрбие әлеуметтік арабайланыстар үрдісінде көрініс табады. Ал адам мен қоғамның әлеуметтік қажеттілігі қандай деген сұраққа жауап табу үшін педагогикаға қоғамды, оның заңдылықтарын білу керек болады. Яғни, әлеуметтану ғылымы педагогтың сұрақтарының жауабын береді.

Адамның қызметін белгілі бір бағытқа бағдарлап жұмылдыру үшін онықозғалысқа келтіретін күшті, оның табиғатын білу керек. Бұл жерде педагогқа психология көмекке келеді. Алайда психологтың өзіне әлеуметтік қатынастар мен өзарабайланыстар заңдылықтарын білуге тура келеді, яғни, әлеуметтану көмегі қажет болады[3].

Шынында, біздің ұзақ жылдар бойы жоғары оқу орнының оқытушысы бола жүріп, бақылай жүріп көз жеткізген ақиқаттың бірі – осы үш ғылымның арабайланысының тиісті түсінігін тауып, оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда, оны ғылыми негіздеуде қолданыс таба бермейтіні. Тіпті әртүрлі себептермен ауытқуға шалдыққан мінез-құлықты түзету, бағдарлау барысында аталған ғылымдар арабайланысының тиімділігі ескеріле бермейтіні. Айталық, психолог алдына психологиялық дағдарысқашалдыққан жас адам келді дейік. Психолог оны дағдарыс жағдайынан шығарып, тыныштандырып, ақыл кеңесін беріп шығарып салды дейік. Бірақта сондай дағдарыстық жағдайды туғызып, күйінішкеалып келіп тұрған не жағдай және ол әлі өзгерген жоқ қой. Сол түпкі себеп өзгермесе психологиялық дағдарыстың қайталауы әбден ықтимал. Яғни психолог назары түпкі себепке де бағытталуға тиіс. Сіз: «Психолог ол түпкі себепті өзгертуге дәрменсіз болса ше? – деп сұрақ қоя аласыз. Менің жауабым: «Психологтың кәсіби көмегі тек алдындағы адамды қазіргі көңіл-күй дағдарысынан алып шығу ғана емес, оны тудырып тұрған өмір шындығы жағдайында бұдан былай өзін қалай ұстап, қандай қадамдар жасауға, соның нәтижесінде қалайша өзінің әлеуметтік-психологиялық денсаулығын сақтап қалуға болатынын үйрету» деп жауап бере едім. Яғни маман-психологқа «клиент» төңірегіндегі қалыптасқан әлеуметтік қатынастар, қоғамдық жағдайлар, оның ерекшеліктерін қоса зерттеуге, түсініп білуге тура келеді. Оны түсіндіре алады ғылым – әлеуметтану. Педагогқа да дәл осы сияқты қадамдар жасауға тура келеді. Егер, айталық, алдындағы 5-сынып оқушысының сабақты түсінуі нашар, «дұрыстап оқы» деп талап қою еш нәтиже берер емес. Яғни, «Оқушыны осындай жағдайға алып келген не себеп?» деген сұрақ туады. Кезінде «Орта мектеп – әлеуметтік қатынастар жүйесі»[4]. тақырыбында қала мектебінің бірінде әлеуметтік эксперименттік тәжірибе жұмысын жүргізу барысында дәл осындай жағдайдағы 5 сынып оқушысымен әңгімелескен едім. Ол маған: «Мен алыс ауылдағы шағын мектепте бастауыш сыныпты оқып кеген едім, ондағы білімім сонша болмады. Қазіргі математика сабағынан өтіп жатқан материалды мен сабақ барысында түсіне алмай қаламын, ал мұғалімнен қайталап сұрайын десем ұяламын» деген еді. Мен: «Неге сабақтан кейінгі қосымша сабаққа қалмайсың», – деймін. Ол: «Мен мектепке қаланың шеткі аймағынан келемін, тұратын үйіме ертерек жетуім керек, әрі мектепте қалып, асханада тамақтануға жағдайым келе бермейді» деп жауап берді. Осыдан кейін осындай жағдайдағы балаларды неге нашар оқысың деп кінәлай беруге құқым жоқ екенін сезінесің. Басты себеп қоғамдық қатынастарда, сол әлеуметтік-тарихи кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-территориялық жағдайындағы білім ісін ұйымдастыру мәселесінде, қала мен ауыл арасындағы әлеуметтік қатынастармен байланысып жатқан жоқпа?! Бұл оқушыға ендігі жағдайда тек бұл оқушының жан-дүниесі мен жағдайын, мүддесін өз мәнінде түсінетін және осы негізде ғылыми-практикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-педагогикалық тиімді шараларды іске қоса алатын шынайы ұстаз ғана көмектесе алады.

1.2 Білім әлеуметтануының әдіснамалық (методологиялық) негіздері

Әдіснама (методология) қай ғылымның болмасын негізгі зерттеу құбылыстарына (зерттеу пәніне) қандай ғылыми тұрғыдан келу қажеттігін негіздейді. Методология - зерттеу барысында зерттеушінің басшылыққа алатын ғылыми-танымдық негізі, ғылыми тұрғылары (подходы), ғылыми көзқарастары негіздері. Зерттеудің пәнін(негізгі қарастыратын әлеуметтік құбылысын) танып-білу жұмысы барысында оны бағдарлық басшылыққа алу зерттеуді мақсатты, ретті, жүйелі және ғылыми нәтижелі етеді.

Біздің төменде баяндапкөрсететін әдіснамалық негіздер барлық білім беру жүйесіне (отбасы институтын қоса алғанда) қатынасты. Сонымен қатар ұйымдастырылған білім мен әлеуметтік тәрбиенің ең басты институттары ретінде балабақша мен орта мектептер қызметі үшін барынша маңызды. Аталған әдіснамалық тұрғылардың қатаң сақталуы бұл мекемелер қызметінің әлеуметтік мәнін, мемлекеттің, отбасыларының әлеуметтік тапсырысын орындаудың тиімділігін зерттеудің нәтижелігін арттыра түседі.

Зерттеу құбылысына (пәніне) әлеуметтік антропологиялық тұрғыдан келу. Бұл әдіснамалық тұрғының қадағалап қарастыратыны, біріншіден – балалардың жас ерекшелігін негізге алу болса, екіншіден берілетін тәрбие мен білімнің адамгершіліктілігін, адамгершілікті ұлғаны қалыптастыруға бағдарлануы.

Антропологиялық тұрғының әлеуметтік-антропологиялық тұрғылық сипат алуының өзіндік себебі бар. Бұл көзқарастық әдіснамалық тұрғыға қазіргі Батыс әлемі ғалымдары, соның ішінде әлеуметтанушылары, ерекше мән беріп, назарға алуда. Басты себеп – экономиканың жоғары дамуын қамтамасыз ете алған елдердегі адамгершіліктің кедейленуі фактісінің жиілеуі. Оны неден көруге болады? Тамырын тереңге тартып үлгерген жекебастық экономикалық эгоизмнен, тағылық сипат алған «сексуалдық революция» көріністерінен, бұқаралық (тобырлық) мәдениеттің кең таралуынан, ғылыми-техникалық жетістікті пайдаланудың қоршаған табиғи ортаға әкелген орны толмас салдарларынан, адамдар арасындағы жатсыну құбылысының кең етек жаюынан т.б. Осындай адами адамгершілікпен үйлеспейтін құбылыстардың кең көрініс беруі бірқатар батыс ғалымдары арасында адамзаттың өзін-өзі құртуы, өркениеттің өрісінің тарылуы туралы ой тудырды. Жағайды өзгертудің жолын іздеткізді. Басты тоқтам мынаған келіп тірелді: тек адамгершілік тәрбиесі, адамгершілікті арттыру жолы ғана өркениеттілікті сақтай алады. Олай болса адамды тек антропологиялық құбылыс ретінде (жасы, нәсілі, жынысы, шығу тегі, бет-пішіні, биологияның негізі т.б.) қарастыру жеткіліксіз, алдымен оған әлеуметтік құбылыс, әлеуметтік қатынастардың, адамгершілікті адами арабайланыстардың алыпбарушылары ретінде қарау қажеттілік. Осыдан келіп «әлеуметтік-антропология» қазіргі заман адамын зерттеудің, тәрбиелеудің басты бір әдіснамалық негізіне айналып отыр. Қазіргі жаһандану заманында мемлекеттер шекарасы көп жағдайда шарттық сипат алуа. Халықаралық ақпарат жүйесі, трансұлттық экономикалық, мәдени байланыстар шекараларды асып, айқасып жатыр. Тек жақсылықтар мен жасампаздықтары ғана емес әрі керітартпа кесірлі құбылыстары да жаһанданушы сипат алуа. Жаңа ғаламдық жағдайға қазақстандық қоғам да бейімделіп, трансформациялық үрдісті бастан кешуде. Қазірдің өзінде ел ортасы әлемдік әлеуметтік қатынастардың тек жақсы жағы емес, кесірлі, адамгершілікке қайшы құбылыстарының да «дәмін» татып үлгерді. Олай болса адамгершілікті басты бағыты еткен әлеуметтік-антропологиялық ғылыми-таным, оған негізделген білім мен тәрбие Қазақстан Республикасы білім жүйесі үшін де барынша әлеуметтік мәнді және маңызды.

Әлеуметтік-тарихи әдіснамалық тұрғы. Социология ғылымына тән ерекшеліктің бірі – зерттелуші құбылыстың себеп-салдарын біртұтастықта қарап танып-білетіндігі. Бүгінгісін жан-жақты білу – қажеттіліктейік. Бірақ, бүгінгі кешегінің нәтижесі емес пе? Бұл екеуін жеттік білмей ертеңіні бағдарлау мүмкін болмайды. Осыдан келіп ауыспалы факторларды (переменные) танып білу мен соның негізінде ой толғау (рассуждение) заңдылығы туындайды. Онсыз жаңа теория туындамайды. Осылайша зерттелуші әлеуметтік құбылысты танымдық біртұтастықта қарастыруды қадағалайтын әдіснамалық негіз – әлеуметтік-тарихи тұрғы. Кешегісі, оны бүгінгі еткен құбылыстар, бүгінгіден ертеңгі келешекке апаратын қандай құбылыстар? Бұл тұрғы әлеуметтік болжадау мен үлгілеу ісіне де негіз бола алады. Әлеуметтік басқарудың да қажетті ережесі осындай. Үрдістің (процестің) әлеуметтік-тарихи тұрғыда талдануы позитивтілікпен негативтікті салыстыра отырып талдау мен тұжырымдауға және соңғының алдын алу шараларын ғылыми-практикалық негіздеуге көмектеседі. Білімнің мазмұнын, әлеуметтік тәрбиенің мақсат-міндеттерін осы тұрғыда қарастыру және айқындау ғылыми тұжырымдар мен ұсыныстарға барынша шынайылық сипат береді.

Институционалдық тұрғы. Бұл әдіснаманың талабын бойынша білім беруші мекеме «әлеуметтік институт» ретінде қарастырылады. Балабақша, мектеп, кәсіптік даярлау мекемесі, жоғары оқу орындары, жоғарыдан кейінгі кәсіби даярлық, бәріде тарихи қалыптасқан, адамзат өркениеті тудырған әлеуметтік институттар. Әлеуметтік институттар болған соң олардың қоғам, адам алдында атқаратын әлеуметтік функциялары, нормаланған, реттелген жауапты қызметі бар. Тиісті базасы, идеясына сай құжаттық негіздері бар, идеясы мен мақсатты міндетін іске асыратын білікті кадрлары бар. Сөйтіп, идеялар мен міндеттер мемлекеттің, қоғамның, заманның талабына сай іске асырылады. Әлеуметтік прогресс қажеттілігіне орай реформаланады, реттеледі, бақыланады. Қоғамның әр саласын дамыту оның әртүрлі саласындағы әлеуметтік институттары жауаптылығында. Осылайша қоғам дегеніміз әлеуметтік институттардың біртұтас жүйесіне айналды. Әлеуметтік институттар қызметі арқылы қоғамның әлеуметі іштей өзара әлеуметтік, экономикалық, мәдени, саяси байланыста болып отырады. Айталық, ата-ана баласын мектепке, кәсіби даярлау орнына оқуға берді, өздері өндірісте халыққа қажетті өнім өндіреді, қызмет көрсету саласын дамытады, басқару ісімен шұғылданады, ал мұғалімдер бұл салалар институттарының қызметін тұтынушылар болып табылады. Осыдан келіп «әлеуметтік арабайланыстар», «әлеуметтік қатынастар» ұғымы туындайды. Әр институттың өзі іштей тұтып тұрған әлеуметтік арабайланыстар мен қатынастар жүйесін құрайды. Айталық «мектеп» деп аталатын әлеуметтік институттың функционалдық қызметінің атқары-

луы оқушы мен оқытушының шығармашылық арақатынасына, оқушылардың оқу еңбегінің ұйымдастырылуына, басқарушы құрылым субъектілерінің осы институтын басқа субъектілерімен мәнді арабайланысына тікелей байланысты. Неғұрлым ішкі әлеуметтік қатынастары мәнді, мазмұнды, ретті болған сайын әлеуметтік институт қызметі нәтижелі, ретті, әлеуметтік мәнді бола түседі. Ал қоғамның тағы бір іргетастық әлеуметтік институты – отбасының өзінің әлеуметтік функцияларын дұрыс орындауы білім институттарының функционалдық қызметінің тиімділігін арттыра түсетін фактор.

Зерттеу құбылысына (пәніне) әлеуметтік-мәдени тұрғыдан келу білім беру институттарының қызметін (ең алдымен мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалар тәрбиесіне) әлеуметтік пен мәдениеттіліктің үйлесімі тұрғысынан қарап танып білуді міндеттейді. Іштей тығыз байланысып жатқан екі аспектінің үйлесімділігі. Білім мен тәрбиенің әлеуметтік-мәдени сипатының қамтамасыз етілуі. Мәдениет пен әлеуметтіктің іштей тұтасып жатуы. Айталық, әртүрлі таптық қабаттар, әртүрлі ұлттар мен ұлыстар, әрқелкі нәсілділер балаларының бір сыныпта, топта бірдей жағдайда, бәріне бірдей қарайтын ұстаздан оқуы, бірі-бірін жатсынуға себеп тудырмайтын әлеуметтік ортада тәрбиеленуі, білім алуы олардың бәрін бірдей білімді және мәдениетті азамат етіп шығарады. Әділдігі мен адалдығымен білім институттары ерекшеленеді. Оның басты алғышарты – жастармен шығармашылық арабайланысқа түсетін педагогтардың өзінің ішкі адами және кәсіби жоғары мәдениеті.

Бірқатар беделді ғалымдардың тұжырымдауына мәдениетті басқа жақтан іздеудің қажеттілігі жоқ, себебі – мәдениет күнделікті өміртіршіліктегі адамдардың мінез-қылығы мен іс-әректінде көрініп тұрады. Олай болса қоғамның мәдениетін де осы қоғам мүшелерінің бір-бірімен әлеуметтік арабайланысынан, ойы мен мінезінен, көзқарасы мен ісінен көріп, түсінуге болады. Мектеп, тағы басқа білім институттары субъектілерінің оқу-тәрбие барысындағы бірлескен шығармашылық арабайланыстары – әлеуметтік-мәдени құбылыс. Сол себепті білім жүйесі субъектілерінің (бала мен тәрбиеші, оқушы мен оқытушы, кәсіпке үйренуші мен шебердің, студент пен ұстаздың) арақатынасының мәдени-әлеуметтік сипатта болуы бүкіл оқыту процесінің тағдырын шешетін фактор. Мәдениетпен үйлескен өзара талас болмаған жерден шығармашылық ойлауды күтуге де болмайды.

Білім мазмұнын жасауға, білім бағдарламаларын, стандартын жасау барысына қойылатын түпсіздікті әдіснамалық негіздің бірі де осы әлеуметтік-мәдени тұрғы.

Білім жүйесі қызметіне **этно-демографиялық әдіснамалық тұрғыдан келу** қазіргі әлемдік білім мәселесін, жекелеген мемлекеттердегі білім-тәрбие мәселесін, өңірлік білім мен тәрбие ісін зерттеу барысында ондағы этностық, демографиялық жағдайды қатаң есепке алуды, әрбір баланың жас шамасына сай тұлғалық дамуын қамтамасыз етуді шынайылық негізде зерттеуге бағдарлайды.

Бұл тұрғыда қазіргі әлем елдері білім жүйелері алдында тұрған проблемалық мәселелер баршылық. Айталық, 2000 жылдардың ортасындағы статистика бойынша жыл сайын өмірге келген балалардың 80 пайызы экономикалық дамуы жеткіліксіз елдерде туатын еді. Ал экономикалық дамыған батыс елдері болса, қартаю жағдайында. Бұл дегеніміз қазіргі әлемнің миллиондаған жас балалары, мектеп жасындағылар өз уақытында қажетті білім мен мәдени тәрбиені ала алмай келеді деген сөз. Бұл жағдай кәсіби дарлыққа да тікелей қатынасты. Соның салдарынын «арзан жұмыс күші» аталатын әлеуметтік қабат өлшемі азаяр емес, дәл осы қабаттың әлемдік миграциядағы алатын үлесі де ауқымды болып қалып келеді. Жаһандануға енген қазіргі әлем үшін бұл жеке мемлекеттердің немесе аймақтардың ғана мәселесі емес, ортақ адамзаттық проблема. Дамыған елдер бұрынғысынша жеке дара әлемдік кедейшілік пен білімнің жеткіліксіздігі шындығынан тыс қала алмайды. Қазіргі заманның көші-қон үрдісін ұлғайтып отырғаны, оның қарқынының азая қоймайтыны да белгілі болып отыр. Басты себеп – мемлекеттердің, әлем аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңсіздіктер. Неғұрлым экономикалық ауқатты елдерге бағытталған миграция, еңбек миграциясы қарқынының артуына ықпал етуші елеулі фактор да осы.

Материалдық кедейшілік пен рухани, білімдік кедейшілік арасы жақын жатқандықтан оны әртүрлі саяси бағыттағы күштер епті пайдаланып, діни, ұлттық және саяси экстремистік ниеттерді өрістетуде. Қорыта айтқанда, заманауи өркениетті сақтап қала отырып, дамытудың басты жолы – балалар қайда болса, сапалы білім мен әлеуметтік тәрби де сонда болуға тиіс. Болашағын ойлаған мемлекет саясаты осылай болмақ.

Қазақстанға келетін болсақ, бұл елдің де орталық қалалары мен өңірлеріндегі де этнодемографиялық жағдай әрқелкі. Солтүстік және Шығыс өңірлерде басым орналасқан славян тектес этностардың елеулі қартаюы мен нуклеарлық отбасылық жағдайға біражола көшу үрдісі байқалса, түркітілдес этностардың арасында кеңейтілген отасылық дәстүр негізінен сақталуда. Өмірге бала әкелу дәстүрі жағынан қазақстандық өзбектер, ұйғырлар, әзербайжандар отбасылары алда келеді. Қазақ отбасыларының да ел экономикасының түзелуімен байланысты өмірге бала әкелуге ұмтылысы артуда. Мемлекет халқы құрамындағы

қазақ ұлтының үлес салмағы 1926 жылдардағы көрсеткішіне жақындап, соңғы (2009) мемлекеттік санақ нәтижесінде бұл көрсеткіш 63 пайызға жетті. Сонымен қатар репродуктивті жастағы қазақстандықтардың денсаулығындағы ақаулардың артуы мен жас азаматтардың табысты еңбекке орналасуға сұранысының отбасылық құндылықтардан жоғары қойылуы елдегі табиғи өсімнің арта түсуіне елеулі бөгет бола бастады. Әлеуметтік жетім балалар мен жасөспірімдер, мүмкіндігі шектелген балалар мен жастардың санының артуынан этникалық және демографиялық сипаттағы шындықтың бір көрінісін байқаймыз. Олардың ұлттық құрамы, өмір сүріп жатқан территориялық-географиялық аймағы, жас шамасы қоғамдық білім мен тәрбие тұрғысынан қарағанда елеулі ғылыми-практикалық танымдық мәселе. Бәрі де осы бір елдің балалары, азаматтары ретінде дер кезінде сапалы білім мен тәрбие алуға құқылы. Қалпына келтіру шаралары мен білім, кәсіби даярлықты үйлестіре отырып, физиологиялық денсаулығында ақауы бар жандардың елінің толыққанды мүшесі ретінде тіршілік жасауына мүмкіндік тудыру ерекше әлеуметтік-мәдени қоғамдық құбылыс. Жаратылысынан немесе өмірге келгеннен кейін әртүрлі себептермен мүмкіндігі шектелгеноскелен жастар азаматтық қоғамдық қолдауға сұранысы жоғары әлеуметтік топ. Сонымен қатар, адами мүмкіндіктің шектелуіне алып келетін құбылыстардың алдын алу, репродуктивтік жастағы ерлер мен әйелдердің физиобиологиялық, психологиялық, әлеуметтік денсаулығын қадағалау, дер кезінде проблемалық жағдайды түзетумәселесі отандық білім, мәдениет, әлеуметтік тәрбиенің аса өзекті саласына айналды. Дәл осы тұста жастар мен қатар ересек азаматтар арасындағы әлеуметтік тәрбие мен ағарту жұмыстарының мәні артуда. Білім институттары мен қатар бұл салада әрқелкі азаматтық қоғам институттары, интеллектуалдық қызмет көрсетуші үкіметтік емес ұйымдар зор үлес қоса алады. Бұл «майданда», яғни, репродуктивті жастағы әлеумет денсаулығын қадағалап, реттеп, дамыту ісінде мемлекет пен азаматтық ұйымдардың әлеуметтік әріптестігі қоғам өмірінің өзекті мәселесіне айналуда.

Жалпы алғанда, ел тәуелсіздігін берік бекітудің бір басты алғышарты - елдің демографиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол үшін тек табиғи өсімнің артуы жеткіліксіз. Басты күтілетін нәтиже – әрбір қазақстандық азаматтың жоғары деңгейде дамыған интеллектуалдық, азаматтық, әлеуметтік-мәдени әлеуеті.

Әлеуметтік-аймақтық әдіснамалық тұрғы әлемнің түрлі аймақтары мен орталықтардан шалғай жатқан өңірлер тұрғындарының, олардың балаларының қоныстанудың территориялық-географиялық ерекшеліктеріне қарамастан балабақша, мектеп, кәсіби білімге қолжетімділігін зерттеуді міндеттейді. Айталық, Қазақстан Республикасының өңірлерінде әлеуметтік-экономикалық, білім-мәдени дамуы бірдей жағдайда емес. Мысалға елдің екі ғана өңірін (Атырау мен Қостанайды) алып салыстырып қарап көрейік. Қостанай облысы көпсалалы дамыған экономикасы бар, халықтың территорияға орналасуы дерлік біркелкі, ауыр өнеркәсіп индустриясы мен аграрлық индустриясы қатар дамыған, сол негізде қалалары мен инфрақұрылымы да дамыған, халқы көпэтносты өңір. Соған сай білім жүйесі де озық дамып келеді. Барлық балалар балабақшамен, сапалы білім бере алын мектептермен қамтылған. Дағдарысты 90-шы жылдарға дейін балалардың шығармашылық ұйымдары, музыка мектептерін дамытуда қала мен ауыл арасындағы алшақтық дерлік жойылған болатын. Экономикалық дағдарыс салдарынан да бұл өңір есін ерте жиып, білім мен тәрбие жүйесін бірқатар басқа өңірлерге қарағанда тезірек орнына қойып үлгерді. Ал Атырау облысына келсек, біз өңірдегі қалалардың, жоғары оқу орындары мен кәсіби даярлық мекемелерінің аздығын, балабақшалар мен жаңа тұрпатты мектептермен балаларды қамтамасыз етудің әлі жеткіліксіздігін байқайсыз. Оның басты бір себебі облыстың территориялық-географиялық ерекшеліктерінде. Территориялық кеңістігінің басымы көпсалалы шаруашылық үшін қолайсыз. Жалғыз қаласы бар, негізінен мал өсірумен шұғылданушы тұрғындардың қоныстануы өте шашыраңқы. Негізінен құрғақ, құмдақ географиялық-территориялық кеңістік ата жұртын мекен еткен жергілікті халықтан басқалар үшін тартымды болмаған. Әлі де болса ата қоныстан ажырамауды дәстүр еткен жергілікті халық ылғалдығы жеткіліксіз территориялық кеңістікте бытыраңқы орналасу дағдысынан әлі ұзап кете алмаған. Дәл осындай қоныстану жағдайлары материалдық базасы мен оқытушылардың кәсіби құрамы талапқа сай бола бермейтін шағын ұйымдасқан мектептердің санын арттырды. Егер өңір халқы неғұрлым тіршілікке, еңбекті озық ұйымдық-технологиялық үлгіде ұйымдастыруға қолайлы территориялық кеңістіктерге шоғырлана қоныстанса, әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету жүйесін дамытуға қолайлы жағдай жасалар еді. Ал мемлекет болашағы үшін керегі – ата-анасының экономикалық жағдайына, қоныстануы ерекшелігіне, этностық құрамына байланыссыз, әрбір өселең азаматтың дер кезінде сапалы білім мен мәдениетке қол жеткізуі, ой өрісінің дамуы, заманауи тәрбиеленуге құқығының толыққанды іске асырылуы. Отандық білім жүйесі өңірлік-территориялық ерекшелерді ескере отырып, барлық балалардың дер кезінде сапалы білім алуына, кәсіби жетілуіне барынша бейімделуге тиіс. Әйтпегенде «арзан еңбек ресурсы» мен әлеуметтік ауытқуға бейім адами ресурсты мемлекет өз қойнауында өзі дамытқан болып шығады. Әсіресе халықтың орналасуы тығыздығы мен табиғи өсімі жағынан алдыңғы қатарда тұрған өңірлер үшін бұл

мәселе барынша өзекті болып қала беруде. Ондай өңірлер қатарында елдің оңтүстігін ала орналасқан өңірлерінде жатқызуға болады.

Білім мен тәрбиенің зайырлылығы тұрғысы. Діннің негізінде адамдарды топтарының табиғаттан тыс және одан жоғары тұрған бір құдіретті күш бар деп сеніп, сол сеніміне сай рәсімдерді, жора-жорғыларды іске асыруы арқылы қатынасын білдіруі жатыр. Ғасырлар бойы тереңдей түскен діни сенімдер қоғамдар мәдениетіне еніп, сенімшілер өмір салтының елеулі саласына айналған. Көрінбейтін күшке сиынады, табынады, тылсым сезімімен бөлісіп, жан-дүниесіне, тіршілігіне қолдау болуын өтінеді.

Алайда діни сенімге бетбұрыс кемеліне келген азаматтың өзінің ерікті таңдауы болуға тиіс. Ерте жастан балалар мен жасөспірімдерге ересектердің діни сенімді тықпалап таңуы әлеуметтік-психологиялық ауытқушылыққа, тұлғалық біржақтылыққа алып келуі, өзінің жасампаздық өміртіршілігін өз қолымен жасауға ықпалсыздығына алып келуі ықтимал. Өзі кемел жасына келіп, ерікті түрде сенім жолын таңдауға даяр болмай тұрып, жасынан оның санасына діни сенімді тықпалау мемлекеттің діни сенім еркіндігі туралы заңына және зайырлы қоғам нормаларына қайшы келеді. Әсіресе өскелең жасқа діннің шынайы құбылысы мен мазмұн-мағнасы туралы білім беймәлім жағдайда. Ал басқалардың түсінігі мен бағыт-бағдарын қабылдай салу айналадағы өмірлік құбылыстарға шынайылық көзқарас тұрғысында өзін ақтай бермейді.

Білім мен діннің батыс елдеріндегі капиталистік қоғамның ғылым мен білімді дамытуға сұранысының артуымен байланысты бір-бірінен заң негізінде бөлінуі кездейсоқтық емес. Қоғамға өзінің тұлғалық қабілетіне, әлеуметтік мобильділігіне сенетін және сол әлеуметтік мобильділікке білім мен ғылым негізінде өзін даярлай алатын азаматтар керек. Әсіресе Қазақстан сияқты ғылымға негізделген экономика, интеллектуалдық ұлтты қалыптастыру арқылы жоғары дамыған елдер қатардағы еруге ұмтылыс жасаған мемлекет үшін мұндай үрдіс барынша маңызды. Қазіргі еуропа елдері де заман талабына сай білім жүйелері қызметін жетілдіру жолында. Дәл осы жағдайда білім жүйесін дамытушыларды мектеп оқушыларының теологиялық ойлау дағдысы қатты алаңдатууда. Теологиялық ойлауға бой алдырған жас азаматтар еуропалық өркениеттің болашағын қамтамасыз ете ала ма? – деген сұрақ қойылуда. Мектеп білімі мен тәрбиесін зайырлылық бағытына өзгерту өзекті міндетке айналууда. Ал қазақстандық қоғам болса, белгілі әлеуметтік-саяси, идеологиялық-саяси және экономикалық жағдайларға байланыста еуропалық елдердің кешегі, ескіре бастаған тәжірибесін қайталау жағдайын бастан кешіруде.

Жаһанданушы әлем, ХХІ ғасырдағы саяси, экономикалық бәсеке, ірі әлемдік алпауыттардың ықпал ету аймағы үшін өзара күресі діни сенімге байланысты өзекті мәселенің тағы бір бетін ашып көрсетіп отыр. Ол-түпкілікті саяси мақсаттарды іске асыру барысында қатерлі ғылыми-технологиялық жойқын қару-жарақтарды пайдаланудан гөрі психологиялық қару-жарақтың алғашқы орынға қойылуы. Сананы жаулап алу арқылы ықпалды іс-әрекетін шындыққа айналдыру. Оның екі басты жолы таңдалуда. Бірі ақпараттық технологиялар күшімен санаға ену, екіншісі-діни сенім жолымен сана кеңістігін жаулап алу. Мәселе тірек негізіне тек дәстүрлі діндердің ғана қойылып отырылмағанында. Іштен іріткі салу үшін діни сенімнің күмәнді, ауытқыған түрлері пайдаланылууда. Өлшеусіз қаржы құйылған әртекті миссионерлік қозғалыстар жыланша жорғалап еніп, иланғыш, аңқау қауымдастықтардың іш-бауырына еніп, санасын жаулап, тамырланып алу әрекетін іске асырууда. Қазірдің өзінде діни сенімді жамылғы еткен ондай үйлестірушілер, бейімдегіш ықпалдар тек бір елдің әлеуметтік топтарын ғана емес, тіпті бір отбасы мүшелерін бір-біріне қарсы қойып, әлеуметтік қарым-қатынастарға кері әсерін тигізуде. Ондай сенімдерге иланған жандар үшін «ұлт тұтастығы», «мемлекет қауіпсіздігі», «қоғам алдындағы жауаптылық» сияқты азаматтық мәнді сенімдер күшін жояды.

Сенімшілер дегеніміз – осы қоғамның мүшелері, мемлекеттің азаматтары. Бір жағында мемлекет, оның білім жүйесі, екінші жақта – діни сенімшілер мен діни сенім тіректері болып табылатын діни мекемелер. Екеуінің арабайланысын зайырлылық мәдениеті талаптарына сай келтіру – қай елге болмасын өзекті қоғамдық мәселе [5].

Ата-аналардың, қоршаған әлеуметтік ортаның діни сенімге балалар мен жасөспірімдерді олардың өз таңдауынсыз (таңдау жасау жасына олар әл келе қойған жоқ) тартуы, «құдыретті күшке» иландыруы мемлекеттің зайырлылығымен үйлеспейді. Діни сенім бұзақылықтан, есірткіге бой ұрудан, қылмыстан, компьютерманиядан қорғаудың сенімді құралы деп түсіну осы түсінікте тұрғандардың өзінің адами әлсіздігін, дәрменсіздігін дәлелдейді. Білім институттары қызметкерлерінің өз арасынан діни сенімді насихаттаушылардың көбеюі – мемлекеттің, қоғамның зайырлылығына үлкен соққы әкеледі. Бұл ұстаздық шеберліктің белгісі емес. Ұстаздар мен тәрбиешілерді жұмысқа қабылдау барысында жеке бастық діни сенім мен көзқарастың бейтараптығы тексерілуге тиіс, білім ордасына жекебастық діни иланым мен көзқарас алып келінбеуі қағалануға тиіс деп тұжырымдаймыз. Бұл елдің рухани, идеологиялық қауіпсізді-

гі мәселесінің, түптеп келгенде мемлекеттің тәуелсіздігі мәселесінің бірі. Білім мен әлеуметтік тәрбиенің зайырлылығының, жастардың өмірлік құбылыстарға қатынасы мен көзқарасының ғылыми негізділігінің қажетті алғышарты.

Білім (тәрбие, оқу, даму) үрдісіне оқушының өзінің білімдену үрдісі тұрғысынан келу. Әрине, ұстаздардың оқу-тәрбие қызметін ұйымдастырудағы, бағыттау, бағдарлау, қажетті ғылыми-практикалық ақпаратты оқушы адамға жеткізіп бере отырып оны түсінікті ету, игерту, өмірлік дағдыға, тәжірибесіне айналдыруындағы орны ерекше. Дегенмен бірілген білімдік ақпаратты қабылдай алу, оны ой елегінен өткізу, түсіну, санасына қажеттісін қондырып алу, өз ісінде оны тәжірибелеу, түсініп қабылдағанды өзінің өмір-тіршілігінің негізіне айналдыра алу, өзінікі етіп алған білімді ары қарай қозғалысқа келтіру ісі оқушының өзінің нақты іс-әрекеті. Дәл осылай болғанда ғана ол білімденді. Өзінің еңбегі арқылы, «инемен құдық қазғандай» деп сипатталатын еңбегі арқылы білімденді. Осы іс-әрекетті ұйымдастыра білген ұстазды, оның еңбегін ондай оқушы, сөзсіз, жоғары бағалайды. «Ұстазым, менің ҰСТАЗЫМ!» дегізген ризашылық, мақтанш сезімдерін тудыратын да нақ осындай, өзінің шынайы тұлғалығымен көрінген ұстаздар. Осылайша, білімдендіруші мен білімденушінің шығармашылық еңбегінің үйлесімінде адамзат жинақтаған әлеуметтік тәжірибенің озық үлгілері бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жеткізіліп беріле отырып, адамзаттық өркениеттің сақталуына және жаңғырып отыруына, одан ары қарай дамуына жол табады. Бұғанға дейінгі тәжірибені санасымен қабылдап, оны өз біліміне, интеллектуалдық ресурсына айналдырған тұлға ғана оны ары қарай, уақыт, қоғам, өндіріс сұранысына сай дамыта алады. Ондай білім жаттанды, жасанды, тек баға алу үшін ғана ойына сақтауға тырысқан білім емес, оқушы жастың өзінің саналы еңбегінің, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі бақылаушы бола отырып, ішкі интеллектуалдық мүмкіндігін жұмылдыруы қызметінің нәтижесі. Білімдену үрдісін білім алушының саналық, жоғары санаға, әлеуметтік санаға негізделген қатынасынан тысқары қарау негізсіз болар еді. Осындай әдіснамалық тұрғы туралы сөз болғанда білім алушының өзіндік санлы оқу қызметі туралы ілім қалдырған философ Э.В.Ильенковтың[6], психолог Л.Выготскийдің[7], әлеуметтанушы В.Я.Нечаевтің[8], философ әрі әлеуметтанушы Ж.Т.Тошкенконың[9] аттарын атап айту орынды.

Дамушы әлеуметтік орта жасау тұрғысы. Тұлғаның қалыптасуы өмірге биологиялық құбылыс болып келген жас баладан тәбиелеу арқылы әлеуметтік тұлға өсіре алатын әлеуметтік және талапкерарами ортаның болуымен тікелей байланысты. Негізінен табиғатында бірдей болып туған балалардың өсе келе даму деңгейінің өте әркелкі болуының басты себебі осында. Бірі бала жанын аялай отырып, алдында тосып тұрған өмірлік қатынастарға білгірлікпен, байыппен даялай алды, екіншісі, керісінше, баланың бойына табиғат берген адами қасиеттерді тұншықтырды, қорлады, өзінің қисық тәжірибесіне үйретті, ақыры қикар, әдепсіз, білімді жаны жақтырмайтын адамды қалыптастырды. Оның үстіне отбасыларының қалағанынша балаға білім мен тәрбие беруге материалдық және мәдени мүмкіндіктері де бірдей емес. Сол себепті мемлекеттің сенім артатыны – білім институттары – балабақша, мектеп, кәсіби білім ордалары. Дәл осы білім мекемелерінің өзекті міндеті – әрбір білім институтының есігін ашып кірген бала, жасөспірім, жастар үшін «Дамытушы әлеуметтік орта»[10] жасау. Неге «әлеуметтік орта»? Себебі – бұл адамдардың әлеуметтік арабайланыс ортасы. Бірі ізденуші, екіншісі ізденушіге білімі көмекке келіп, бағыттаушы, бағдарлаушы, ұстаз, тәрбиеші, сенім артар мәдени, адамгершілік тірегі. Арабайланыстар әлеуметтік сипатта: әрқайсысының іс-әрекетінің өзіндік әлеуметтік мәні бар. Бірі үйренгісі, дамығысы келеді, екіншісінің дамытқысы, үйреткісі келеді.

Ал сынып пен мектеп оқушылары, топ ұжымдары – қоғам әлеуметтінің өзіндік шағын қауымдастығы. Егер осы шағын әлеуметтік ортада өзін сол ортаның жауапты бір мүшесі ретінде танып, ортақ іске жауаптылықпен қарап үйренген жас азаматтың ертең ержеткенде өз қоғамы, халқы, әлеуметтік ортасы арасында әлеуметтік жауаптылығын сезініп, сондай көзқарастық тұрғыда еңбек ете алатыны анық. Мұндай әлеуметтік-мәдени психология жапондық тәжірибеде бала бақшадан басталады. Ондай адами дағды экономикасы жоғары дамыған батыс елдері жол беріп, тамырландырып алған жеке бастық экономикалық эгоизмнің алдын алуға мүмкіндік берген болар еді. Ұжымдық еңбек мәдениеті жекебастық немесе жеке оқушы мен ұстаз арасындағы еңбек шығармашылығын жоққа шығармайды, керісінше ұжымдық шығармашылық еңбекке берік негіз бере түседі. Таланттылар еңбегінің, оқу еңбегінде өнімді нәтиже көрсетушілер айналасындағы құрбыластары, сыныптастары мен оқушылар ұжымы үшін тәрбиелік және тәжірибелік мәні зор. Ізгілікті және бір-біріне әділ де қатаң талап қоя білетін әлеуметтік ортадан шынайы тұлғалардың өсіп шықпауы мүмкін емес. Сол себепті «Дамушы әлеуметтік орта» білім әлеуметтануының зерттеу құбылысы және білім жүйесі үшін әдіснамалық негіздің бірі. Отбасы мен білім институттарының өскелең ұрпақ үшін дамытушы әлеуметтік орта жасай алуы мен елінің білімді және тәрбиелі азаматын өсіру ісі тікелей байланысты. Осы екеуінен тыс жатқан адами ортаға, бүкіл қоғамға да қойылатын талап да осындай. «Адамына қарап ортасын таны» деп бекер айтылмаған.

Білім беру ісіне **ғылымаралық байланыс тұрғысынан келу** тәрбиеленуге тиісті тұлғаның өзін ғылыми жобалап, үгілеп алу үшін, ғылыми, әлеуметтік негізделген білім бағдарламаларын даярлау үшін барынша өзекті. Адамды ғылыми танып-білу, биологиялық және әлеуметтік біртұтас тұлғаны тәрбиелеу мүддесі ғылымдардың өзарабайланысын арттыруды талап етуде. Оның үстіне оқытылатын пәндердің қатарын азайтып, керісінше бір-біріне жақын ғылымдардың өзара кірігуі, бірін-бірі байытуы негізінде берілетін білімнің мазмұндылығын, білімдік-тәрбиелік тиімділігін арттыру қазіргі білім жүйесінің барынша өзекті даму бағыты. Ғылымдарды өскелең ұрпақты әлеуметтендіру мүдделері біріктіреді. Бәрінің ортасында тұрған бір құбылыс. Ол – адам. Әр ғылымның оның тек жекелеген жақтарын ғана зерттеп, содан тұжырымдар жасаумен шектелуінің тиімсіздігі әбден дәлелденді. Ғылымдар арасындағы бытыраңқылық санадағы, әлеуметтік іс-әрекеттегі, интеллектуалдық дамудағы, адамгершілігі тәрбиедегі, жасампаздық еңбек етудегі бытыраңқылыққа жол беріп келеді. Сондықтан да болар қазіргі жағдайда батыстық және шығыстық ғылыми ортада ғылымаралық арабайланыстар туралы жиі айтыла бастады.

Сонымен, аталған әдіснамалық тұрғылар кез келген қоғамның өркеніетті болашағын жасай алатын ұрпағын өсірудің, ұлттық білім мазмұнының осы ғылыми ережелерге негізделіп жасалуының, іске асырылуының қажетті ғылыми-практикалық заңдылықтары, қажетті алғышарттары.

1.3 Отандық білім әлеуметтануы әдіснамасының эволюциялық қырлары

«Отандық білім әлеуметтануы» тарихын өткен ХХ мыңжылдықтың 80 жылдарынан бастау алған. Оның эволюциялық қозғалысы осы жылдардағы Кеңес одағындағында «әлеуметтану» ғылымын қайта жандандырып, жаңғырту жұмысымен байланысып жатты. Бұл ғылым 20-шы жылдардың аяғынан бастап 70-ші жылдардың аяғына дейін, жарты ғасыр бойы ғылыми аренадан аластатылған еді. Басты кінә – бұл ғылымның шыншылдығында, әлеуметтік қатынастар шындығына негізделетінінде еді. В.И. Ленин қайтыс болғаннан кейінгі жылдары «Сталиндік қызыл террордың» басталып, қарқын ала бастаған уақытында режим жақтастарына шынайылық ғылымының қажеті болмады. Қоғамтану ғылымын бейне-леуші тек маркстік-лениндік философияға ғана жол ашылды. Тек тарихта «хрущевтік жылылық» деп аталған кезеңде ғана әлеуметтану ғылымы біртіндеп қоғамдық өмір ортасына қайта орала басады. Оның сол уақыттағы аты «Ғылыми коммунизм» болатын. Атына сай, «капитализ мен социализмнің» тайталас-қан бәсекелестігі жағдайында оның әлі әлемдік ғылыммен байланысы болмады, тек дәстүрлі маркстік-лениндік ілім шеңберінде қала берді. 1988 жылғы Кеңес үкіметінің елде әлеуметтану ғылымын дамыту туралы арнайы шешімі елдегі ғылымның бұл саласына жаңа қарқын беріп жанжандырды, бірқатар алдыңғы қатарлы ел университеттері жанында «әлеуметтану» мамандықтары мен факультеттері кафедралар ашылды. Орталық қалаларда бірнеше ірі әлеуметтанулық зерттеу институттары мен орталықтары, ірі өндірістер жанында әлеуметтанулық зертханалар ашылды. Қазақстанда Қазақ ұлттық университеті осындай игілікті істі бастау мүмкіндігіне ие болды, «әлеуметтану» мамандығы бойынша білікті кадрлар даярлау қолға алынды. Бұл үрдістің басы-қасында қазақстандық әлеуметтану ғылымының негізделуі мен дамуына интеллектуалдық тірек болған ғалымдар – философия ғылымдары докторы, профессор, Қазақстан ғылымына еңбегі сіңген қайраткер М.С. Аженов пен философия ғылымдары докторы, профессор, Ресей Федерациясы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер Н.А. Аитов тұрды. *(айта кетерлік жай, елде әлеуметтану ғылымы бойынша ғылыми еңбектерді қорғататын кеңестердің 90-жылдарға дейін болмауына байланысты әлеуметтанушы ғалымдар диссертациялық жұмысын философиялық кеңестерде қорғауға мәжбүр болған еді – Автор).*

Білім әлеуметтану орталығы алғашқы болып Кеңес Одағы педагогикалық ғылымдар академиясының (Мәскеу) ішінде құрылды, 1980 жылы Орталық жетекшісі Р.Ф. Филипповтың «Социология образования» монографиясы [11] жарық көрді. Бұл еңбекте баяндалған басты әдіснамалық тұрғы қандай еді? Мемлекеттің білім институттарына жасаған тапсырысы мен оның орындалуы үрдісі. Зерттеудің негізгі пәні – қоғам мен білім мекемелерінің арабайланысы болып табылды. Зерттеу проблематикасы осы арабайланысына шығарылды. Дегенмен тәжірибелі зерттеуші, философия ғылымдарының докторы, профессор 1991 жылғы жарық көрген жаңа монографиясында «Егер біз үзіліссіз білім жүйесін қарастыратын болсақ, неге оның мазмұнына назар аудармауымыз керек?» деген ойын білдірді. Бірақ одан әрі бара қоймады.

1992 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің ғалымы (кейін әлеуметтану ғылымдары докторы, профессор) В.Я. Нечаевтің білім әлеуметтануы методологиясына арналған «Социология образования» [12] деп аталған монографиясы жарық көрді. Автор елеулі жаңа қадам жасады. Білім институты субъекті-лері болып табылатын оқушылардың «оқу қызметі – білім әлеуметтануының пәні болып табылады» деп жазды. Яғни, білім әлеуметтануы білім беріліп жатқан мекеменің ішкі қызметіне бет алды. Ал 1991 жылы Семей педагогикалық институтының доцентінің (Т.Ж. Қалдыбаеваның) «Дошкольное образование: теория, методология и методика» [13] деген шағын еңбегі жарық көрген еді.

Кейін келе бұл шағын еңбек-тің бірнеше ерекшелігімен байқалғаны белгілі болды. Біріншісі – мектеп жасына дейінгі балалар білімін білім әлеуметтануының өзекті танымдық құбылысы ретінде қарастыруы, екіншісі осы мақсатты іске асыру барысында әлеуметтану ғылымын психология және педагогика ғылымдарымен тікелей танымдық байланысқа шығаруы, үшіншіден, «балабақша» деп аталатын білім институтының ішкі білімдік-мәдени тіршілігін әлеуметтану ғылымының пәні етіп қарастыруы. Осы әдістемелік тұрғыда, білім-тәрбие беру үрдісін қамтамасыз ететін басты құбылыстарды –білімнің мазмұнының, білікті кадрдың даярлануының әлеуметтік аспектісін білім әлеуметтануының танымдық құбылыстары ретінде зерттеуді негіздеуі. Автор мектепке дейінгі білім мен мектеп арасындағы сабақтастықты заңдылық ретінде бағалай отырып, оның проблемалық қырларын әлеуметтанулық зерттеудің қажеттілігіне бағдарлады. Аталған ғылыми қойылымдар автордың 1994 жылы жарық көрген алғашқы «Детский сад и жизнь: социальные проблемы развития детских дошкольных учреждений в Казахстане» [14] деп аталған монографиясында жан-жақты негізделіп, кеңейтіліп берілді.

Аталған зерттеулер нәтижелерінен сол тарихи кезеңдегі отандық білім әлеуметтануының әдіснамалық негіздерінің даму жолын көруге болады. Кейін келе Достастық елдеріндегі білім әлеуметтануының дамуына елеулі үлес қосқан ғылыми орталықтар мен ғалымдар қатары артты. Соның ішінде Ресейдің Саратов қаласындағы философия ғылымдары докторы, академик Валентина Ярская бастаған ірі әлеуметтанулық ғылыми орталықты, Ресей ғылым академиясының қойнауында «Әлеуметтік болжамдау және жобалау» орталығының жетекшісі И.В.Бестужев-Ладаның басшылығымен жасалған зерттеулерді атауға болады [15].

90-жылдардың ортасына таман социалистік елдер жүйесінің ыдырауынан кейін Тәуелсіз мемлекеттер Достастығы ғалымдарының алыс шет ел ғалымдарының, ғылымының нәтижелерімен танысу мүмкіндігі кеңейді. Бірқатар ғылым еңбектері бұл кеңістік үшін түсінікті тіл – орыс тіліне аударылды. Осылайша біз тек ендігі жерде бастысы ғылымымен, білім әлеуметтануының отаны – француз білім әлеуметтануымен, оның негіздеушісі Эмиль Дюркгейм еңбектерімен, Дюркгеймнің ғылыми мектебін жалғастырушы ғалымдар еңбектерімен жақын танысу мүмкіндігіне ие болдық. Сөйтіп, білім әлеуметтануының іргелі ілімдеріне қол жеткіздік, Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық шындығында, қоғамдық сұранысында туындаған ғылыми ізденістердің, оның ғылыми, ғылыми-практикалық нәтижелерінің куәсі бола алдық.

1.4 Праксеологиялық әлеуметтану – теория мен әлеуметтік тәжірибенің біртұтастығы.

Праксеологиялық әлеуметтану негізінен бір-бірімен іштей өзара байланысып жатқан зерттеудің үш құрылымдаушысының (теория, методология және эмпирикалық) логикалық жалғасы. Ол әлеуметтік зерттеу және әлеуметтік жобалаудың төртінші қорытынды бөлімін құрайды. Праксеологиялықтың іске қосылуы нәтижесінде әлеуметтік теория мен оның нәтижесінен күтілген әлеуметтік тәжірибе арасындағы орын алып келген алшақтық жойылады. Нәтижесінде мақсатты зерттеу күтілген әлеуметтік нәтижеге қол жеткізіледі. Праксеологиялық кезеңнің басты бір ерекшелігі – ортақ мүддені көздеуші ғылымдардың өзара байланысқа шығатыны, бірлесе отырып әлеуметтік мәнді идеяны шынайы әлеуметтік тәжірибеге айландыра алатыны. Ойымыз түсінікті болуы үшін мектепке дейінгі білім және жалпыға бірдей білім беретін орта мектеп саласында жүргізілген әлеуметтік тәжірибелеріміз тарихынан нақты мысалдар келтіруді жөн көрдік. Біздің әлеуметтік тәжірибелерімізді өмірдің өткір сұранысының өзі тудырған еді.

Өткен мыңжылдықтың 90-жылдары, аса ауыр экономикалық дағдарыс жылдары жас Қазақстан елінде бұрынғы болған балабақшалар саны тез арада қысқарып, жаңасын салуға экономикалық мүмкіндік болмай, елдегі мектеп жасына дейінгі балалардың балалар бақшасына зәрулігі артты. Әсіресе ауыл балаларының педагогикалық мамандар көмегімен мәдени-педагогикалық ұйымдастырылған балалар бақшаларына сұранысы жоғары болып қала берді. Нәтижесінде мектепке «білім аламын» деп келіп жатқандарының басым көпшілігінің әлеуметтік, интеллектуалдық жетілмегендігі оның алдағы өміріне тигізетін жағымсыз салдарлары бізді осы мәселені мүдделілікпен зерттеу ісіне біражола бет бұрғызған еді. 1989 жылы Кеңес елі жағдайында балабақшаларын дамыту ісі өте әрқелкі еді, бір республикада балалардың 70 пайызының балабақшаға бару мүмкіндігі болса, екіншісінде бұл көрсеткіш 16 пайыз болды. Бірақ көптеген қала балабақшалары өте жоғары тығыздықта жұмыс істеді, кейбір ауылдық «балабақшаның» аты болғанымен заты мәніне сәйкес емес еді. Ең проблемалы балалар ортасы кең байтақ қазақ даласына бытырай орналасып, ауыл шарушылығы салаларымен шұғылданған еңбеккер отбасылары балалары еді.

Егер 1991 жылы Қазақстанда 8881 бала бақша жұмыс істеп тұрса, 1998 жылы оның саны 1558 ге дейін қысқарды. 1989 жылғының тек 17,5 пайызы ғана сақталды [16]. Ел экономикасының әлі аяғынан тұрып болмаған уақытында балалар мекемесінің қажеттілігін айта бергеннен келер пайда жоқ. Қоғамның жағдайы түзеліп болғанша мына мыңдаған қазақстандық балалар мектепке еш даярлықсыз бара бермек пе?

Осындай ойлар маза бермеді, ақыры бір идеяға алып келді. Ол – келесі жылы мектепке баруға тиісті 5-6 жастағы балалар үшін бір оқу жылдық білім беру ісін ұйымдастыру қажеттілігі және оны біздің, яғни ғылымның жан-жақты негіздеп беруі. Тағы да сұрақ: Мен әлеуметтанушы ретінде оны дәлелдермін – ау, бірақ ол әлі теория ғана ғой. Теорияны практикаға айландыру үшін маған маман педагогтар мен психологтармен күш біріктірмесе болмас! Осы ой мектепке дейінгі педагогика және психология кафедрасына жол тартқызды. Әріптестеріме идея ұнады. Нәтижесінде уақытша шығармашылық топ құрылып, «Бұрын балабақшаға бармаған 5-6 жастағы балаларға білім берудің әлеуметтанулық және педагогикалық-психологиялық бағдарламасы» туындады. Ақылдаса отырып, шартты 33 сағаттық жүктемеге есептелген 7-8 шартты пәндер мазмұны жасалды, құрылымдылды, өлшемделді, мазмұндық және ұйымдық жағынан рәсімделді. Алайда біз әлі теорияның ішінде жүрміз. Ендігі міндет – алынған ғылыми нәтиженің іске жарайтынын, өмір сұранысымен сәйестілігін, ұйымдастыру мүмкіндігін тәжірибеден өткізу болды. Әлеуметтік және әлеуметтік-педагогикалық тәжірибелеу алаңын табу міндеті тұрды. Бұл да өз кезегінде күрделі мәселе болып шықты. Көптеген шарушылық және әкімшілік басшылары маған бір қиялшыл, шындықпен үйлесімі жоқ нәрсемен шұғылданып жүрген адам ретінде қарайтын. Талай іс сапарлар, кездесулер, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. 90-жылдардың бастапқы жылдарында, әлі кеңестік қоғам кезіндегі кеншарлар мен ұжымшарлар таратылып болмаған жылдарында, «Іздеген табады» дегендей, екі іріленген ауыл орталықтарының шаруашылық басшылығының түсінігіне ие болу бақыты қолға тиді. Биліктің сол кеншарлар басшылығының қолында болуы біздің ғылыми тәжірибеміз үшін бір ортадан қаржы салуға, бір ортадан ұйымдастыру мәселесін шешуге мүмкіндік берді. Осылайша Семей педагогикалық институты басшылығының, облыстық білім басқармасының қолдауымен біздер – әлеуметтанушы, педагог, психолог үшеуіміз эксперименттік базаларда ғылыми-практикалық істерімізді бастадық. Жиі-жиі келіп тәжірибе барысын қадағалап, педагогтарға, ата-аналарға, балаларға көмегімізді көрсетіп, тиісі түзету жұмыстарын атқарып тұрдық. Екі оқу жылы бойы жасалаған тәжірибелеу жұмысы оң нәтижесін берді.

Әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық тәжірибеленуден өтті?

Ең алдымен, балалар төңірегіндегі әлеуметтік қатынастар: әке мен анасының бала біліміне сұраныс деңгейі, сұранысын орындауға қатынасуға психологиялық бағдарлануы, олардың баласы білімін ұйымдастыру әдістеріне, оның мән-мағнасына қатынасы, ұйымдастырушылар мен отбасы мүшелерінің әлеуметтік арақатынасының әрқелкі қырлары, тәрбиешілер мен ата-ана қатынасы мен өзара талаптарының қырлары, қаржыландырушы басшылардың қоғамдық түсінігі мен әлеуметтік санасы, әлеуметтік жауаптылығы, мектеп басшыларының тәжірибеленуші іске көзқарасы мен қатынасы, шаруашылық, инфрақұрылым мәселелерін қамтамасыз етушілердің игілікті іске көзқарасы мен қатынасы т.б. Ең бастысы – балалардың өзінің түсінігі, көңіл-күйі, басқа балалар ортасындағы мінез-қылығы өзгерістері, танымдық қабілеті, жаңа жағдайға психологиялық бейімделуі мүмкіндігі. Адамдық арабайланысқа, оның өзгерістері мен мән-мағнасына бағдарланғандығымен де бұл тәжірибелеу ең алдымен әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық тәжірибе сипатында еді. Сонымен қатар, педагогикалық идеялардың, бағдарламалық міндеттердің де іске қойылуы мен іске асырылуы адами арабайланыспен, оның қыр-сырымен үйлесіп жатты. Сол себепті біздің тәжірибе әрі әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы тәжірибе, оның екі қырын бір-бірінен бөліп алып қарау негізсіз болар еді және күтілген нәтижеге де жеткізбеген болар еді.

Тәжірибелеу орталығына келген 5-6 жастағы балалардың бір тобы ауылдың бұрын балалар бақшасына бармаған балалары болса, екінші тобында орталық ауылдан шамамен 7-10-12 км қашықтықта орналасқан шағын қоныстардан келген балалар болды. Жағдай ұйымдастыру және психология мәселесіне екі түрлі қатынасты талап етті. Бала бақша ішінен тәулік бойы жұмыс істейтін шағын топ ашылды. Бұл сынақ жұмысына тереңірек мән мен мазмұн бере түсті. Балаларды тасымалдау мәселесі де, ата-аналардың әлеуметтік-психологиялық қатынасы да тәжірибелеу бағдарламасына енді.

Бізге зор әсер еткен жағдай – ата-аналарының баласының бағдарламаға сай білім мен мәдениет алуына деген зор ынтасы, жоғары сұранысы. Ол үшін олар кейбір ұйымдық жұмыстардың кейбір қиындықтарын да бізбен бірге жеңуге даяр екендігін көрсетті. Ал шеткері ауылдың балалары болса, көңіліндегі күдікті тез жеңе алатынын, балалар арасындағы ұйымдасқан тіршілік тынысына барынша тез бейімделетінін, ұялшақтығы мен тұйықтығынан да тез арыла алатынын, білімге құштарлығын байқатты. Басқа балалар арасында өзін еркін ұстауға әсіресе өнер, музыка, би, құрастыру сабақтарының зор ықпал ететінін көрдік. Тағы бір көрініс, жергілікті балалардың сыртқы ауылдан келген балаларды жатсынбауы, керісінше оларға қол ұшын беріп, бауыр тартып, мейіріммен қарап, сабақта, ойында, ырғақты билеуде өз қатарларына қосылып кетуіне қолайлылық тудырғаны.

Айтылуы керек құбылыстың бірі мал бағу кәсібімен шұғылданатын отбасылар балалары арасында өзінше «аристократ» балалардың кездескені. Жасы алтыдан асқан бір баланың, екі қолын қалтасына

салып алып, бізге жоғарыдан қарап, ұзақ уақыт бір жерде табжылмай тұрып, біздің өзімізді өзіндік зерттеуінен өткізген қалпы есімде қалды. Кейін балабақшаға келген соң мен де ол баланы ерекше назарға алдым. Оған ырғақты би және музыка сабағы өте қатты ұнады. Бірақ билеуге әлі үйренбеген. Көңілі кетіп тұрғанымен аяқ жүрмейді... Бір жұма өткен соң ол қатарға қосылып кетті. Көңілімде, «мына бала бір байсалды және талантты азамат болатын шығар» деген ой қалды. Енді бір алты жастағы бала орталықтан 5-6 км жердегі қоныстағы үлкен әкесі мен әжесінің үйінде жиі болатын. Атасы біздің әңгімемізден соң бірден: «балам ешқайда бармайды, әлі кішкентай» деп қайрып жауап қайтарды. Біз ешкімге зорлық жоқ, мәселені ата-ананың өздері шешетінін айттық та, хош айтысып шығып кеттік. Ал ертеңіне атасы немересін өзі ат арбамен балабақшаға алып келіп, баласының білім алуын өзі қадағалайтынын, оның білімді жақсы азамат болғанын қалайтыны бізге түсіндірумен болды. Тәжірибені ұйымдастыру және оның нақты іске қойылуы барысында адами арақатынастар мен мінездердің әркелкі қырларымен жүздесуге тура келген еді.

Сонымен, екі оқу жылы бойы іске қосылған әлеуметтік-педагогикалық бағдарламаны қыруар тәжірибе әкелді. Ол жинақталды, талданды, алған нәтиже оқу-әдістемелік құрал ретінде рәсімделді. Бұл тұста негізгі салмақ педагогтарға түсті. Қорытындылай, ақылдаса келе бұрын балабақша тәрбиесінде болмаған 5-6 жастағы балалардың арнайы бағдарлама бойынша алған білімі мен тәрбиесін «Мектепалды» деп атауға келістік.

Келесі міндет-атқарған ісімізді еліміздің Білім министрлігі алдында баяндау болды. Баяндалды. Бірақ бірден емес, әлденеше жасалған талпыныстардан кейін ғана білім жүйесінің ең жоғары басшылығының назарына Мектепалды тәжірибесі ілікті. Нәтижесінде Семей педагогикалық институты (дәл сол кезде «Семей мемлекеттік университеті) базасында білім министрлігі бір жыл мерзіміне есептелген Уақытша ғылыми шығармашылық топ құрылып, оған бір жыл ішінде Мектепалдының ғылыми Концепциясын және екі (қазақ, орыс) тіліндегі бағдарлама мен оқу-әдістемелік құралын жасау тапсырылды. Бұрынғы әлеуметтанушы, педагогтар мен психологтен тұратын топ іске құлшына кірісіп кетті. Тапсырыс орындалды. Әрине, оп-оңай емес. Ара тұра бірқатар мәселелер бойынша өзара қызу айтысып та алатын едік. Соның бастысы – балалар біліміне біржақты, яғни, тек педагогикалық тұрғыдан ғана қарамау, оқу-тәрбие мәселесінің әлеуметтікқырын назардан шығарып алмау болатын.

Шығармашылық топ жұмысын қабылдаушы білім министрлігі оны құптап, жоғары атқарушы билік назарына ұсынды. Басты нәтиже – 1999 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен «Мектепалдының» мемлекеттік бюджет есебінен өмірге жол тартуы. 2001 жылғы ЮНИСЕФтің Ферғана қаласында өткен бір апталық ғылыми-практикалық семинарында Мектепалды қазақстандық тиімді тәжірибе ретінде бағаланды, әлемнің бірқатар елдері үшін пайдалы екендігі атап өтілді. Қазіргі уақытта ТМД елдерінде бұл тәжірибе кең пайдалуда.

Міне, өмір шындығынан туған идея, оның теориясының жасалып, әлеуметтік жобаға айналып, тәжірибеленуі арқылы шынайы әлеуметтік практикаға айналуының шағын бір тәжірибесі осындай.

Неге көптеген ғылыми идеялар мен теориялар кітапхана территориясынан сыртқа шыға алмай қалады, себебі оны авторлары зерттеудің праксеологиялық бөлігінің алдына келіп тоқтап қалды. Өз идеясын іске асырудың жолын іздемейді, басқа ғылымдармен арабайланысқа шығып, олармен ақылдаспайды. Идеяны құр насихаттау ісі мен оны тікелей іске асырудың ғылыми-практикалық технологиясын жасап берудің арасында үлкен алшақ жатыр. Ал праксеология зерттеушіні теориядан түп-тура өмірлік әлеуметтік тәжірибеге апарарғылыми-практикалық сенімді жол. Қазақстандық тәжірибе кейін келе жақын және алыс шет елде де жария етілді [17].

Бүгінгі таңда бірқатар әлемдік ғылыми орта ғылымаралық байланысқа зор мән беріп отыр. Оның өзі шынайы өмірдің сұранысынан туындаған. Біз өз тәжірибемізде оған көз жеткізген едік.

Білім әлеуметтануы әдіснамасының эволюциялық дамуы зерттеушілерді білім институттарының әлеуметтік функционалдық қызметінің ішкі мазмұнына, білім процесі субъектілерінің арабайланысын әлеуметтік қатынастар жүйесі ретінде танып білуге жақындата түсті.

1 Дюркгейм Э. *Социология образования.* [текст] -М.: ИНТОР, 1996.-с.15.

2 Осында, - б. 21.

3 Бұл да осында, - б. 55.

4 Калдыбаева Т. *Бәсекеге қабілетті Қазақстан Республикасы тұрғысындағы XXI ғасыр мұғалімі: теория, методология, эмпирика және праксеология. Социологиялық талдау және тұжырымдама.* – Өскемен: ШҚМТУ, 2008. – 242 бет.

5 Калдыбаева Т.Ж., *Светское государство: социальный смысл и проблемы / Национальные стратегии развития тюркоязычных стран: материалы V конгресса социологов тюркоязычных стран.* (Алматы, 25-26 апреля 2014 г.). - Алматы, 2014. - С. 451-459.

- 6 Ильенков Э.В. *Философия и культура*. - М., 1991. - с. 393-398.
7 Выготский Л.С. *Собрание сочинений*. - 1984. Т.4., - с. 384-386.
8 Нечаев В.Я. *Предметная область социологии образования. Методологические и теоретические предпосылки*. - М., 1993.
9 Тоценко Ж.Т. *Методологические проблемы социологии как основы построения курса // СОЦИС, 1993, - №10.*
10 Ильенков Э.В. *Философия и культура*. - М., 1991.
11 Филиппов Р.Ф. *Социология образования*. - М., 1980.
12 Нечаев В.Я. *Социология образования*. - М., 1992.
13 Калдыбаева Т.Ж. *Дошкольное образование: теория, методология и методика*. - Семипалатинский педагогический институт - Семипалатинск. - 1991. - 52 с.
14 Калдыбаева Т.Ж. *Детский сад и жизнь: социальные проблемы развития детских дошкольных учреждений в Казахстане*. - Алматы, 1994. - 158 с.
15 Бестужев-Лада И.В. *Модернизация школы // Народное образование*. - 1999, - №8.
16 Калдыбаева Т.Ж. *Дошкольное образование: социология и междисциплинарные аспекты/Тыныштық Калдыбаева*. - Алматы: «Издательство Елтаным», 2013. - 192 с.
17 Калдыбаева Т.Ж. *Социальные проблемы дошкольного образования // Социологические исследования*. - №4, 2000. - С. 66-70.
18 Kaldybaeva T.Zh. *Social Problems of Education in Kazakhstan/ M.E. Sharpe, Inc. All rights reserved. 80 Business Park Drive, Armonk, - NY, 2001. - Нью-Йорк, 2001. - С. 45-57.*
- ӘӘЖ 316-052 (375)

ҚАЗАҚ ДӘСТҮРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАТЫНАСТАР ЕРЕЖЕЛЕРІ

Б.Ж. Абдрашева –*әлеуметтік жұмыс және әлеуметтік педагогика кафедрасының меңгерушісі, ә.ғ.к.*

Мақалада қазіргі қазақстандық қоғамның әлеуметтік қатынастарында ізгілікті халықтық дәстүрдің атқарып отырған, атқаруға тиісті ролі туралы және қазақ ұлты дәстүріндегі әлеуметтік қорғау, әлеуметтік ынтымақ құбылыстары қарастырылып, әлеуметтанулық талданған.

Кілт сөздер: ұлттық дәстүр, салт-сана, әлеуметтік қорғау, әлеуметтік ынтымақ, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділдік, меймандостық

В статье рассматриваются традиции казахского народа, как устойчивые социальные, культурные, бытовые нормы, правила, принципы общественного поведения людей, отражающие созидательный и творческий опыт народа. Национальные традиции представлены как важный системообразующий элемент духовной культуры казахского народа.

Ключевые слова: национальная традиция, традиционное сознание, социальная защита, социальная солидарность, почтение родителей, уважение старших, честность, справедливость, гостеприимство

In article traditions of the Kazakh people, as steady social, cultural, household norms, rules, the principles of public behavior of the people, reflecting creative and creative experience of the people are considered. National traditions are presented as an important backbone element of spiritual culture of the Kazakh people.

Keywords: the national tradition, traditional consciousness, social protection, social solidarity, respect of parents, respect of seniors, honesty, justice, gostepriimstvo of E.Dyurkgem to the present

Дәстүр, әдет-ғұрыппен салт-сана қоғамдағы әлеуметтік қатынастар түрлерін, қоғамның мәдени еңгегіне көрсету мен қатар, тәлім-

тәрбиетінің негізін құрайды, адамдардың қоғамдасып өмір сүруінің және ұйымдасуының институционалды маңызды факторы болып табылады. Соңғы жылдардың ішінде Қазақстан ішкі және сыртқы салиқалы саясаттымен, байсалды қадамдарымен, ел экономикасын өрге бастырудағы батыл қимылдарымен, жаһандық мәселелерді шешудегі игі бастамаларымен бүкіл әлемге танылды. Тәуелсіздік жылдары рухани өмірге бұрын соңды болмаған өзгерістер әкелді.

Әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұлт болып қалыптасқан кезден бастау алып, «Қасым ханның қасқа, Есім ханның ескі жолымен» өрісін ұзартты. Тәуке ханның «Жеті жарғысымен» байламданды. Заманнан заман өткен сайын қоғамдық болмысқа бейімделген, ата-баба кәсібіне, өмір қалпына, дүниетанымы мен діни сеніміне сәйкес жетілдіріп қалыптастырылған, тұрақтандырылған әлеуметтік ұстамдардың рухани негізі, адамның моральдық, мәдени сұраныстарын өтеуге, тұрмыстық қажеттілікке айналған нормалар мен ережелердің бірыңғай үлгі-өнегесі пайда болды. Діл – нақтылы тарихи-мәдени ортада қалыптасқан мінез – құлықтың, іс-әрекеттердің біркелкі сипатын білдіретін, адамдардың белгілі бір қоғамдастығына ортақ әлеуметтік-психологиялық құбылыс.

Қазақтың әдет-ғұрпы өз қоғамындағы құқықтық мәдениеттің тұғыры, адамдардың өзара қарым-қатынастары ережелерін жүйелеуші, жеке тұлғаларды белгілі бір әлеуметтік және мәдени тағылымдарға үйретуші рухани сенім мен жұмылдырушы күш. Ол жеке адамдардың, әлеуметтік топтардың мінез-құлқын жүйелі тәртіпке келтіріп қана қоймай, сонымен қатар қауымдастық тұтастық пен ұлттық ортақ мүдделілікті нығайтты. Қазақ тарихында әдет-ғұрып сенімдерді бірте-бірте дәстүрлі құқықтық сана-сезімге ұласып, ел билеудің арнаулы халықтық заң нормаларын қалыптастырды. Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі бар және олар сол халықтардың әлеуметтік-психологиялық келбеті, тәрбиелік ережесіне айналған. Ата-бабаларымыздың ұзақғасырлар бойыұзын-ұзынкөш-керуеніарқылыұрпақалмасқан сайын үзілмей, жалғасып ардақталып, сақталушы қалпында ұласып отырған. Олар халық мәдениетінің аса мәндіқұрамдас бөлігі. Сол халыққа жататын адамдардың әлеуметтік мәдениетінің деңгейі, рухани байлығы. Одан басқа ұлттар мен ұлыстардан, халықтардан айырмашылық белгілері де айқын танылып тұрады.

Салт-сана, дәстүр қатып қалған, мәңгі өзгермейтін нәрселер емес, елдің экономикасының, мәдениетінің өркендеуімен бірге, олардың озықтары одан әрі жаңғыра түседі, дамиды, тозықтарықолданыстан түсіп, ұмытболабереді. Ұлттық дәстүр, салт нормалары, түптеп келгенде ұлттық болмысты басқалардан айырықшалап, даралап тұратын әлеуметтік-психологиялық өмірлік құбылыс, қоғамдық сана айнасы. Дәстүр адамның қай ұлтқа жататындығыныңбірбастыбелгісі, ұлт азаматтарының әлеуметтік-психологиялық ұстанымы.Дәстүр, әдет, салт, мәдени дағды,ғұрып ұрпақтан ұрпаққа берілген адам мінезі мен тіршілігіне байланысты өмір салты бейнесі менсанаға сіңген мінездер мен қылықтар. Бұлар жазылып бекітілмеген халықтық заң ретінде бір ғасырдан екінші ғасырға адами арабайланыстар арқылы жеткізіліп келген. Тамыры тереңде жатқандықтан оның өзгеруі де тек түбірлі қоғамдық өзгерістетмен байланысты. Яғни, ұлттық дәстүр тез өзгеріп немесе жоғалып кете қоймайтын, ұзақ дәуірлер бойына екшеліп, сұрыпталып қалыптасқанрухани, мәдени қазына. Оның озық үлгілерінің ұрпақтың әлеуметтік-мәдени тәрбиесіндегі алатын орны зор, халықтың, адамаралық байланыстардың, мінез-қылықтардың, іс-әрекеттердің мәдени негізі. Айталық, ата-ананы құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділдік, меймандостық сияқты қасиеттер белгілі бір халықтың ұлттық дәстүрі ретіндеқалыптасқан. Қазақұлтыныңэтностықерекшелігіндегі дәстүрдің келесі қыры ұрпақ сабақтастығынсақтап, алысты жақындатып, аразды татуластыру дағдысынан, ізетті келіннентаныған,татулықты абысыннантапқан, дархандықты даласынан, даналықты бабасынан, пәктікті баласынан алғанхалықтық психологиясынан байқалады. Әрі ұлттық салт пен дәстүрлердің қоғамдық пікір ретіндегі күш-қуаты мол. Ұлт өкілдерінің қоғамдықтәртібінбірқалыпқакелтіретінматериалданған идея.Бұған қарап салт-дәстүрдің, біріншіден, ұлттықпсихикаға байланысты тұрақтанған психологиялық-қоғамдық құбылыс екенін, екіншіден, ұлттың мінез-құлқын,қоғамдық кейпін байқататынқұрал екенін, сол мінез-құлықтың көріну амалдарының бірі екенін түсінеміз. Ұлттық сезім тек күнделікті тұрмыс-тіршілікте ғана емес, әрбір халықтың әдебиеті мен өнерінде, жалпы, мәдени дағдысында өз көрінісін табады.

Халық дәстүрі томаға-тұйық, жабық құбылыс емес. Адамаралық байланыстарда ұлттық дәстүрлер алмасуы мен өзара кірігуі үрдісі де жүріп жатады. Әдет-ғұрып алмасу процесінде адам сыртқы ортаны игереді, басқа әлеуметтік-мәдени ортада өзін-өзі жан-жақты тани алады, танымдық кеңістігі кеңейеді. Еңбек, тіршілік ету дағдыларымен қатар, сөйлеу, қарым-қатынастар адам санасын дамытушы, қоршаған ортаға бейімдеуші фактор болып табылады. Өркениетті дәстүр арабайланысы, әртүрлі салт-дәстүргебейімделушілік көпэтносты ортадағы әлеуметтік арақатынастарды ретті, түсінікті ете түседі. Сол себепті де ұлттық дәстүрлер әртүрлі ғылымдар өкілдері назарын өзіне аударып, оны ғылыми-практикалық таным құбылысы етіп келеді. Дәстүрлерді құндылықтар ретінде қарастыру талай зерттеулердіңәдіснамалық негізін құраған. Айталық, шығыс философиясын зерттеуші

Э.Гартман қайырымдылық, береке-бірлік дәстүріне зор мән бере отырып, оны сана, «құндылық» ұғымына шеңберінде қарастырған [1]. Құндылықтар концепсиясының негізін әлеуметтану ғылымында жасаған М.Вебер. Ол әлеуметтік әрекеттер мен әлеуметтік білімді норма ретіндегі құндылықтар деп қарады. Аксиологиялық теорияларға сүйене отырып, адамдардың құндылық қатынастарының қайталанып отыратын айтты. Г.Риккерт құндылықтардымынадай алты салаға бөліп қарастырған:ғылым, дін, өнер, мораль, жетілген өмір және «құдіретті сүйіспеншілік» [2].


Құндылық мәселесіежелгі заманнан беріқарастырылып келе жатқан күрделі ұғым. Құндылықтар әлемі – сөздің кең мағынасында мәдениет әлемі,адамның рухани әрекетінің саласы, тұлғаның рухани байлығыөлшемінбілдіретін, оның адамгершіліксанасының, басымдылықтарының саласы. Әрбір мәдениеттің өзіндік өз құндылықтар кешені бар. Құндылықтар жіктелуінің ең негізгі тарағанын әдетте адам қызметінің түрлі сипатын айтады. Сондықтан негізіне қарай материалдық, әлеуметтік-саяси және рухани құндылықтарды айырады. Материалдық құндылықтарға адамның өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыруғаарналған материалдық игіліктерді жатқызады [3].

Рухани құндылықтар адамзат білімі, дүниетаным принципі, философиялық тұжырым, адамгершілік нормалары мен саяси білім, яғни әлемнің рухани жетістіктеріне байланыстылардың бәрін жатқызуға болады. Рухани құндылықтың маңыздылығыәрбір адам (әлеуметтік субъект) өз бойында дамытуы арқылы сезіне алады. Өйткені құндылықтар жүйесі адам дүниетанымының негізгі іргетасы, әлемге деген көзқарасының қайнар көзі. Қоғамның барлық сферасында жан-жадаулығы кеңінен тарап, адамдардың бір-біріне деген мейірімінің, қайырымының мүлде азая бастаған уақытында руханилық дегеніміз, оның адамдық болмысының мәнісі неде және оның өміріндегі маңызы қандай деген сияқты сұрақтарды шешуге тырысу азаматтық, адамдық парыз болуға тиіс.

Руханилықтың өзі – адам бойындағы ізгілік пен адамгершілікті, қайырымдылық пен мейірімділікті айқындаудың мөлшері, жеке болмыстық ұғым-түсінігінің көрінісі. Басқаша айтқанда, әр адамның өзіндік қалыптасуы, өсіп-жетілуі, дүниедегіалдына қойған мақсаты және өмір сүрудің тәсілі мен сара жолдары [4]. Ұлттық дәстүрдегі құндылықтар мақсаты – барлық адамдардың мәдени-рухани қабілеттерін заман ағымына сай қалыптастыру.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағымәдени үрдістер кейбір бағыттары өзінің табиғи болмысынан ауытқып, мимесистік (ұқсау, еліктеу) сипаттағы батыс мәдениетінің таратушысына айналып отыр. Бұл жас ұрпақтың ұлттық талғамын әлсіретеді, ұлтты дәстүрлі төл мәдениеттен бірте-бірте ығыстыра алады. Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін келесі ұрпаққа таныту – ұлттың өзін-өзі сақтаудың әрекеті. Әсіресе, тарихи сананы қалыптастырудың орны ерекше. Өйткені, өткенімізді білмей келешекке қадам басуға болмайды. Сондықтанда ұлт мүддесі мен рухани құндылықтарды сақтап қалудың жолдары: ұлттық талғам, қоғамдық мүдде ұстындарында мәдениет пен өнердегі құндылықтар жүйесін қалыптастыру; қоғамдық ұйымдар мен саяси партиялардың мәдени даму процесін жандандыруы; эстетикалық нормалардың, ұлттық этикалық және этникалық талғамдарын қолданылуы мен іске асырылуы. Басқаша айтсақ, адамның адамшылық, қамқорлық, сыйласымдылық, кеңпейілділік қасиеттеріқазақ халқының рухани дүниесініңбелгісі мен көрінісі оныңұлттық әдет-ғұрыптылығында. Мысалы қонақ кәдесіндегі «құдайы қонақты» жақын туысындай күтіп қарсы алуы. Қыр қазағының үйіне түскен қонаққа ас беру,соңғы малын сойса да қазан көтеріп ет асу, жоқ деп айтуды намыс санап келген қонағына жоқшылығын, кедейлігін көрсетпеу, дастарқан жайып, оны разы қылып, шығарып салу азаматтығына, кісілігіне сын деп санаған. Кісілік, қайырымдылық, намысшылдық қыр қазағының өзіндік моральдық кодексі, рухани құндылығы. Олар біреуге жақсылық, кісілік көрсетсе, біреудің алдында ұпай жинау, я болмаса көлгірсіп, мақтану үшін емес, өзініңжігіттік қасиет пен азаматтық борыш деп санағандығынан жасалатын әрекет.

Өркениетті ұлттық дәстүр ұзақ дәуірлер бойына екшеленіп, сұрыпталып қалыптасқанқазына. Ол халықтың әлеуметтік мінез-құлық мен іс-әрекетінің рухани негізі-ретінде ұрпақ тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Әрі әлемдік мәдениеттер арабайланысының артуы жағдайында халқымыздың адамгершілікті салт-дәстүрлері әлемдік рухани байлыққа енетін озық әлеуметтік-мәдениетінің елеулі құрылымдаушысы бола алады. Өкінішке орай, біздің 2005-2006 жылдары жүргізілген сауалнама нәтижелері бұл мәселеге тиісті мән беріп, қоғамдық деңгейде реттеушілік істердің қажеттілігін көрсетті. Әлеуметтенулік зерттеуге тартылынған 18-25 жас аралығындағы респонденттердің– 92,5%,30-40 жастағылардың87,6%рухани құндылықтардан гөрі материалдық құндылықтарды қажетсінетіндіктерін айтса, ал 50 жастан жоғарғы респонденттердің52%-ы жоғарыдағы айтылған рухани құндылықтардықолдайтындығын білдірді. Бұдан біз 90-шы жылдардағы экономикалық дағдарыс пен рыноктық қатынасқа өтудің қиындықтарының әсіресе жастар санасына, өмірлік көзқарасына, құндылық бағдарларына елеулі деңгейде кері әсерін тигізіп өткенін байқаймыз.



1-сурет– Мәдени құндылықтар өлшемі

Дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана қоғамдағы әлеуметтік қатынастар түрлерін, қоғамның мәдени деңгейін көрсетумен қатар, тәрбие талаптарының негізін құрайды, адамдардың қоғамдасып өмір сүруінің және ұйымдасуының маңызды нысандарын көрсетеді. Алғашқы дәуірде қоршаған ортаны игеріп, тіршілік көзін қалыптастырудан бастап, адамзат алдымен өзін-өзі қорғау, сақтану әрекеттерін амалдастырған. Сол тапқырлығы мен күш-қуатының арқасында тірі қалып, апаттардан, дүлей күштерден аман қалу жолдарын қарастырған. Солардың бәрі адам санасында қауіптің алдын алу қажеттігі мен табынушылық сезімінің қалыптасуына әкелді. Сол сияқты салт-дәстүрлер сабақтастығын реттеуден бастау алып, өмірлік әрекеттердің барлық салаларын қамтиды.

Ата-бабаларымыз шекара тұтастығын, халық бірлігін сақтауды басты мұрат етіп, соған лайықты өмір тәртібін де орната білген, оны ұрпағына айнымас мұра етіп қалдырған. Сонымен бірге, қазақ халқының ұстанған ішкі даму саясатының бірі – жеке тұлғаны қастерлеп, оның бойындағы адами қасиеттерді дәріптеу, үлгі тұту, ұрпағына өнеге ету. Бұл әлеуметтік күрделі мақсат халықтық той-мерекелер мен салт-дәстүрлер арқылы жүзеге асырылады. Ел ырысын сақтау үшін, оны сырт шапқыншыларға таптатып, ата-баба қанын есіл етпеу үшін де батырлық, елдік, ерлік сабағынан өткізер салт-дәстүр мен жөн-жоралғылар пайда болған. Дербестікті сақтап, өзіндік орта құру, оның өзгелер алдындағы абыройын сақтау жеке тұлғалық қасиеттерге байланысты екенін, адам – дүниедегі ең алып та алпауыт күш екенін біліп-байқаған бабаларымыз адам бойындағы қабілет-қасиеттерді қалыптастыруды ойластырып, әлеуметтанулық, философиялық, психологиялық, педагогикалық ұғымдары айқын далалық ғылым негізін қалаған. Көшпелі халықтың өзгелермен қарым-қатынас жасап, тіл табысуы тек өзі үшін ғана емес, елге танылар жасқа келген ұл-қызы үшін де абырой жолына бастама екенін таныған. Өзге халықта кездеспейтін көші-қон салт-дәстүрлерінің тамыры осында жатыр. Дала тұрғындары өздері өмір сүрген ортаның, әлеуметтік ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайына, мәдениеті мен тарихына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие, үлгі-өнеге берудің басқа жұртта қайталанбайтын талап-тілектерін дүниеге әкелді. Мәселен, жас ұрпақты тәрбиелеудің жалпыға ортақ әлеуметтік-моральдық нормасы белгіленеді. Қыр қазақтары өздеріне биік моральдық талаптар қоя білді, солардың ең бастылары: жеті атасын білу, қыз баланы құрметтеу, біреудің обалына қалмау, үлкендердің сөзіне құлақ асу, отбасының берекесін сақтау т.б. сияқты салттар арқылы қоғамдық ортадағы әлеуметтік институттардың нормалары мен функцияларын қадағалап отырды.

Қоғамда әлеуметтендіру міндеті әр адамды өмір кезеңіне дайындап, мінез-құлқын реттеумен шектелмейді. Әр әлеуметтік саты мен топтардың өмір-тұрмысында өз нормалары – экономикалық, саяси, әлеуметтік нормалары, құндылықтары орын алған. Халықтың адамзаттық тарихы мен әлеуметтік тарихының арасында өзара ұқсастық та, бір-бірінен айырма жоқ емес. Ұқсастығы екеуі де халық жүріп өткен ұзақ жолдың шежіресі іспетті. Айырмасы сол екі түрлі шежірені түрлі міндет атқарып, екі түрлі құралмен жасалынуында. Азаматтардың тарих халық өмірінің әрбір тұсын, бағыт-бағдарын белгілі оқиғаларын, тұтас алғанда, жалпы қозғалысын мұқияттылығымен, бүге-шүгесіне дейін қамтуға тырысса, әлеуметтану тарихының өзінше заңдылығы бар. Ол халық өмірін тарихтай тәтпіштемесе де, оның әлеуметтік рөлдерін, функцияларын, әлеуметтік нормалары мен заңдылықтарын әлеуметтану ғылымының зерттеу тәсілдерімен, жинақтап, сұрыптаумен қатар, әлеуметтік қатынас тұрғысынан қарап түсініктейді. Тоталитарлық кезеңдегі тың тәсілді тауып қолданудың еркіндік те, жігерлік те жетіспеді. Ұлттық әдет-ғұрыптар да құрметтеліп сақтала бермеді. Ұлттық болмыс, әдет-ғұрыптардағы өнегелілік пен тәлімділікті қолданудағы немқұрайлық, өзге халықтың дәстүрін қабылдаушылық пен дәріптеушілік етек алды. Егемендікке қол жетіп, енді ес жия бастағанда, елдегі саясат өзгеріп нарықтық қатынас кезіндегі (бәрін саудаға салу) адамгершілік пен адамшылықтың ауылы алыстай бастады. Солай бола тұра халқымыздың ұлт тағдырын ойлайтын, намысты қолдан бермейтін үлкен жүректі, көкірегі ояу азаматтар дабыл қақты. Соның нәтиже-сінде болар тәлімділіктің бесігі- ұлттық дәстүр екені батыл айтылып, құнды пікірлер жазба бетінде орын ала бастады. Көпке танымал, ұлтының мұңы мен жоғын жоқтап жүрген ел ағасы, ел рухын ту еткен Ш. Мұртаза, А. Айталы, Д. Кішібеков, Ж. Молдабековтің еңбектерін түптеп келгенде, қазақтандудың жаңа кезеңі келді. Ол кең де, көлемді де мәселелерді талқылауға, ұлттық мәдениеттің жасампаздық қуатын іріктеп ілгерілетуге көңіл аудартты. Қазақтандудың межесі – тәуелсіздіктің тұлғасын қалыптастыру, тәуелсіздіктің топтасқан әлеуметтік негізін құрып, кеңейту тәуелсіздіктің ұлттық менталитеті мен үлгісін қалыптастыру [5]. Қазақтың мәдениетінің мол рухани-материалдық мұрасын әлемдік өркениет деңгейіне көтерубасты міндетіміз болмақ.

Ұлттық дәстүр алғашқы қауымдық құрылыс кезінде негізі қаланған ата-бабамыздың көне наным сенімдерінің негізінде пайда болған. Кейіннен аналық және әкелік қауымдық құрылыста қалыптасқан салттармен толықтырылып отырған. Олардың көпшілігі батырлық жырлар мен эпостарда, лиро-эпос

жырларында және ертегілерде мол кездеседі. Қай кезеңде болмасын тыйым сөздер мен діни нанымдардың даадамшылық, адамгершіліктің әлеуметтік нормалары ретінде қатаң сақталған. Адамгершілік, ар, ұлттық намыс, перзенттік парыз – қазақ халқының – салт-санасы. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, негізінен, ұлттық мәдениетті дамытудың игі құралы болып қалыптасқан. Дәстүрлер мен салт-сананың өмірдегі, тұрмыс тіршіліктегі іс-әрекеттік үрдістері, олар – жөн-жоралғы, рәсім, рәміз, ырым, тыйым, сенім, обал, сауап, ысырап, ар-намыс. Жөн-жоралғы-ұлттық сый-сияпат белгілері, рәсім-салт дәстүрлердің игі іс-әрекеттегі көрініс, рәміз-этностық белгілер мен жоралғылар. Ырым – жақсылыққа құштарлық, жақсылыққа жету ниетімен жасалатын әрекет, игі сенім. Тыйым-жаманшылыққа қарсы жасалатын әрекет, тәлім-тәрбиелік заңды нұсқау, тәртіптілікке үйрету. Сенім – болашаққа, игі іс-әрекеттің келешек жемісіне сену, көрегендікке бейімделу. Обал- әрбір заттың, тіршіліктің тағдырын білу, оның бағасын ардақтап аялау, олай болмаса обал болатынын сезіну. Сауап- игілікті нәрсеге, кіріптарлыққа, қарт адамға, жан-жануарларға жақсылық жасауды міндет санап, ол міндетті орындау. Ар-қасиетті сезім, жеке тұлғаның қозғаушы күші. Намыс-арлы адамның намысы ата-тектік, ұжымдық-рулық, ұлттық намыспен жалғасып, қоғамның қозғаушы күшіне айналады. Ұлттық намыс – жеке тұлғалардың туған елінің ар-намысын қорғауы, ата мұратын қастерлеуі, дәстүрлерді сақтауы, адамзатты сыйлауы – әлеуметтік заңдылық. Ұлттық намыстың тірегі – ар. Арсыз адамда намыста болмайды. Қазақта «өлімнен ұят күшті» деген мақал бар. «Жаным арымның садақасы» – деген нақыл сөздер адамның адамшылығындағы намысты жоғары қою – этникалық моральдық талап болса, әлеуметтік институттың әлеуметтік заңдылығы. Халқымызда қалыптасқан дәстүрі бойынша адамгершілікке тәрбиелеудегі баланың әкесімен шешесінен басқа да, әжесімен атасының, одан қалды ауыл болып міндетіне алуы – ұрпақты әлеуметтендірудегі аталық дәстүрдің жауапкерші-лігін айғақтайды.

Қазақ халқында адамгершілікке тәрбиелейтін тағы бір дәстүр – ол «Бата беру». «Батаменен ел көгерер» (мақал) ақ тілеудің белгісі – бата. Ол кез келген айтыла бермейтін қасиетті рухани ұғым. Ең жақсысын халық «ақ бата» деп қастерлейді [6]. Әрбір той бата берумен аяқталады. Бата қазақ халқының ғұрпында адал ниет, игі тілек білдірудің бір түрі. Ерте заманнан ұлттық салтқа енген бата беру кейде өлеңмен, кейде тақпақпен, көркем қара сөзбен айтылып, ауыз әдебиетінің бір жанры болып қалыптасқан. Терең толғаныспен оқылған бата сол қауымның адамгершілік, моральдық жаратылысын, ұлттық дәстүрлерін, табиғатқа, қоғамға, дүниеге көзқарасы мен түсініктерін, ырымдарын түсіндіріп баяндайды. Болашақтың тұтқасы, иесі, көркі – ұрпаққа амандық, адалдық, парасаттық, отаншылдық, ізеттілік, мейірім, өнер – білім, ырыс – несібе, құт – береке, мұрат тілейді [7]. Белгілі бір істі бастарда, жауға, жолға, аңға шығарда, бәрінде бата беріледі. Бата сөз тек қазақ жұртында емес, түркі, монғол халықтарында бағзы заманнан дәстүрге, салтқа айналған. Қазақ бата сөздерінің жиналып, жариялануы XIX ғасырда басталды. Орыс шығыс – зерттеушісі, Петербург Ғалым академиясының академигі В.В. Радловтың «Түркі халық әдебиетінің үлгілері» кітабында (1870) көптеген бата сөздер берілген. А.В. Васильевтің 1905 жылы Орынборда жарық көрген «Образцы киргиской словесности» еңбегінде бата сөздері талдау жасалған.

Қазақ баталарының тақырыптық шеңберінде мораль, этика, ар-ождан, ынтымақ, бірлік, бақыт, молшылық мәселелері қозғалады. Бата сөздердің көркемдік-этикалық мәні, сезімге әсерлілігі, бейнелеу, суреттеу, мәнерлеу жүйесі, сөздердің ауыс мағынасында сұлу қолданылуы тыңдаушы жүрегін баурап алады. Мысалы бір бата:

Жас баланың күлкісін бер,

Жомарттың қолын бер,

Сапарлының жолын бер, – деген сөздерде тілектестік пен ниеттестік, моральдық-психологиялық әлеуметтік мәні бар. Ал „теріс бата“ ше? Бұл қарғыстың қатты, жазаның өте ауыр түрі. Мұндай бата сенімді ақтамаған баласына әкесінің қолын теріс жайып берген қарғыс батасы. Батаның бұл түрі ел ішінде өте сирек қолданылған және ол атадан балаға ұмтылмайтын таңба болып қалған. Атаның теріс батасын алғандарды халық та жек көрген. Қазақ халқының бата сөздерінен рухани өмірінің кейбір белес суреті, танымдық ерекшеліктері, тағылымдық сипаттары, әсіресе отбасы әлеуметінің сыйпаты, жарастығын сақтауы, этикалық, адамгершілік келбеті, «ақыл ауызын, арман қазығын» байлауға деген аңсары жарқын көрініс табады.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері: бала тәрбиесіне байланысты салт-дәстүрлер, тұрмыс салт-дәстүрлері, әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлері болып үш үлкен топқа бөлінеді. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға баланың дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелік дәстүрлерден (шілде хана, балаға ат қою, бесік кесалу, қырқын анығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сүндет той) бастап, қыз бала мен ұл баланы келешек отбасы – отау құруға, шаруашылыққа, өмірге, еңбекке бейімдеуге арналған азаматтық жөн-жоралғылар кіреді. Тұрмыстық-салт дәстүрлеріне қазақтың киіз үйі, киіз үйдің жиһаз-дары, ұлттық киімдер матағамдар, мал бағу, егіншілік, аңшылық, балықшылық,

бағбаншылыққа қатыс-тыкәсіптерге үйретудің тәлімгерлік түрлері енеді. Әлеуметтік-мәдени салт-дәстүрлерге: қазақ ауылы, ауыла да мдарының туыстық қарым-қатынасы, шешендік сөз өнері, қазақтың ұлттық музыка аспаптары, үйлену – үй болуға байланысты салт-дәстүрлері, қонақ күту, халықтық – ұлттық мерекелерді өткізу, өлікті жөнелту рәсімдері, әдет-ғұрыптары [8]. Соның ішінде:

- базарлық дәстүрі – алыс сапарға, саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлестеріне, көрші-қолаңға, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» бұл жақсы көрудің, сыйластықтың белгісі және ескерткіш ретінде қабылданады. Кісінің сыйласуына, көңілін көтеріп, риза қылуынан туған адамгершілік ниеті;

- фольклордағы дәстүрлерде айтыс (дәстүр) – әдебиет жанры болғанымен ертеден қалыптасқан халықтық дәстүрдің үлкен түрі. Ойын, той, ас, қыз ұзату, келін түсіру сияқты қазақ тойлары жүйрік ат, білекті палуандармен бірге айтыс ақындары да қатысып, олар айтыс арқылы той қызығымен мәртебесін көтере түскен. Әрине мұндай жерде айтыстардың өз мақсаты, талабы мен шарты бар. Айтыстың түрлері көп. Айтыс ақынның талантын шындайтын үлкен өнер жарыс. Айтыс-әлеуметтік проблемаларды орынды көтеру, өткір сөздермен ел билеген хан, би, болыстарға сол ауылдың айтыскер ақынына айтқан болып, елдікті, ерлікті не дәріптеу, не мазақтау, ауыл билігіндері үшін ақынның намысына тию. Онда жігіттікке тән мәрттілік пен серілік сөз қадірін білетін, бір ауыз сөзге тоқталу, жеңілгенін мойындайтын жігерлік бар. Айтыс ұлттық дәстүр бойынша әлеуметтік мәселелерді шешу мен оның алдын алудағы әлеуметтік бақылаудың функциясы тұрғысында қарастырылуы орынды;

- сүйінші - ұлттық салт, қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші, сүйінші!» деп келеді. Мұндайда үй иесі қуанғанынан «қалағаныңды ал», – дейді. Немесе ол риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл шын қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, сүйінші алудың еш сөкеттігі жоқ. Мұнда халықтың көңілінің даралығын, қолының ашықтығын байқатады. Сүйінші сұрау арқылы біреудің екінші біреудің қуанышына ортақтасу, қуана білу, бауырмалдылыққа, жан тазалығы мен адамгершілікке баулиды;

- садақа – жетім-жесірге, қаріп кісілерге немесе дін жолына ақшалай, заттай берілетін құдайы. Садақа беруші адам өзінің үй-ішінің аمانдығына қол жайып бата тілейді және «батаңыз қабыл болсын» деп бет сипайды. Мүсәпірлерге қайыр садаққа беру әр мұсылман міндетті болып саналады;

- кіндік кесу дәстүрі – баланың кіндігін кескен әйел, сол баланың тәрбиесіне араласып, өз баласындай көріп қолқабыс етіп назардан тыс қалдырмаған. Сол сияқты сыбаға, сарқыт, сәлем беру, сәлемдеме, еншісін беру, садақа сияқты салт-дәстүрлердің адамдарды адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға моральдық принциптермен қаруландыруда қолданылатын ең ұтымды да, тиімді әдіс-тәсіл [6, 384 б.].

Ал «сиыспаушылық» деген не? Ғалым Жақан Молдабековтің сөзімен ойды жүйелейтін болсақ, «сыйыспаушылық» – өз ділін елемеден, өз тілін білмеден, өз дінін жатсынудан басталады. Мұндай теңсіздік біртіндеп өз ұлтының қайыршысына арланбайтын арсыздықты, өз жерінің қорлауына қайғырмайтын қара жүректікті бойға сіңірді. Мұның өзі рухани дағдарыстың белгілері мен сатқындығы. Рухани дағдарыстың қосындысы. Адам болуға, ұлтжанды болуға, текті болуға тырыстырмайды, керісінше, адамгершіліктің, тектіліктің, ұлтжандылықтың болашағына қастандық жасатқызады. Дәстүрді аяқ асты еткендер өзінің ұлттық болмысын айырбастауға, сөйтіп өзін де, ұрпақты да алдауға барады. Зияткер қауымды мазалайтын нәрсе – мәдени дәстүрдің мән-жайын түсіну және түсіндіру, ең бастысы, оны жалғастыру және пайдалана білу» [9].

Сонымен, қазақ халқының ұлттық дәстүр әлеуметтендіруші және әлеуметтік бақылаушы функциялар атқарады. Оның қажеттілігінің арта түсуі қоғамдағы мына құбылыстармен де тікелей байланысты: экономикалық арабайланыстардың нарықтық қатынастарға өту; жеке меншіктің және оның әртүрлі түрлерінің пайда болып, жаңа әлеуметтік стратификациялық жағдайдың қалыптасуы; жаңа саяси және әлеуметтік-азаматтық құрылымның қалыптасуы; жаһандану процесінің тереңдей түсуі т.б. Аталғандарға байланысты әлеумет ортасындағы рухани мәдениеттің өзгерістері.

Әлеуметтік бақылаудағы қатты басты назар аударатын проблема мемлекеттік тіл мәселесі. Тіл – әлеуметтік қарым-қатынастың өнімді және жағымды факторы, әлеуметтендіруші құрал, ұлттық ғұрып, ұлттық салттың негіздік базасы. Тіліміздің тағдыры – еліміздің тағдыры. Оған салғырт қарау – өзгені де, өзімізді де сыйламау. Тіл – ғылыми-техникалық революциясының құрбаны болуға тиіс емес ескере отырып әлеуметтік бақылау жасау, реттеуде оларды қадағалайтын әлеуметтік функциялар күшейтілуге тиіс. «Ана тілі» газетінде жарияланған сұхбатында Елбасы Н. Назарбаев: «Қайталап айтайын: қазақ пен қазақ қазақша сөйлесіндер, балаларыңның тілін қазақ тілінде ашыңдар» – дей отырып, «Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған, өмірдің кез-келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы ана тіліміз» деп сипатта-

ған еді бұл тілді [10]. Ұлттық дәстүр мен тіл, ділдің біртұтастығынан ажырап қалу құбылысына жол бермеу аса өзекті әлеуметтанулық мәселе. Бұл жерде этникалық туыстықтың, отбасылық бірліктің, әлеуметтік біртұтастықтың да негізі жатыр. М.Хайдегердің «язык – домБытия»деуінің мәніндеосында жатқан болар [11]. Олай болса ұлттық дәстүрдің әлеуметтік бақылаушылық функциясының да маңызы жаңа қазақстандық қоғам жағдайында арта түсуде. Дәстүрлердің жалпыға ортақ ең маңызды қызметі– адамдар арасындағы өркендеп және өзгеріп отыратын тұрақтылықты реткекелтіріп отыру.

Осы тұрғыда төмендегідей «Кісілік» дәстүріне тағы бір назар салып көрелік. Имандылық (ұяттылық) рәсімі – ізеттілік, инабаттылық, сыйласым, жақсылыққа сену, тек жақсылық жасауға бейімделуді көрсетеді; салауаттылық рәсімі–таза жүру, есірткі-ішімдіктен аулақ болу, ар-ұятты болу, оғаш қылық көрсетпеу, сергек сезімділік көрсету, сабырлылық сақтау байқалады; қайырымдылық рәсімі – әрқашан, әркімге, әрнәрсеге жақсылық жасау, көмек көрсету, адамзатқа мейрімді болу, табиғатты қорғау, садаққа беру, қарттарға қамқорлық ұйымдастыру; перзенттік парызды өтеу рәсімі – Отанға, ата-анаға қызмет ету, перзенттік борыштар мен міндеттерді өтеу, Отанды, туған жерді, ата-баба дәстүрлерін ардақтау, оны сүю; әдептілік рәсімі – ізетті, инабатты, қайырымды, мейрімді, әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, жақсы мінезділік әрекеттерінің көрінісі; ата текті қастерлеу рәсімі–жеті ата тегін, руын, ұлтын білу, ата дәстүрлерін ардақтау, ұлттық қасиеттерді қастерлеу, ата тектілік кәсіптілік бағалау, ата тектік дәстүрлерді өмірде орындай білу үлгілерін көрсетеді; бірлікшілдік рәсімі–бірлесе білу, дос, жолдас, туыс, ұжым бірлігін сақтау, ұлтаралық достық пен халықаралық достықты құрмет тұту, «бірлік болмай, тіршілік болмас» деген ұлттық салтты орындау әрекеттерін көрсетеді; қонақжайлық рәсімдері–кез келген адам баласын күтіп, оған жағдай жасау, сыбаға сақтау, қонақ күту, аш-арыққа қайырымдылық көрсетудің белгісі; ар-намыстылық рәсімі–ар, намыс, ұят сезімдерін қастерлеу, ұлттық намысты қорғай білу, адами мәртебені ардақтау, үнемі алға талпыну, көпшілік тіршілігіне белсене қатыса білу, еңбек ету әрекеттерін көрсетеді. Бұлар «кісілік» дәстүрдің негізгі рәсімдері ғана. Аталғандардың өзі адамдарды оғамдық нормалардан тайдырмай, психологиялық, рухани, физиологиялық қажеттіліктерді орынды өтеу жолын табуға көмектесіп, рухани тозуға ұшыратпайды. Олай болса ұлттық дәстүрді ғылыми танып біле отырып, оның адамгершілікке бастайтын, ұтты, халықты іштей, рухан негізде ұйыстыру әлеуетін зерттеу, саралау, қоғамдық сана құбылысына айналдыру –әлеуметтану ғылымының зерттеушілік қызметінің өзекті бағытының бірі.

1 Фабитов М., Мұтәліпов Ж.М., Құлсариева А.Т. Мәдениеттану.- Алматы: Қаржы-Қаражат, 2003. - 408 б.

2 Риккерт Г. О системе ценностей. - М.: Логос, 1987. - 184 с.

3 Құл-Мұхамед Рақымғали. Қазақстанда әлеуметтік-мәдени құндылық бағдарламаларының типологиясы. - Алматы: Атамұра, 2000. - 132 б.

4 Кішібеков Д. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. - Алматы: Ғылым, 1999. - 199 б.

5 Молдабеков Ж. Қазақтану. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 408 б.

6 Нысанбаев А. Қазақ әлемі. - Алматы. –1997. – 464 б.

7 Абдрашева Б.Ж. Жаһандандудың алдындағы ұлттық дәстүрдің әлеуметтік рөлі. Журнал общественного объединения ученых и педагогов РК Казахской академии образования. Астана, -2009. - №7. - С.118-123.

8 Қалиев С., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Қазақ халқының салт-дәстүрлері - Алматы: Ана тілі, 1992. - 160 б.

9 Молдабеков Ж. Қазақтанудың бүгінгі мен ертеңі // Ақиқат. - №4. - 2002. – 21 б.

10 Елбасы Н.Н. Назарбаевпен сұхбаттасу // Егемен Қазақстан. - 2006. - 11 мамыр.

11 Хайдегер М. Время и бытие: Статьи и выступления / Пер. с нем. - М.: Республика, 1993. - 447 с.

УДК 291 (574)

СТАТУСРЕЛИГИИ В КАЗАХСКОМ ТРАДИЦИОННОМ ОБЩЕСТВЕ

Б.Д. Кокумбаева—д.филос.н, Факультет истории и права, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, Казахстан

Мақалада қазақ дін мәдениетінің рухани-мәдени негіздері талданылып, оның ерекшеліктері анықталады. Атап айтқанда: рухани әлем бүтіндігі, ашықтығы, басқа мәдени үрдістергесезінушілік; төзімділік; түсінгіштік

Кілтгі сөздер: дін, рухани-мәдени негіздері, дәстүрлі казак халқы

В статье проанализированы духовно-культурные основания казахской религиозной культуры; ее такие особенности, как целостность внутреннего мира, открытости и восприимчивости к тенденциям иностранной культуры, аборигену Большого менталитета Степи созданная и продвигающая гармония сохранения того, чтобы быть обнаруженным

Ключевые слова: религия, духовные и культурные фонды, традиционная казахская культура

Spiritual-cultural bases of Kazakh religious culture are analyzed; its such features, as integrity of an inner world, openness and a susceptibility to the foreign culture tendencies, indigene of the Great Steppe mentality created and promoting preservation harmony of being come to light.

Key words: religion, spiritual and cultural foundations, traditional Kazakh culture

Странная судьба указахского народа. В начале нашего XXI века в казахстанском философско-научном сообществе разгорелась острая дискуссия относительно вопроса о том, была ли казахская философия. Поначалу убедительно звучали голоса оппонентов, утверждавших, что у казахов не было философии. И это несмотря на то, что еще в 1996 году было издано учебное пособие доктора философских наук, профессора О.А. Сегизбаева «Казахская философия XV – начала XX века», имевшая колоссальный успех у читателей. В этой книге, как и в другой монографии «История казахской философии», выпущенной спустя 5 лет и ставшей как и первая библиографической редкостью, содержатся полноценные ответы по данной проблеме.

Сегодня о философско-научной деятельности О.А. Сегизбаева, шире – о казахской философии пишут многие ученые. Казахская философия – это «органическая часть мировой философии, а потому она ставит и решает по-своему те же вечные проблемы о бытии и познании, какие ставились и решались в истории мировой философии, но с учетом особенностей истории и культуры казахского народа, его мировосприятия и миропонимания, его духовных ценностей», – пишет Мурат Сабит. – «В ней действуют всеобщие, универсальные законы и принципы человеческого мышления, каковыми, например, являются законы и принципы диалектики. Они и составляют принципы философствования и в казахской философии. И в то же время казахская философия отличается образностью, пафосом поэтичности, интуитивизма. В ней имеются свои философские традиции, скажем, традиции, восходящие к творчеству акынов и жырау, или к творчеству казахских просветителей и т.д., они и придают ей определенное своеобразие как в плане обсуждаемой в ней проблематики, так и в плане способов их решения» [1, с. 6].

Время расставило все точки над «и». Благодаря государственной программе «Культурное наследие», разработанной в контексте Послания Президента Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 4 апреля 2003 года и принятое к исполнению Национальным Советом Республики Казахстан издан двадцатитомник серии «Философское наследие казахского народа». В этом уникальном издании представлено становление и развитие казахской философской мысли, восходящей к мифологической культуре древних тюркских племен. По сути здесь получила цельное отражение история и теория казахской философии, наиболее тесно взаимодействующая с тюркской, исламской, советской, а через нее с русской и западной мыслительными традициями. Иными словами, отечественная философия репрезентирована как органичная, неотъемлемая часть мировой философской мысли [2].

Следует отметить, что двадцатитомник – это только первый шаг на пути философского познания народа и государства. Без преувеличения, проблема казахской, тюркской, казахстанской философии занимают ведущее положение в трудах современных исследователей. Причем, и это нужно указать особо, изучение страниц философской культуры проводится многогранно и многоаспектно, не только как уникальное достояние Великой Степи, но и как всеобщее наследие человеческой цивилизации. Все новые труды ученых, а также предстоящий I Казахстанский философский конгресс «Философия в современном мире: стратегии развития» – тому убедительное доказательство.

Философия – не единственный пример, который вызывает полемику в вопросе о духовно-культурных основаниях казахов (шире, тюркского мира). Аналогичная ситуация сложилась и в сфере религии, в которой различными авторами предлагаются альтернативные решения, в зависимости от мировоззренческой позиции, философского направления, и духовно-интеллектуальных усилий исследователей.

В настоящее время стало возможным обращение к источникам, в которых были заложены основы казахской и тюркской духовности. Различные археологические изыскания, памятники древнейшей тюркской письменности, а также большое количество индийских, византийских, китайских источников предоставляют возможность культурно-исторической реконструкции религиозной ситуации на территории Казахстана.

Для казахов характерна терпимость к другим религиям, отсутствие большой строгости в соблюдении обрядовых и правовых норм шариата, – единодушно отмечают авторы. Наблюдатели, описывавшие быт казахов в прошлом, обычно подчеркивали, что ислам усвоен казахами поверхностно. Даже в XIX в. мусульманство не проникло в жизнь казахов столь глубоко, как у издавна оседлого среднеазиатского населения. В связи с особенностями бытового уклада (жизнь в юртах, сезонные передвижения) у казахов не было затворничества женщин. Они не закрывали лицо покрывалом, юноши и девушки пользовались значительной свободой общения.

Однако позиции ислама из года в год становились все более прочными. Постепенно увеличивалось число мечетей. Их построению содействовали частные лица, отчасти и правительство, поддерживающее ислам в казахских степях.

Обращение в ислам кочевой знати не означало, что мусульманское вероучение было прочно усвоено всеми слоями общества. Простой народ долго сохранял религиозные верования своих предков [3]. Казахам всегда были чужды политизация ислама, противостояние светской власти и религиозной элиты, нетерпимость к иноверцам, религиозный фанатизм или ценности теократического государства, подтверждает современный зарубежный исследователь [4].

Проникновение ислама на территорию современного Казахстана происходило в течение нескольких столетий, начиная с южных регионов. В качестве государственной религии был утвержден в государстве Караханидов в конце X века. По мере расширения ханства Чингизхана распространение ислама замедлилось, так как традиционной религией тюрков было тенгрианство. Но ислам продолжал распространяться в последующие столетия. Так ислам приняли ханы Золотой Орды Берке (1255-1266) и Узбек (1312-1340). В тот период среди тюрков было сильно влияние суфийского духовенства. Огромный вклад в пропаганде ислама среди всех тюркоязычных народов региона внес основатель суфийского ордена Ясавия Ходжа Ахмет Ясави, умерший 1166 году в городе Туркестан.

Взаимодействие разных культурных традиций неизбежно порождает синкретизм, характерный для всего доисламского культурного слоя. Причем, внутри этого слоя наиболее жизнеспособными оказались древнетюркские верования. Именно они, соединившись с исламом, составили впоследствии культурную основу традиционного уклада жизни казахского общества. В особенности это справедливо в отношении периферии распространения ислама – центрального и северного Казахстана с его преимущественно кочевым образом жизни. Здесь вытеснение или даже переработка исламом тюркского языческого наследия были куда менее основательными, чем на юге. Впрочем, и в самой инновации, т.е. в исламе, в известной степени были синтезированы элементы различных религиозных идеологий.

Основную роль в обращении кочевников в ислам на раннем этапе сыграли суфийские миссионеры таких братств как накшбандийа, ясавийа, кадирийа, направлявшихся в степи из оседлых городских центров Мавераннахра, в основном, Бухары. Это и предопределило преобладающее влияние в кочевой среде неортодоксального ислама, в котором органично соединились элементы традиционных доисламских и суфийских представлений. В отличие от ряда других мусульманских регионов, суфийские братства здесь не считались еретическими, а значит, не было четкого деления между официальным и “народным” исламом.

Таким образом, дальнейшее проникновение ислама в регион и его влияние на политическую жизнь происходили в неразрывной связи с домусульманскими, а с приходом монгольских войск, и с монгольскими идеологиями. Эти процессы не были результатом борьбы идей, а скорее, гибкой аккультурации и адаптации различных идей. Иными словами, не происходило вытеснения или замены “этнической” тюрко-монгольской коллективной идентичности исламской. Напротив, совершался вполне мирный процесс взаимопроникновения разных культурных систем, который, меняясь в деталях, продолжался и в дальнейшем. В конечном счете, это вело к формированию синкретической культурной идентичности [5].

Таким образом, в подавляющем большинстве подчеркивается, что «традиционной религией тюрков было тенгрианство» и сильное влияние суфийского духовенства [6].

Глубоко и художественно-образно проанализировала взаимовлияние тенгрианства и суфизма ведущий культуролог А. Мухамбетова. Автор пишет, что с приходом ислама в социо-культурной жизни кочевников происходят внутренние изменения, появляются деятели, которые осуществляют в своём творчестве синтез древних автохтонных и пришедших извне исламских идей и художественных форм в новый тип целостности, приходящий на смену древнему типу. Суфии взрастили новые идеи и стали новыми типами творцов. Их лирика, соединяющая любовь к женщине с глубокой мудростью, синтезировала воедино жизнеощущение молодости и старости, приблизившись к вневременному типу жизнеощущения баксы. Используя древние жанровые накопления, восходящие к тенгрианскому календарю культуры, творцы суфийского толка вышли за её рамки, как в содержании своего творчества, так и в жизнедеятельности, обогащая, преобразовывая и, в конечном итоге, разрушая то, на что опирались.

В песенной культуре ярчайшие творцы-суфии: Абай, Шакарим, Мухит.

В инструментальной: Даулеткерей, Казангап, Еспай, Мамен. С одной стороны, основой их творчества были кюи акжелены, с другой – песенные жоктау и толгау. В опоре этих кюйши на акжелен, воплощающий любовную лирику, а шире – женское начало в культуре казахов, видится типологическая параллель великим восточным поэтам-суфиям, в любовной лирике выражавшим своё стремление к слиянию с

Аллахом.

Свойственное носителям единство творчества и образа жизни, опосредующее содержание тенгрианско-гокалендаря мушель, это – древняя основа казахской культуры. Но музыканты-суфии несли порядок иного мира: экстазм баксы, субъективная лирика салов и сере, драматизм акынов, внеличностная мудрость жырау – всё это синтезируется в их творчестве. Синтез этих семантических сфер, глубоко индивидуальный у каждого творца, знаменует преобразование древней традиции. В лице суфиев казахская культура встречается с феноменом отделения творчества от жизнеощущения конкретной возрастной ступени, то есть мушеля. Вековая связь этих компонентов, державшая каркас традиционной культуры, в их творчестве разрушается, но эта ситуация чревата обретением новых смыслов.

Завершается статья А.Мухамбетовой следующими лирическими размышлениями: Смогли бы суфии окончательно разрушить древнюю основу культуры? Смогли бы сохраниться баксы, сал/сере, акыны, жырау в европеизированной культуре городов XX века? Да и сами суфии – где они? Вот – вопросы. Но видимо, в этом мире всё истинное, наработанное культурой веками, неистребимо. В XX веке в неведомых ранее казахам профессиях: композитор, режиссёр, драматург, художник, поэт и др., даже среди тех, кто творит на русском языке – угадываются типы древних творцов; в новых жанрах и формах, в новом материале возвращаются древние смыслы их жизни и творчества. Более того, именно эти деятели, продолжающие творить в созданных и обжитых предками духовных мирах, становились всенародно любимыми, признанными, известными.

Однажды в Москве, в 60-е годы прошлого века, в приватном разговоре об Олжасе Сулейменове мне сказали: «Да какой же он поэт, если у него нет ни одного настоящего любовного стихотворения?». Я, как могла, спорила, но и сама, честно говоря, не понимала, почему Олжас почти не пишет про любовь. И лишь позже, постепенно обретая понимание традиционной культуры, поняла: Олжас – поэт особый, он современный казахский жырау, для которого смысл и доминанта житнетворчества история и судьба народа. Интеллектуализм психогенетического типа жырау нашёл естественное продолжение в его научных трудах.

Художники: Молдахмет Кенбаев, Канапья Тельжанов, Калжан Айтбаев, по своему мироощущению тоже жырау, связанные пуповиной с мощным арасаном традиции.

Композитор Нургиса Тлендиев, конечно же, современный сал. Музыка его – это упоение красотой жизни, а его «по-саловски» раскованное поведение в жизни и на сцене было весьма рискованным для «деятели советской культуры».

Буйствующий театральный эстет, режиссёр Булат Атабаев, надевающий маску Геракла, чтобы его «громы и молнии» наконец-то услышало общество, на самом деле – эстет-сере с ранимой, страдающей от пошлости душой.

Не у всех поворачивался язык называть Шамши Калдаякова композитором, у одних – из зависти (диплома нет, а его песни поёт весь народ), у других – от любви («композитор» – это так иноязычно-официально, а он ведь – наш). И те и другие – правы. Он был чистойшей воды дервиш, бродячий поющий суфий. С ясным как у ребёнка взглядом, беспомощный и нищий в материальном мире, он никогда не сбивался с пути на сказочно-прекрасных дорогах своего духа.

Художник Шаймардан Сариев – из этого же народного дервишеского братства, бытовой абрис его жизни был так же нескладен, но картины – излучают свет.

Дух неистового шаманства, осеняющий на Западе певцов массмедиа, у нас избирает преимущественно художников: магическая сила картин позднего Абдрашита Садыханова, как и вся деятельность группы «Кызыл трактор» рушат рамки «мира искусства», «добропорядочной эстетики»...

Они не исчезли – салы и сере, акыны и жырау, баксы и суфии... Они только сменили внешний облик и названия профессий. И мы, (уже бывшие номады) когда сталкиваемся с ними, не всегда можем их узнать, порой и не хотим их признать, но всё равно чувствуем в их творчестве то щемяще родное, что заставляет звучать, казалось бы, намертво заблокированные всеильным XX веком, струны наших душ. И все они, столь разные творцы, едины в одном: на них родимое пятно традиционной культуры – сила жизни, изливающаяся в импровизационности [7].

Таким образом, казахи (шире – казахстанцы), выражаясь постмодернистским языком, – «Другие». Непохожесть обнаруживается в метафизическом (глубинно философском) отношении к религии, которая не занимает приоритетного положения, как это свойственно, к примеру, исламскому обществу. Причины этого кроются в том, что в культуре имировоззрении народа оказались жизнеспособными традиционные истоки. А именно: «Умение быть в гармонии с огромными пространствами, тенгрианская философия, знание законов и этики пути – это все комплекс духовности сформированный на нашей земле» (Мурат Ауэзов). В 20 веке на Земле найдется мало народов, на долю которых выпало столько страданий и

испытаний как выпало на долю нашего народа. Я абсолютно убежден, что в 20 веке Казахстан точно вошел в десятку стран переживших самые страшные страдания: ядерные испытания, гражданская война, коллективизация, гибель Арала, лагеря, тюрьмы и этот список ужасов нашей земли очень длинный.

Поучительно вспомнить Севастьяна, старца Оптиной пустоши, которого сослали в Карлаг. В Карлаге он выполнял необыкновенно высокую духовную миссию. Даже выйдя из лагеря он помогал заключенным и родственникам погибших заключенных. Этот человек – последний старец, кого Православная церковь причислила к лику святых. У него есть такие замечательные слова: «Напоенная кровь мучеников и освященная их молитвами бесконечная степь Казахстана».

Когда осознаешь какие страдания пережила земля на которой мы живем, то важно понимать, что на первый план должен выйти индивид, личность, человек. Наш народ выстрадал свое право на лучшую долю. Величайшие страдания совместно пережитые людьми разных народов, конфессий, судеб – роднит как ничто другое. Ни один настоящий казах не может отрицать этого. Казахам суждено быть некой центральной составляющей народа Казахстана, а это предполагает величайшую ответственность по счету гуманизма и человеколюбия.

Центральная Азия – это единый историко-культурный регион, Центральная Азия – это один из главных очагов общечеловеческой культуры, этот регион причастен к созданию мировых религий. Это блистательная история общей судьбы и этой истории общего Бытия около двух с половиной тысяч лет! [8]. Именно поэтому наша страна может сказать свое слово как связующее звено между народами и культурами.

Politics of scope is work one the part, that not will change mind in the state conducted socio-economic politics. ги macroeconomic politics one part the state is sits, country labour optimal applies measure needs, I am economic and labour market separately accordingly necessity mountain range specifies, labour market description, number and quality get organized aim puts forward.

Economy system social of providing Kazakhstan sits and sits and on development economy of republic carries out important role. When took wholly, development system social of providing in a republic was the state directed to improve corresponding to politics force of Kazakhstan, that was socially directed.

Keywords: social providing, social defence, strategy, economy, message, reform, pension

Қазіргі кезде елімізде әлеуметтік-экономикалық жаңғырудың кезекті сатысы аяқталды деп айтуымызға болады. Реформа жылдарында негізінен халықты әлеуметтік қорғаудың нарық экономикасына лайықты жаңа үлгісі жасалды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының, 1-тармағына сәйкес Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнайды. Елбасының жыл сайынғы Жолдаулары тәуелсіз Қазақстан тарихындағы елеулі оқиғалар. Өйткені ондағы қойылатын міндеттер мен жасалынатын пайымдаулар мен тұжырымдамалар әрбір жыл сайын бір-бірімен жалғастық тауып, мемлекеттің тұтастай дамуын жаңаша деңгейге көтеруді айқындайтын, нақты дәлелді көрсеткіштерге негізделген стратегиялық бағыттар[1].

Еліміздің әлеуметтік мемлекет ретінде дамып, қалыптасуының нақты бағыттары жыл сайынғы Елбасы Жолдауларының ең маңызды арқауы болып табылады. «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдары әлеуметтік саясат бойынша көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Бұл ретте жылма жыл жалақының, зейнетақы мен шәкіртақының артқанын, жұмыссыздық деңгейінің азайғанын, күнкөрісі төмендерді әлеуметтік қорғаудың күшейтілгенін, медициналық қамқорлықтың артқанын және т.б. атап айтуға тұрады [2].

Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деп аталатын 2006 жылғы Жолдауда Елбасы Қазақстан халқының әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға ерекше ден қойды. Жолдауда халықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге бағытталған міндеттерді іске асыру үшін нақты іс-шаралар жеке-жеке атап көрсетілді[3].

Мемлекет басшысының 2012 жылғы 27 қаңтардағы Қазақстан халқына арнаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында әлеуметтік жауапкершілікті барлық деңгейде арттыру қажеттігі аталып көрсетілді. Өйткені, «әлеуметтік жауапкершілігі бар мемлекет адамның даңғазалық ниеттілігін және қол жайып қарап отыратын көңілі мен таптауырындық мінезіне жол бермейді» [4].

Қазіргі уақытта шамамен Қазақстанның әрбір төртінші азаматы әлеуметтік қамсыздандырумен қамтылған (барлық халықтың 23,6%) [5]. Мемлекет саясатшылары халықты әлеуметтік-экономикалық жағынан қамтамасыз ете отырып олардың тіршілік деңгейінің жоғарлауына көмектеседі. Ел дамуының әрбір кезеңінде әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейі анықталады. Алғашқы дағдарыс жылдары экономиканың және қаражаттың мүмкіншіліктері экономиканың құлдырауының жоғарғы дәрежесімен және өндірістің төмендеуімен сипатталады және жұмыссыздыққа әлеуметтік сфералық даму мүмкіншіліктеріне шек қойылған болатын. Бұл жылдары мемлекеттік өлшемдер қабылданды және азаматтардың өмір сүру деңгейімен халықты қорғау топтары бұл жағымсыз зардаптарды жұмсартуға бағышталды. 1990

жылдың II- жартысына қарай белсенді саясатшылар экономикалық өсу шегіне алғы шарттар жасады. Жаңа келісім шарттарда әлеуметтік қорғаныс жүйесін реформалауға бағышталған және еңбекке көңіл бөлетін заң шығару орындары жұмысбастылыққа белсенді көмектеседі және зейнетақының жинақты жүзеге асыруға мемлекеттік көмек көрсетеді. Бірақ әлеуметтік реформалардың одан әрі тереңдеуі: кедей-шілікке, жұмыссыздыққа, қартаю жағдайларымен, нарықтағы тауар бағасының өсуі салдарынан жаңа бағдарламалар енгізіліп отырады [6].

2004 ж. 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономика және бәсекеге қабілетті ұлт» атты Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына жолдауы күшіне енді.

Жұмыспен қамту саясаты мемлекеттегі жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық саясаттың айнымас бір бөлігі болып табылады. Мемлекеттегі макроэкономикалық саясаттың бір бөлігі бола отырып, елдегі еңбек потенциалын оптималды қолдану шараларын қажет етеді, ол экономикалық және еңбек нарығының бөлек субъектілерінің сәйкесінше қажеттілігіне оң қырын көрсететін, еңбек нарығының сипаттамасының, саны мен сапасының ұйымдастырылу мақсаты алға қойылған [7].

Халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар аясында халықты жұмыспен қамту, жұмыссыздықтың күрт өсуінің алдын алу, өнеркәсіптік өндірістің инновациялық дамуының, аграрлық сектордың жоғары білікті мамандарға қажеттілігін қамтамасыз ету, сондай-ақ заңды сектордағы халықтың жұмыссыздық деңгейін азайту, жұмыс күші сапасының артуы, жұмыс күші ұсынысы мен жұмыс орындары санының теңгерімділігі, аймақтық еңбек нарығын қорғау жолымен жәрдемдесу жұмыстары жүргізіледі [8].

Сонымен қатар, бүгінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының автоматтандырылған жүйесін құру жөніндегі жұмыстардың да аяқталғанын атап көрсету керек. Мұндай жүйені құрудағы мақсат әлеуметтік аударымдар мен төлемдерге дербес тұлғалық тұрғыда есеп жүргізу процесін автоматтандыру болып табылады. Жүйе зейнетақы төлеудің қазіргі бар жүйесімен ықпалдасып, Қазақстанның банк аралық есеп айырысу орталығымен арадағы қарым- қатынасты қамтамасыз етуге тиіс [9].

Халықаралық еңбек ұйымы, валюталық банк, дүние жүзілік даму банкі, әлеуметтік қамтамасыз ету халықаралық қауымдастығы мәселесі енгізілген.

Сонымен қатар қазіргі таңдағы зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысы мен Ауған соғысының ардагерлеріне, мүгедектерге, жетім балаларға, асыраушысынан айырылғандарға мемлекет тарапынан көрсетілетін арнаулы көмектер мен түрлі төлемдер мен жеңілдіктерді қарастырып отыр.

Қазақстанның әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі үнемі жетілдіріліп отырады және республика экономикасының дамуында маңызды рөл атқарады. Тұтастай алғанда республикадағы әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің дамуы мемлекеттің әлеуметтік бағдарланған саясатына сәйкес қазақстандықтардың әлауқатын жақсартуға бағытталған.

Тәуелсіздік алған 20 жыл ішінде республикамыздың даму жолы халықтың әл ауқатының артуына, халықты әлеуметтік қорғаудың негізгі тектіктерінің бірі ретінде әлеуметтік қамсыздандыруды реформалауда және жаңғыртуда оң нәтижелерге қол жеткізді. 2000 жылдан басталған экономикалық өсу және тұрақты дамуды қамтамасыз ету бойынша уақытылы қабылданған шаралар әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін кешенді түрде үзіліссіз жетілдіріп отыруға мүмкіндік береді [10].

Мемлекет Басшысының 2011 жылдың 28 қаңтарындағы «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев алдағы он жылдықтағы маңызды міндеттердің бірі – Қазақстанның барлық азаматтарының өмір сүру сапасын және деңгейін жақсарту, әлеуметтік тұрақтылық пен қорғау деп атап көрсетті. Ол халықтың әл ауқатын нығайту мақсатында мемлекеттік әлеуметтік саясаттың басты бағыты халықты жұмыспен қамтамасыз ету керектігіне баса назар аударды.

Биылғы жылдан бастап, мемлекетіміз әлеуметтік қамсыздандырудың идеологиясының барынша қарапайым үш деңгейлік жүйесін қалыптастыруға бағытталған әлеуметтік реформаларды тереңдетудің үш жылдық бағдарламасын қолға алуда. Біріншісі, бұл мемлекет кепілдік беретін негізгі әлеуметтік төлемдер. Екіншісі, бұл міндетті әлеуметтік сақтандыру. Ақыр аяғында, бұл кейіннен әлеуметтік төлемдерге айналатын азаматтардың ерікті жинақтаулары. Міне осындай үш бастау азаматтарымыздың қарттық кезеңін лайығымен қамсыздандыруға тиісті жағдай туғызды.

Қорыта айтқанда Қазақстан болашағы айқын. Оны ел басы жыл сайын өз Жолдауында нақтылап беріп отыр. Президент белгілеген стратегиялық жоспарды іс-жүзінде асыру бүгінгі іс басындағы әр еңбек етуші азаматтардың қолында. Әр басшы, әр мемлекеттік қызметкер, сала басшылары белсенділік танытып Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту жолында іскерлік танытатынына сенімім мол.

Күнделікті жұмыс бабында Қазақстан халқы арасында жаңа әлеуметтік жүйені түсіндіру бөлімінің барлық мемлекеттік қызметшілерінің басты міндеті болып саналса және осы бағытта табанды жұмыстар

жүргізілсе ол үшін барлық мүмкіндіктер газет беттерінде, тұрғындар жиындарында айтылса игі болар еді.

1 Қаленова Т.С. т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті еуразиялық зерттеулер кафедрасының доценті, Қ.Р. Астана қ.

2 Сыздықова С.М. Қ.Р-ғы әлеуметтік саясаттың кейбір мәселелері// Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршы «Әлеуметтік және саяси ғылымдар сериясы», - №1(41) 2013ж.

3 Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2006, 1 наурыз.

4 Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.- 2012, 27 қаңтар.

5 «Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы туралы».

6 Әжіғалиев С.«Әлеуметтік теория және әлеуметтік құрылым» - Алматы, 2005ж.

7 «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Елбасы жолдауы.

8 «ҚР мемлекеттік қызмет туралы» Заңы.

9 «Егемен Қазақстан» - №144, 2007ж.

10 «Егемен Қазақстан» - №126, 2007 ж.

11 «Қазақстан-2030» даму стратегиясы.

УДК 32:(575.2)(04)

ГЛОБАЛЬНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЩЕСТВО КАК ЕДИНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ ПРОСТРАНСТВО

М.М. Мусуралиева –старший преподаватель Института Гуманитарных Знаний Кыргызского Государственного Университета им. И.Арабаева

Қоғамның ақпараттануын әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық үрдіс ретінде қарастыруға болады. Азаматтардың қажеттіліктерін, ұйымдардың, мемлекеттің жаңа ақпараттық технологиялар.

Кілт сөздер: сөздер: ақпараттық қоғам, медиажүйе, ақпараттық ресурстар

Информатизацию общества можно рассматривать как сложный социально-экономический и научно-технический процесс удовлетворения потребностей граждан, организаций, государств, всех структур общества в информации на основе создания и использования новых информационных технологий.

Ключевые слова: информационное общество, медиасистема, информационные ресурсы

Informatization of society can be seen as a complex socio-economic and scientific-technical process to meet the needs of citizens, organizations, states and all structures of society in the information-based development and use of new information technologies.

Keywords: information society, media system, information resources

Рассматривая вопрос информационного общества, необходимо также отметить, что информационная среда общества – это совокупность информационных ресурсов, система формирования, распространения и использования информации, информационной инфраструктуры.

Современному информационному обществу присущи следующие черты: транзитивность, высокая мобильность, высокая коммуникабельность, открытый доступ к широкому спектру информационных источников, высокая зависимость от информации, структурированность мышления на символическом понимании мира, склонность потреблять и интерпретировать информацию.

Как следствие, существование данных особенностей несет, как положительные тенденции - быстрый рост технологической составляющей цивилизации, так и негативные – высокая зависимость от информации, склонность потреблять и интерпретировать информацию ставит современное информационное общество в состояние зависимости от информационного пространства, которое с помощью технологии ведения информационной войны, может быть использовано для достижения определенных интересов.

По мнению ряда авторитетных экспертов [1, с.4], на сегодняшний день в сфере информационных процессов проявляются следующие тенденции.

Во-первых, возрастает объем коммуникативных процессов, которые вытесняют традиционные информационно-пропагандистские способы влияния на массы.

Во-вторых, налицо переплетение различных носителей информации – печатных, аудиальных, визуальных, т.е. возникновение интегрированных коммуникативных систем.

В-третьих, аналогичные процессы происходят и на уровне массовых информационных процессов,

где возникают и развиваются уже не отдельные СМИ, а информационные комплексы, называемые медиасистемами.

Считает, что можно выделить следующий набор свойств характерных для информационного пространства, который задает возможности для построения соответствующей модели информационной безопасности.

Во-первых, информационное пространство является базовым для понятий информационной войны, информационного оружия и информационной безопасности как технологии защиты общества от информационного оружия и информационной войны.

Во-вторых, информационное пространство постоянно находится в динамике. В нем не бывает завершенного состояния, т.к. цивилизация не стоит на месте, а постоянно развивается. Следовательно, достаточно трудно достичь постоянного информационного доминирования, поэтому достижение временного информационного превосходства должно быть использовано с максимально возможной выгодой.

В-третьих, информационное пространство структурировано. Оно неоднородно, в нем постоянно присутствуют механизмы, привлекающие внимание, и специальные средства (барьеры), отвлекающие внимание индивида от данной точки информационного пространства.

В-четвертых, информационное пространство универсально: любая область современной человеческой деятельности опирается на него, отсюда и возникают уникальные возможности по воздействию на любую сферу деятельности по средствам информационных каналов.

В-пятых, информационное пространство обладает национально-специфическими способами построения, обработки и распространения информации.

Результатом глобальной информатизации общества становится образование единого информационного пространства.

Следует отметить, что на сегодня не существует строгого определения «информационного пространства» [2, с.2]. И до сих пор, хотя словосочетание «информационное пространство» применяется чрезвычайно широко, как научное понятие оно почти не разработано. В целом можно сказать, что данное понятие употребляется, скорее, как метафора, чем как строгий научный термин.

Так, например, ученый Т.Закупень рассматривает информационное пространство как территорию, «покрытую», «охваченную» информацией, информационными ресурсами и инфраструктурой, в рамках которой все субъекты имеют одинаковые возможности получения, передачи и всех других манипуляций с информацией в любой точке этого пространства» [3, с.102].

Эксперт Е.Прохоров считает, что информационное пространство – это не просто территория, на которой действуют средства массовой информации (СМИ), а «территория, значимая для СМИ населяющими ее людьми, составляющими реальную, расчетную, потенциальную аудиторию функционирующих в этом пространстве СМИ» [4, с.65].

В документах политического характера дается свое определение информационного пространства. Например, такое: «Информационное пространство представляет собой совокупность баз и банков данных, технологий их ведения и использования, информационно-телекоммуникационных систем и сетей, функционирующих на основе единых принципов и по общим правилам, обеспечивающим информационное взаимодействие организаций и граждан, а также удовлетворение их информационных потребностей» [4, с.66].

Ученый В.Лопатин дает следующее определение: «Под информационным пространством страны предлагается понимать совокупность информационных ресурсов и информационной инфраструктуры, позволяющую на основе единых принципов и по общим правилам обеспечивать безопасное информационное взаимодействие государства, организаций и граждан при их равнодоступности к открытым информационным ресурсам, а также максимально полное удовлетворение их информационных потребностей на всей территории государства при сохранении баланса интересов на вхождение в мировое информационное пространство и обеспечение национального информационного суверенитета» [5].

Все приведенные выше определения позволяют предположить, что понятием «информационное пространство» в настоящий момент обозначаются различные феномены, которые связаны между собой наличием информации, а также те, кто ее производит, и те, кто ею пользуется. Как бы то ни было, уровень развития информационного пространства решающим образом влияет на экономику, обороноспособность и политику. От этого уровня в значительной степени зависит поведение людей, формирование общественно-политической ситуации и социальной стабильности.

Информационное пространство (инфосфера) – это сфера человеческой деятельности, связанная с соз-

данием, преобразованием и потреблением информации и включающая в себя: «индивидуальное и общественное сознание, и информационные ресурсы, то есть: информационную инфраструктуру (комплекс организационных структур, технических средств, программного и другого обеспечения для формирования, хранения, обработки и передачи информации), а также собственно информацию и ее потоки» [6, с.6].

Основными объектами единого информационного пространства являются:

1) информационные ресурсы – массивы документов, базы и банки данных, все виды архивов, библиотеки, музейные фонды и пр., содержащие данные, сведения и знания, зафиксированные на соответствующих носителях информации;

2) информационная инфраструктура, включающая в себя:

а) организационные структуры, обеспечивающие функционирование и развитие единого информационного пространства, в частности, сбор, обработку, хранение, распространение, поиск и передачу информации. Обеспечивающую часть составляют научно-методическое, информационное, лингвистическое, техническое, кадровое, финансовое обеспечение.

б) информационно-телекоммуникационные структуры – территориально распределенные государственные и корпоративные компьютерные сети, телекоммуникационные сети и системы специального назначения и общего пользования, сети и каналы передачи данных, средства коммутации и управления информационными потоками;

в) информационные, компьютерные и телекоммуникационные технологии;

г) системы средств массовой информации.

Некоторые авторы предлагают в составе информационного пространства рассматривать также и другие компоненты:

- рынок информационных технологий, средств связи, информатизации и телекоммуникаций, информационных продуктов и услуг;

- систему взаимодействия информационного пространства отдельного государства с мировыми открытыми сетями;

- систему обеспечения информационной защиты (безопасности);

- систему информационного законодательства.

С таким подходом, на наш взгляд, нельзя согласиться, поскольку перечисленные компоненты скорее являются качественными характеристиками, условиями, признаками, при наличии которых совокупность объектов системы образует единое информационное пространство.

Говоря о развитии информационного пространства, в качестве основных тенденций, на наш взгляд, следует выделить интернетизацию и глобализацию.

Что касается интернета, то всемирная информационная паутина еще не стала всеобъемлющей, но она уже сегодня оказывает большое влияние на нашу жизнь. Этот процесс идет быстрее, чем можно себе представить. Из технического изобретения он превратился в абсолютный феномен, влияющий на все стороны жизни человечества. Не вызывает никаких сомнений тот факт, что развитие интернет-технологий открывает перед обществом множество перспектив и дает надежду на качественный прорыв в самых разных сферах. Что касается глобализации, то развитие этого процесса уже позволяет говорить о глобальном информационном обществе и едином информационном пространстве.

Группа стран, таких, как США, Канада, Япония, Германия, Франция, Англия, Италия, рассматривая создание единого информационного пространства в качестве одной из приоритетных задач XXI в., договорилась о сотрудничестве в создании глобальной информационной инфраструктуры.

1 Законодательные проблемы информатизации общества. – М., 1992. – С.4.

2 Семенов Э.П. Развитие информационного пространства и прогресс общества // НТИ. Сер. 1. – 2008. – № 1. – С. 1-11.;

3 Закупень Т. Коммерческое право. – М.: Норма: Инфра-М, 2002. – С.102

4 Прохоров Е. Региональные СМИ в информационном пространстве России // Факс. – 1999. – № 1-2.

5 Лопатин В. Методологические проблемы формирования и защиты единого информационного пространства // <http://jurfak.spb.ru/conference/18102000/lopatin.htm>

6 Шрейдер Ю.А. Информационные процессы и информационная среда // НТИ. Сер. 2. – 1976. – № 1. – С. 3-6.

ОҚЫТУШЫЛАРҒА КӨМЕК В ПОМОЩЬ ПРЕПОДАВАТЕЛЮ

УДК 32.001: 005.44

САЯСИ ГЛОБАЛИСТИКА –ЖАҢА ІЛІМ: ЖАЛПЫ СИПАТТАМА

Р.Б.Әбсаттаров –ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент-мүшесі, филос.ғ.д., профессор, Абай атын. ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі

Мақалада ғылыми әдебиетте жете зерттелмеген саяси глобалистика мәселесі қарастырылады. Саяси глобалистика мақалада жаңа ілім ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, саяси глобалистиканың одан әрі дамуы саяси ғылымдар ауқымын кеңейтетініне және байытатынына, глобалистиканың өзінің пәнаралық білім жүйесіретінде дамуына түрткі болатынын назар аударылған. Мақалада пікірталас тудыратын мәселелерге де көңіл бөлінген.

Тірек сөздер: саяси глобалистика, жаһандану, ұлттық қауіпсіздік тұжырымдама, көш-қон, экология, болжау, жауапкершілік, өзара тәуелділік

Статье рассматриваются проблема политической глобалистики, которая в научной литературе еще недостаточно изучена. В статье более подробно рассматривается политическая глобалистика как новое учение. При этом следует подчеркнуть, что дальнейшее развитие политической глобалистики может расширить и обогатить спектр политической науки, а также дать новый импульс дальнейшему развитию собственно глобалистики как междисциплинарной системы знаний. Вместе с тем в статье уделено внимание и дискуссионным вопросам.

Ключевые слова: политическая глобалистика, глобализация, национальная безопасность, концепция, миграция, экология, прогнозирование, ответственность, взаимозависимость

In article the problem of political global studies which in scientific literature is still insufficiently studied is considered. In article the political global studies as the new doctrine are in more detail considered. Thus it is necessary to emphasize that further development of political global studies can expand and enrich a range of political science, and also give a new impulse to further development actually global studies as interdisciplinary system of knowledge. At the same time in article the attention and to debatable questions is paid.

Keywords: political global studies, globalization, national safety, concept, migration, ecology, forecasting, responsibility, interdependence, technology, policy, state, values, model, cooperation, world process, anti-global studies

Адамзаттың жаһандық мәселелері – бүкіләлемдік ауқымда білінетін, қиын да күрделі қайшылықтар мен үдерістер. Бүгінгі заманғы саяси ғылым жаһандық мәселелерге бүкіл адамзаттың өмірлік мүдделеріне әсер ететін және өз шешімін табуға әлемдік қоғамдастықтың ұжымдық, бірлесе әрекет етуін талап ететін, өркениеттердің дамуының маңызды факторы ретінде көрінетін мәселелерді жатқызады. Осы мәселені зерттеумен жаңа ілім – саяси глобалистика айналысады[1].

Қазіргі саяси глобалистикада қандай мәселелерді жалпыадамзаттық, жаһандақ деп есептеуге болады? деген сұрақтың тууы өте орынды. Бір қарағанда жеңіл көрінгенмен, бұл сұраққа жауап беру оңайға түспейді. Осы заманғы әлемдік даму күрделі, сан-алуан, қозғалмалы және бір-біріне қарама-қайшылықты. Ол қиын ізденістер мен күтпеген таңдауларға, қауіп-қатерлер мен мол үміттерге толы. Біздің бүгінгі өмір сүріп отырған ортамызға бұрын соңды бұндайшамадан тыс саяси және басқадай табиғи қиыншылық кездеспеген. Адамзат ешқашан табиғаттан соншама көп алым алмаған және өз қолымен жасаған қуаттың алдында бүгінгі күндегідей шарасыз болмаған.

Бірақ бүгінгі уақыттағы әлемдегі қайшылықтар мен қауіп-қатерлер, қиыншылықтар мен ауырлықтардың табиғаты мен ауқымы салыстырмалы қарағанда, біркелкі емес. Олардың бірі-ғаламдық саясаттың, екіншісі ғылыми-техникалық төңкерістің, ірі-ірі өндіріс орындарымен адамдардың шаруашылық іс-әрекетінде жіберілген табиғатқа деген аяусыз орны толмас қателіктері мен қыңыр жақты қарауының салдары. Үшіншілері қазіргі заман адамы, өмір сүретін табиғи ортамен байланысты. Олардың тек кейбі-реуінің ғана ғаламдық сипаты бар, ал қалғандары аймақтық және жергілікті екенін ескергеніміз жөн деп есептеймін.

Көптеген елдерде глобалистер жалпыадамзаттық мәселелердің тізімін, кестесін (реестрын) жасауға ұмтылуда. Мысалы, 1991 жылы Мюнхенде жарық көрген «Энциклопедия мировых проблем и человеческого потенциала» – («Ғаламдық мәселелер мен адам әлеуеті энциклопедиясында») атты еңбекте жаһандық мәселелер ретінде 12 мыңнан астам проблемалар көрсетілген. Жалпыадамзаттық мәселерге осындай кең түсінік беруге көптеген мамандар өздерінің қарсылықтарын білдіріп отыр. Қазіргі ғылым айқындалған және бір жүйеге келтірілген өлшемдер бойынша жаһандық мәселелерге төменде көрсетілген тұжырымдарды жатқызады:

-жалпы адамзаттың, барлық мемлекеттер мен халықтардың, өз ғаламшарымыздың әрбір тұрғынының өмірлік мүдделеріне қандай да бір дәрежеде әсер ететін;

-заманауи өркениеттің дамуының объективті факторы ретінде көрінеді, яғни жеке елдер мен аймақтардың ауқымында өзіндік көрніс табуына қарамастан, ақыр соңында бүкіләлемдік сипат алуға;

- оларды шешудің сындарлы жолдары табылмаса, өте қиын сипат алады және тек адамзаттың оңды дамуына ғана емес, өркениеттің опат болуына да өзінің қауіпін төндіреді;

-өзінің шешімін табу үшін бүкіләлемдік қоғамдастықтың, барлық мемлекеттер мен халықтардың ұжымдық, бірлесе әрекет етуін талап етеді.

Жаһандық мәселелер ғаламшарлық ауқымда өте қиын, кешенді және олар бір-біріне өзара тәуелді, әрдайым үдемелі өзгеріп отыратын сипатта болатынына басты көңіл аударып отыруды талап етеді.

Осы тұрғылардан қарағанда ғалымдар, ең алдымен, дүние жүзілік ядролық соғыс қаупінің сақталуы, осыған байланысты бүкіләлемде бейбітшілікті сақтау, қоршаған ортаны қорғау, этносаяси, энергетикалық, шикізат, азық-түлік және демографиялық мәселелер, ғарыш пен әлемдік мұхит байлықтарын бейбіт мақсатта игеру, көптеген еркіндік алған елдердің экономикалық арта қалуын болдырмау, қауіпті ауруларды жою және т.б. туралы өз ойларымен пікір алмасып отыруы талап етіледі.

Қазіргі глобалистика жалпы адамзаттық өмірмәнді мәселелер бойынша пәнаралық ғылыми білімдер

жүйесі болып табылады. Оның үдемелі даму барысында саяси саламен байланысты ғаламдық мәселелерді зерттеу және оның алда тұрған келелі мәселелерін шешу жолдарын іздестіруге көңіл бөлінуде. Сондықтан да, бүгінгі таңда, глобалистика мен саяси ғылымға тығыз бірлесіп әрекет еткен жағдайда пәрменді болатындығы ақиқат. Бұл жаңа ғылыми бағыттың – саяси глобалистиканың пайда болуына негіз болды. Менің пайымдауымша, оның түп-тамырында жаһандық мәселелердің феноменін саясаттану тұрғысынан айқындаудың төрт негізгі бағытын бөліп көрсету қажет:

-жалпыадамзаттық проблемалардың барлық туындайтын саяси жағын зерттеу;

-жеке ғаламшарлық мәселелерді және олардың халықаралық қатынастар жүйесімен қатар, әлемдік саясаттың нақты бағыттарымен өзара байланысын, саясаттану тұрғысынан талдау;

-әлемдік қоғамдастықтың нақты аймақтарында жаһандық мәселелердің көрініс табуын және олардың саяси жағдайдың дамуына әсерін сараптау;

-саяси-глобалистикалық зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыру.

Бірінші бағыттың ауқымында жалпыадамзаттық мәселелердің пайда болу және ушығу себептерін зерттеу өте маңызды болып табылады. Көптеген ғалымдар оларды шектеудің болуымен, немесе, глобалистикада қабылданған атауға сай, адамзат қоғамдастығының даму шектерімен байланыстырады. Бірақ, мамандардың біршама бөлігі негізінде бұл шектеулерді өркениеттің іргерлемелі даму жолындағы мүлдем жою мүмкін емес маңызды кедергілер деп санамайды.

Кейбір глобалистер (Дж.Форестер, Д.Медоуз және т.б.) әлемнің шектерінің физикалық табиғаты бар және жалпы алғанда, оның шектеулі болуы мен жеңіл жойылуында көрініс табады деп есептейді. Бұл шектер сыртқы деген атауға ие болды және оларды, ең алдымен, азық-түлік өндіру ресурстарымен адамзатты қамтамасыз ету, қоршаған ортаның ластануы, халық саны мен урбанизация және т.б. осы секілді ғаламшарлық мәселемен байланыстырады.

Алғашқы рет сыртқы шектер Д.Медоуздың басшылығымен дайындалған, Рим клубына арналған (Рим клубы – жаһандық мәселелерді зерттеу үшін 1968 жылы құрылған халықаралық үкіметтік емес ұйым) «Өсу шектері» атты баяндамада барынша толығырақ қарастырылған.

Жалпыадамзаттық мәселелерді зерттеу үшін «Өсу шектерінің» авторлары ең бірінші болып компьютерлік үлгіні пайдаланды. Олар сол үлгі негізінде жаһандық мәселелердің ушығуы жағдайында адамзаттың болашақ даму жолдарын болжауға және үлгі арқылы көрсетуге тырысты. Д.Медоуз және оның әріптестері әлемдік қоғамдастықтың «шектеусіз өсу» саясаты сақталатын болса, адамзат ХХІ ғасырдың ортасында ақ сыртқы шектерге жету нәтижесінде апатқа ұшырауы мүмкін деген тұжырым жасады. Осындай келешекті болдырмау үшін «жаһандық теңдік» тұжырымдамасы ұсынылған болатын. «Жаһандық теңдік» ретінде бүкіл әлемдік жүйенің халық саны мен өнеркәсіптік өндірістер өзгеріссіз қалатыны, ал оларды өсітуге немесе азайтуға мәжбүрлейтін күштердің арасында мұқият бақыланатын теңгерім ұсталып, нәтижесінде жағдай қарастырылған болатын.

Ғалымдардың тағы бір тобы (Э.Ласло, Дж.Биерман және т.б.) адамзаттың даму бағытын анықтау үшін сыртқы емес, ішкі шектерді маңызды деп есептейді. Ішкі шектер ретінде психологиялық, мәдени, ең бастысы, нашар жеке және ұжымдық басшылықтан, саяси іс-әрекеттегі жауапсыздық пен көрсоқырлықтан байқалатын адамдар мен қоғамның өмірлік іс-әрекетінің саяси шектерін қарастырады.

Сонымен, бүгінгі кезеңдегі саяси басшылықтың жауапкершілігі мен біліктілігі – жаһандық мәселелердің жағдайына әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Осы заманғы халықаралық қатынастар мен әлемдік даму мәселелері бойынша нақты саяси шешім қабылдайтын саяси қайраткерлерге жүктелетін жауапкершіліктің жаһандануы жүзеге асуда. Білікті басшылық бүкіл әлемдік саяси үрдістің көпфакторлығын және оның шекараларының барын ескере отырып, одан асып кеткен жағдайда, жаһандық апатқа әкелетін ескеруді қажет етеді.

Адамзаттың іргелі мәселелеріне ықпал ету жағдайында, саяси шешім қабылдау әлемдік қоғамдастықтың дамуын болжаумен байланысты [2]. Осыған орай орын алған әлеуметтік және табиғи өзгерістерді ескере отырып, тез арада түзетулер мен өзгертулер енгізілетін саясаттың, біршама кешіктіріліп жүзеге асырылатын ескерсек, саяси іс-әрекеттерге қарағанда нәтижесі жоғары және күш пен қаржы шығынын аз мөлшерде талап етеді. Ғаламшар тұрғындарының көпшілігі мәселені жететүсініген кезде, оны шешу немесе оны жеңілдету өте қиын екенін жаһандық мәселе жағдайының үдеу динамикасы көрсетіп отыр.

Болжау жасаумен қатар, әлемдік қоғамдастықтың даму барысындағы бұрынғы өткен кезеңдердегі қарама-қайшылықтардың пайда болу себептерін ретроспективті талдау, оларды шешудің тарихи тәжірибесінде өте маңызды. Өткенге зер салу саяси шешімдерді негіздеуге қолданған әдіс-тәсілдердің, көбінесе, олардың уәждемесінің көлеңкесінде қалып қоятынын көрсетеді. Мысалы, американдық ғалым Д.Геллер жаһандық әскери-саяси мәселені қарастыру барысында, 1816-1965 жылдар аралығында 43 мемлекет

арасында болған 215 соғыс және бір соғыстан екінші соғысқа дейінгі 172 өтпелі кезеңнің компьютерлік сараптамасын жасаған. Ол соғысты бастау туралы шешімнің басты себебі алдыңғы өткен соғыстардың тарихи тәжірибесі емес, мемлекеттің дәл сол кездегі әскери қуаты деген қорытындыға келген.

Саяси үрдістердің глобалистикалық зерттеулері ғаламшарлық мәселелердің қазіргі ушығуы әлемдік қоғамдастықтың билік құрылымдарының алдына тарихи тәжірибені, ғылымның жетістіктерін, кең түрде алғанда, адамзат жинаған орасан зор білімді жан-жақты және өнімді пайдалану қажеттілігін бұлтартпастан қойғанын көрсетеді. Ол адам баласының алдында тұрған жаһандық мәселелерге байланысты дұрыс әрекет етуге, түбінде, саяси жүйелердің тиімділігін арттыруға және қоғамның одан ары демократиялануына мүмкіндік береді.

Американдық танымал ғалым А.Тоффлер осы мәселелерді талдауға «Биліктің орын ауысуы: ХХІ ғасыр басындағы білім, байлық және мәжбүрлеу» – «Смещение власти: знание богатство и принуждение на пороге ХХІ века» кітабын арнады. Автор қазіргі жаһандық даму жаңа өркениеттің қалыптасуына әкеледі және оның барысында қоғамдағы саяси билік біршама өзгеріске ұшырайды деген көзқарасты ұстанады. Оның пікірінше, биліктің көптеген «құралдарының» арасында ең маңыздылары – күш көрсету, байлық және білім.

Күш көрсету биліктің пәрменділігі тым төмен құралы болып табылады. Ол көбінесе мәжбүрлеу және жазалау түрінде қолданылады. Байлық – биліктің неғұрлым икемді қаруы, өйткені оны ынталандыру да, жазалау да құралы ретінде пайдалануға болады. Сонымен бірге, оны ықпал жасаудың басқа көптеген түрлеріне айналдыруға болады. Американдық глобалистің пікірінше, ол білімді биліктің ең сенімді және фундаменталдық құралы деп есептеуге болады. Биліктің бұл құралы оған иелік етушіге күш көрсету мен байлықты қолданған кезде пайда болуы мүмкін мәселелерді болдырмауға мүмкіндік береді. Білім оған иелік етушінің жеке, өз мүддесіне нұсқан келтірмейтіндей басқаларды әрекет етуге мәжбүрлеу құралы ретінде қолданылуы мүмкін. Саяси құрал түрінде қолданылатын білім оған иелік етушінің қолына ең пәрменді билікті береді деген пікірде болған.

Білімді бақылауға алу адамзаттың әрбір қоғамдық институтындағы ертеңгі болатын билік үшін күресте маңызды мәнге ие болмақ. Сонымен бірге, білім биліктің демократиялығының ең басты қайнар көзі болып табылады. Осы пікірге байланысты А.Тоффлер «егер біз білім кімге және қалай берілетінін түсінбесек, өзімізді билікті дұрыс қолданбаудан қорғай алмаймыз, болашақ технологиялық прогресс үміттендірген ең жақсы, неғұрлым демократияландырылған қоғамды жасай алмаймыз» деп тұжырымдайды.

Ғаламдық мәселелерді саяси зерттеудің екінші бағыты, жоғарыда біз атап өткендей, жалпы адамдық жеке мәселелерді талдаумен байланысты. Осы тұрғыдағы зерттеулер жоғарыда қарастырылғандарға қарағанда ауқымы тарлау, мамандандырылған зерттеулерге жатады. Олар экология, бейбітшілікті, елжұртты, халық санын, энергетиканы сақтау, шикізат ресурстарын пайдалану, ғарышты және әлемдік мұхитты игеру салаларындағы саясатпен байланысты нақты мәселелерге арналған. Бүгінгі глобалистиканың зерттеу аясына жер мен су ресурстарын пайдаланудың, азық-түлік және пайдалы қазбалармен қамтамасыз етудің, білім беру мен телекоммуникацияны дамытудың және т.б. саяси жақтары да кіреді.

Жоғарыда аталып өткен зерттеулерде саяси глобалистиканың пәнаралық сипаты айқын байқалады. Оларды жүзеге асыру үшін жаһандық әлемтану негізінде саясаттанудың, жаратылыстану және техника ғылымдарының да білімін бір жерге біріктіру, ұжымдастыру; зерттеудің кешенді нысанында, бір жағынан, саяси, екінші жағынан гуманитарлық, табиғат, технологиялық және басқа ғаламшарлық деңгейдегі мәселелерді байланыстыру қажеттігі туындап отырғанын ескеруі айқындалып отыр.

Бүгінгі таңда арнайы саяси-глобалистикалық зерттеулер саяси ғылымдар өрісін кеңейте түседі, әсіресе дәстүрлі ғылымдармен өзара тығыз байланысты саясаттанулық сипаттағы білімнің жаңа салаларының қалыптасуына ықпал етеді деп тұжырымдауға болады. Мысалы, француз ғалымы Б.Де Жувенель алғашқылардың бірі болып ғылыми айналымға табиғатты басқару туралы ғылымды белгілеуге арналған саяси экология ұғымын енгізді. Оның зерттеулерінің маңызды нысаны – қоғам мен қоршаған орта арасындағы ғаламдық қарама-қайшылықты шешудің саяси әдіс-тәсілдері. Өз кезегінде бұл жаңа ғылыми пән-ілім дәстүрлі саясаттанудың дамуына ықпал етеді. Осы орайда, «әлемдік үкімет» туралы ойды жақтаушылар саяси-экологиялық зерттеулерден өз ойларын негіздеуге жаңа дәлелдер табуға ұмтылыс жасайды. Олар әлемдік қоғамдастықта басқарудың орталықтандырылған түрін қалыптастырған кезде ғаламдық ауқымда экосфераны қорғауға бағытталған бірлескен және ұзақ мерзімді іс-әрекеттің айқындалған қажеттілігін толық қанағаттандыру мүмкін болады деп дәлелдейді.

Айта кету керек, мамандандырылған саяси-глобалистикалық пәндер қалыптасу үстінде. Бірақ қазірдің өзінде бұл ғылыми бағыттар көптеген жаһандық мәселелермен олармен байланысты саяси үрдістер мен құбылыстардың өзара әсерін және байланыстарын табысты талдауда.

Айта кету керек, кейбір мемлекеттердің энергетика мен көлік саласындағы тоғышар саясаты қоршаған ортаның жағдайының нашарлауына және басқа елдердегі ойластырылған экологиялық саясаттың нәтижесінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Демографиялық саясаттағы жіберілген ескерілмеген жағдайлар мен орны толмас қателіктер, адамдардың өмір сүруі үшін бір елден екінші елге жұмыс іздеу мақсатындағы стихиялық миграциясын туғызады. Соғыстар мен қарулы қақтығыстар, әрдайым, олар болған аудандардың тұрғындарының өз үй-жайларын тастап, босқындарға айналуына әкеледі. Бүгінгі әлемде экологиялық босқындардың саны одан ары көбейе түсуде.

Ғаламдық мәселелерді саясаттанулық зерттеудің үшінші бағытын қарастыру барысында оған әлемдік қоғамдастықтың жеке аймақтарындағы жалпыадамзаттық мәселелердің көрінуін талдау тән екенін еске алған жөн. Бұл орайда жаһандық мәселелер біртекті және біркелкі еместігін түсінген абзал. Әлемнің әртүрлі бөліктерінде нақты ғаламдық мәселелердің өзектілігі біркелкі, бірдей емес және олар бір-бірінен өзгеше түрде болуы мүмкін. Бұл тұжырымды сипаты мен даму динамикасын аймақтарға немесе мемлекеттер тобына байланысты әртүрлі демографиялық мәселе негізінде түсіндіруге болады.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында жалпы біздің ғаламшарымыздың ауқымында және жеке елдерде күрделі, қайшылықты демографиялық үрдістер байқалады [3]. Олар көп дамушы елдердегі халқының «күрт» өсуі және бірқатар өнеркәсібі дамыған елдерде «теріс» болуымен сипатталады. Көбінесе халық саны, ел-жұрт жаһандық мәселесін шешу тиімді және мақсатты бағытталған, жан-жақты қамтылған демографиялық саясатқа тәуелді. Көп жағдайда индустриалды дамыған елдерде осындай саясаттың басты мақсаты – өсіп-өну мен халық санын көбейту. Дамушы елдердің көбінде демографиялық саясаттың негізгі міндеті халық санының өсуін тежеу болып табылады. Демографиялық үрдістер қалай да болса ұлттық және аймақтық қауіпсіздік жағдайына ықпал етеді. Өнеркәсібі дамыған елдердегі өсіп-өнудің төмен деңгейі және халықтың қартаюу үрдісінің артуы XXI ғасырда олардың қарулы күштерінің жеке құрамын толықтыру барысында көп қиыншылықтар тудырады. Дамушы елдер, керісінше, ішкі және сыртқы қарулы қақтығыстарға қатыса алатын жас адамдардың артуымен қамтамасыз етіледі. Ол жерлерде аталған қақтығыстарды тудыратын және жиі халық санының өсуіне байланысты әлеуметтік, экономикалық шиеленістерді күтуге болады.

Саяси-глобалистік зерттеулердің әдіснамалық және теориялық негіздері жалпыадамзаттық мәселелерді талдаудың жоғарыда біз бөліп көрсеткен төртінші бағытын жүзеге асыру барысында қалыптасады. Бұл үрдіс, біздің пікірімізше, ең алдымен қазіргі кездегі саяси ғылым мен глобалистиканың өзара әсерімен және бірін-бірі ішінара толықтырумен сипатталады.

Мысалы: төртінші бағытты жүзеге асыруды орындауда саясаттанушылар мен глобалистердің бірлесе жұмыс істеуі қажет ететін маңызды зерттеу міндеттері бар. Оларға ғаламдық мәселелерді әлемдік саяси дамудың факторы ретінде жете түсінуді, жалпыадамзаттық және басқа да ушыққан мәселелердің әсерінен халықаралық аренада саяси үрдістердің жаһандануын талдауды және одан басқа да мәселелерді жатқызуға болады.

Көптеген глобалистік зерттеулерде саяси ғылымның негізгі категориялары қолданылады. Бұдан қарастырып отырғанымыз, ғылыми білімнің екі саласының өзара қатынасының толықтырылуын айқын көруге болады. Бұлардың арасындағы байланыстың тереңдеуіне, пәрменділігіне, жаңа ғылыми бағыт-саяси глобалистикаға бірігуіне әсер етеді. Атап айтқанда, қазіргі глобалистикада жаңа жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруға және таратуға көп мән беріледі, өйткені бұл құндылықтарды бағдарға алу ғаламдық проблемаларды орындай, табысты шешуге мүмкіндік береді.

Глобалистика саласының мамандары құндылықтар бағанында саяси астары бар құндылықтар мен құнды бағдарларға маңызды орын береді. Әртүрлі еңбектерде осындай құндылықтарға адамдардың қоғамдағы және жалпыадамзаттың қауіпсіздігін; мемлекет ішінде және халықаралық деңгейде іс-әрекет ету еркіндігін; үкіметтің іс-әрекетінің сындарлы сипатын; адам, қоғам, табиғат және болашақ ұрпақ үшін жауапкершілікті; саяси плюрализмді; ұлтшылдықтың азайуын; ақпаратқа қол жетімділігін; қазіргі әлемнің саяси құрылымдары мен жүйелерінің оңтайлы басқарулығын жатқызады.

Саяси ғылым мен глобалистиканың мүдделерінің тоғысқан жерінде танылатынындай құндылықтарды тізбектеуді ары қарай жалғастыра беруге болар еді. Дегенмен де, жаһандық мәселелерді саяси-глобалистік сараптау нәтижесінде алынған жаңа мәліметтер мен дәйектер кейбір жағдайда дәстүрлі құндылықтар мен құнды бағдарларды түсіндіруге өзгерту енгізетіне көңіл аудару керектігін қажет ететіндігіне басты назар аударуымыз қажет.

Соңғы уақытта орын алған қауіпсіздік тұжырымдамасын қайта түсіну осындай өзгерістің мысалы бола

алады. Осы кезге дейін ұлттық қауіпсіздік, ең алдымен, қандай да бір мемлекетті қарулы басқыншылықтан сақтандырудың сенімді қорғаныс шаралары мен саяси кепілдіктерінің жиынтығы ретінде қарастырылатын. Саяси-глобалистикалық зерттеулерді жүргізу ғаламшардағы экологиялық жағдайдың өте күрделі және маңызды екенін көрсетті[4]. Мұндай бағалау ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің саяси – әскери жағына тиянақты қарауды сақтай отырып, сарапшылардың енді саяси құндылықтар қатарына экологиялық қауіпсіздікті басымды деп жиітануына ықпал жасады. Қазіргі таңда ұлттық қауіпсіздікті, көбінесе, тек әскери-соғыс қаупінен қорғану ғана емес, сонымен бірге, экологиялық, энергетикалық дағдарыстан, «демографиялық жарылыстан», табиғат ресурстарының сарқылуынан және ғаламдық мәселелерінің ушығуының өзге де теріс салдарларынан қорғанумен байланыстыру басты мәселе.

Сонымен, жоғарыда айтылғандардың негізінде саяси ғылым мен глобалистика ілімінің бірігуі барысында саясаттанулық категориялар мен тұжырымдамалар ғаламдық мәселелерді зерттеуде кеңірек қолданыла бастады, ал глобалистикалық зерттеулердің нәтижелері қазіргі әлемнің саяси үрдістері мен құбылыстарын сараптау жиі қолдануда деген тұжырым жасауға болады. Саяси глобалистиканың одан әрі дамуы саяси ғылымдардың өрісін кеңейтуі және байытуы мүмкін, осыған орай глобалистиканың өзінің пәнаралық білімдер жүйесі ретінде одан әрі дамуына жаңадан өз септігін тигізетініне толық сене аламыз. Қазірдің өзінде саяси глобалистиканың халықаралық қатынастар мен әлемдік дамудың кейбір маңызды мәселелерін дәстүрден тыс және инновациялы түрде қарастыруға қабілетті екені белгілі болды.

Саяси глобалистика – жалпы адамзаттық, ғаламдық мәселелердің саяси жақтарын және олардың халықаралық қатынастар жүйесімен байланысын зерттеуге, жаһандық мәселелердің әлемнің әртүрлі аймақтарында көрініс табуын сараптауға, сонымен қатар саяси-глобалистік зерттеулердің – теориялық-әдіснамалық негіздерін қалыптастыруға бағытталған саясаттану ғылымындағы жаңа бағыт, жаңа ілім.

1 Новейший политологический словарь.- Ростов-на-Дону: Феникс, 2010.-С.66-67.

2 Әбсәттаров Р.Б. Саясаттану негіздері. Екі томдық. 2-том.- Алматы: Қарасай, 2012.-186-204 б.

3 Соціологічна енциклопедія.- Київ: Академвидав, 2008.-С. 96, 230.

4 Сергеев А.П. Общество и экология. – СПб., 2013.-С.29.

УДК 111

АБАЙ – ПРЕДТЕЧА ДВИЖЕНИЯ АЛАШ

Е.И. Григорьев – гуманист, абаевед, д. филос. н., профессора

Профессор Е.И. Григорьевтің мақаласы Алаш саяси-азаттық қозғалысы лидерлері мен Абайдың әлеуметтік-саяси ілімдері арасындағы болған байланыстар мен сабақтастықтар туралы баяндайды.

Кілт сөздер: «Алаш қозғалысы», «Абайдың әлеуметтік-саяси ілімдері», «Алаш зиялылары плеядасы», «Абайдың азаттық идеялары», «А.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов», «Абайдың идеялық мұрасы», «Алаш қозғалысының идеялық негіздері»

Статья профессора Е.И. Григорьева рассматривает взаимосвязь и преемственность между лидерами освободительно-политического движения Алаш и социально-политическими учениями Абая.

Ключевые слова: «Движение Алаш», «социально-политические учения Абая», «плеяда алашской интеллигенции» «освободительные идеи Абая» «А.Букейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов», «идейное наследие Абая», «идейные основы движения Алаш»

It is a mutual relationship between continuity and creativity, socio-political doctrines of the great Kazakh poet and philosopher Abai and socio-political thought leaders of the national liberation dvyazheniya "Alash". Author on specific socio-historical facts prove that Abay is the forerunner of Alash movement that fought hard to establish an independent state of the Kazakh people.

Keywords: "Movement Alash", "socio-political doctrines Abay", "galaxy of intellectuals Alash" "liberating ideas of Abai" "A. Bukeyhanov, A. Baytursynov, M. Dulatov", "ideological heritage of Abai", "ideological basis of the movement Alash".

Период становления политических партий и движений, их идейное и организационное оформление требует немало времени. Этой закономерности соответствует и возникновение движения Алаш. Истоки его обнаруживаются в конце XIX века. А свою высокую зрелость оно продемонстрировало Каркаралинской петицией царю 1905 года, т.е. спустя год после смерти Абая. Поэтому не будет ошибкой полагать, что основателей и лидеров Алаша поэт знал, встречался с ними. В самом деле, первыми центрами алашского движения были Семипалатинск и Каркаралинск. Здесь Абай часто бывал, останавливался по делам общественным и служебным, нередко на продолжительное время. Как отмечает Г.Н. Потанин именно здесь и в это время молодая, образованная казахская интеллигенция, активно обсуждала вопрос о

необходимости введения в Степи национальных комитетов с функциями земских учреждений.

Глобалист ғалымдардың пікірінше, ғаламдық ауқымдағы саяси өзгерістер жаһандық билік құрылымын қалыптастыруды қажет етеді. Бұл пікір Я.Тинбергтың «Халықаралық тәртіпті қайта қарау – Рим клубына арналған үшінші баяндама (Пересмотр международного порядка. Третий доклад Римскому клубу)»(1977) еңбегіндегі «өзгерістерді жүзеге асырудың дүниежүзілік институттары» жобасында көрініс тапқан. Осындай институттар ретінде Я.Тинберг, мысалы, «Әлемдік қазынашылық», «Азық-түліктің дүниежүзілік әкімшілігі», «Минералды ресурстардың дүниежүзілік агенттігі», «Технологиялық дамудың дүниежүзілік әкімшілігі» және басқаларды құруды ұсынған. Оның тұжырымдамасында дүниежүзілік үкіметтің сұлбасы біршама айқын көрінеді. Француз глобалистерінің кейінгі жұмыстарында – М.Гранье «Үшінші әлем: әлемнің төрттен үш бөлігі (Трети мир: три четверти мира)»(1980), Б.Гранотье «Әлемдік үкімет үшін (За мировое правительство)»(1984) және тағы басқа еңбектерде жаһандық билік орталығы туралы ой әрі қарай дамытыла түсті.

1949 жылы-ақ, Парижде өздерінің бірінші институты – Әлемнің азаматтарын халықаралық тіркеу институтын (IRWC) құрған қоғамдық ағым-мондиалистер жаһандық басқаруға байланысты радикалдық айқындама ұстанады [4]. Мондиализм (фр. monde-әлем) – дүниежүзілік мемлекетті құрудың қажеттілігі мен жолдарын негіздейтін тұжырымдама. Осы бағытты ұстанушылар жаһандық мәселелерді шешу үшін билікті егемен мемлекеттерден әлемдік қоғамдастықты басқаратын жаһандық құрылымдарға «саналы және бірте-бірте» беру қажет деп есептейді. Осы құрылымдарды қалыптастыруға байланысты бірнеше көзқарастар мен пікірлер бар. Жиырмасыншы ғасырдың 70-ші және 80-ші жылдарының бірінші жартысында глобалистикада радикалдық бағыткең тараған болатын. Ол бағытты ұстанушылар жақында халық-аралық қатынастардың негізгі субъектілері ретінде «ұлттық мемлекеттердің дәрменсіздігі басталады», - деп есептеді. Осыған орай жаһандық мәселелерді шешу жолын іздеу әлемдік үкіметті құра алатын дүние-жүзілік парламентті сайлаумен байланыстырылды. Бірақ бірқатар жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұлттық-мемлекеттік егемен құрылымдарды құруға деген ұмтылыстары іс жүзінде мемлекеттің әлемдік саясаттың негізгі субъектісі ретінде ықпалының әлсіреуі туралы болжамды жоққа шығарды. Айта кетсек, Лондондық стратегиялық зерттеулер институтының сараптамасы бойынша, әртүрлі елдердегі шамамен 300-дей этникалық топтар өз жағдайларына наразы және қазіргі шекараларды өзгертетіндей өз мемлекеттерін құруға тырысады. Сондықтан ХХІ ғасыр «жаппай этникалық қақтығыстар ғасыры» болуы ғажап емес.

Қазіргі кезде глобалистикадағы мондиализм біршама бірқалыпты, айқын емес түрде көрінеді. Өңгіме жаһандық мәселелерді шешу барысында ілгерлеу мақсатында халықаралық ұйымдар мен институттарға толық билік беру қажеттілігі туралы болуда. Дүниежүзілік мемлекетті құру жоспарынақты уақыты белгісіз ұзақ мерзімге жылжытылды.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарында жаһандық саяси институттарды құру туралы ойды жете түсінумен қатар, глобалистикада жаһандық мәселелердің ушығуы жағдайында әлемдік дамудың саяси парадигмасын белсенді түрде іздеу жүзеге асырыла бастады. Ондай парадигма Г.Х.Брундтланд төрелік еткен «Қоршаған орта және даму туралы халықаралық комиссия» дайындаған «Біздің ортақ болашағымыз» атты баяндамада қалыптасқан болатын және ол «Тұрақты даму» тұжырымдамасы деп аталған. Комиссияның баяндамасында, мысалы, былай делінген: тұрақты даму дегеніміз бүгінгі күннің қажеттіліктерін қамтамасыз ететін, бірақ болашақ ұрпақтың өз қажеттіліктерін қамтамасыз ету қабілетіне қауіп төндірмейтіндей даму.

XX ғасырдың 90-шы жылдары әлемдік үкімет идеясы өз танымалдығын жоғалтты және де өз орнын ұлттық мемлекеттер институттарын әлемдік саясатпен халықаралық қатынастардың субъектісі ретінде сақталуы негізінде жаһандық ынтымақтастық жобаларына берді. Осы тұрғыдағы жобалардың мысалы ретінде И.Карлсон мен Ш.Рэмфалдың басшылығымен дайындалған «Біздің жаһандық көрші болуымыз» баяндамасында берілген «жаһандық басқару және ынтымақтастық» тұжырымдамасы болып табылады.

Бұл тұжырымдамада жаһандық басқару және ынтымақтастық қатек үкіметтер мен үкіметаралық

мекемелер ғана емес, сонымен бірге үкіметтік емес ұйымдар, азаматтардың қозғалыстары, трансұлттық корпорациялар, ғылыми бірлестіктер және бұқаралық ақпарат құралдары да кіреді деп атап көрсетілген. Жаһандық азаматтық қоғамның қалыптасуы, тұжырымдама авторларының пікірінше, адамдардың өз тағдырын өздері шешуге деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктерінің біршама ұлғайуын айқындайды.

Осы кезде басты әрекет етуші тұлғалар болып мемлекеттер қала береді, бірақ оларға әлемдік саясаттың басқа субъектерімен бірлесе қызмет етуіне тура келеді. Біздің пікірімізше, осы салада Біріккен Ұлттар Ұйымы өте маңызды рөл атқаруы тиіс, әйтсе де, «Біздің жаһандық көрші болуымыз» баяндамасы авторларының пікірінше, ол бүкіл жұмысын атқара алмайды. Жаһандық басқару, алдыңғы глобалистік тұжырымдамаларға қарағанда, әлемдік үкімет немесе әлемдік федерализм деген түсінікті тұспалдамайды. Жаһандық басқару тиімді болу үшін адамдар мен үкіметтердің өздері және өз ұрпақтарының бейбіт қатар өмір сүруі үшін қалаулы болатын әлемді құруға бағытталған бірлесе күш жұмсаудан басқа таңдаудың жоқ екенін жете түсіндіруге мәжбүрлейтін жаңа айқындама қажет. Ол үшін азаматтық қоғамда көрініс табатын демократия жолын қатаң ұстану керек.

Қазіргі саяси ғылымда «жаһандық азаматтық қоғам» ұғымының маңызы артууда. Жаһандық азаматтық қоғам деп ұлтына немесе азаматтығына қарамастан жалпы адамзаттық құндылықтарды мойындайтын жаһандық деңгейде ұйымдастырылған адамдардың бірлестіктерін атайды. Бұл адамдар әлемдік дамудың мәселелерін, әсіресе, үкімет қажетті іс-әрекеттерді жүзеге асыра алмайтын немесе асырғысы келмейтін салалардағы мәселелерді шешуге белсене қатысады.

Жаһандық азаматтық қоғамның саяси негізі-экологиялық, соғысқа қарсы, мәдени, діни және т.б. үкіметтік емес ұйымдардың жаһандық қозғалысы. Олар әлемдік қоғамдастықтағы қарым-қатынастың ресми емес немесе баламалы арнасы болып табылады және халықтар арасында өзара сенімді қалыптастыруға барынша үлес қосады.

Экономика жағынан алғанда, жаһандық азаматтық қоғам жеке кәсіпкерлерден, ең алдымен трансұлттық корпорациялардан тұратын жаһандық іскерлік секторға сүйенеді. Алайда, көптеген глобалист-ғалымдар жеке бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің артқанына көңіл аудара отырып, жеке тұлғалардың қолында экономикалық билік пен күш-қуаттың шектен тыс шоғырлану қауіпінен сақтандырады.

Мемлекеттік шекаралардан тыс және орасан зор қашықтыққа ақпараттың жаһандық ағындарын таратуды қамтамасыз ететін жаңа техникалық құрал коммуникация, қарым-қатынас құралдарының дамуы жаһандық азаматтық қоғамның технологиялық негізін құрайды. Бұл әлемдік дамуда «қарым-қатынастағы жаһандық төңкеріс» деп аталатын құбылыстың пайда болуына әкелді. Саяси глобалистикада «жаһандық азаматтық қоғам» мәселесімен қатар, мемлекеттің жаңа үлгісін қалыптастыру мәселесі де белсенді түрде қарастырылуда. Енді, тек жай ғана құқықтық немесе әлеуметтік емес, «табиғи-әлеуметтік», «экологиялық», «тұрақты» үлгілері іздестірілуде. Ондай мемлекет әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ете отырып, адамдар өмірін тиімді түрде ұйымдастырудың және олардың өмірлік қажеттілік-терін өтеудің жаңа тәртібі ғана емес, сонымен қатар азаматтардың барлық кейінгі ұрпақтары үшін дәл осындай мүмкіндіктерді сақтауы, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі, қоршаған табиғи ортаны сақтау-ды және жақсартуды, табиғи қазбаларды тұрақты пайдалануды жүзеге асыруы тиіс. Бұл мемлекеттің түбегейлі жаңа функциялары, оларды іс жүзінде атқару тіпті әрине оңай емес. Өйткені осыған дейінгі мемлекет үлгілері әрі кеткенде өздерінің негізгі құқықтық нормаларында осы функцияларды тек қана жариялады, бірақ ешқашан жүзеге асырмады. Тұрақты даму жолына ауысу үрдісінде демократия өзінің қазіргі түрін өзгерте отырып, ноосфералық демократияға немесе ноократияға (адамгершілік ақыл-ой демократиясы) айналады деп есептейді. Демократияның ондай түрінде көпшіліктің шешімі емес, тек дауыс берушілердің мүдделерін ғана есепке алмайтын, сонымен қатар әлеуметтік-табиғи өзара іс-әрекет-тің барлық мүшелерінің-болашақ ұрпақтың да, қоршаған табиғи ортаның да мүдделері ескерілетін оңтайлы шешім бірінші орында тұрады.

Орыс космизмінің негізін қалаушы Н.Ф.Федоров XIX ғасырдың аяғында: «Әлемнің ақыры таяп қалды, ал адам болса өз әрекетімен сол кезді жақындата түсуде, өйткені қалпына келтірмей тек пайдаланушы өркениеттің өз ақырын жеделдеткеннен басқа еш нәтижесі болмайды», - деп жазды. Жүз он бес жыл бұрын индустриалды түрдегі өркениетті осылай бағалау тек көреген ойшылдардың қолынан келетін. Бұл көзқарастар тек бүгінгі таңда ғана, жан-жақты жете түсінілді. Жер бетіндегі ядролық, экологиялық және басқа апаттардың нақты қауіпі қоғамдық санадағы адамзаттың келешегі туралы маңызды өзгерістердің себебіне айналды. Қазір жаһандық мәселелер халықаралық саяси және ғылыми ұйымдардың назарында. Жалпы адамзаттық мәселелерді шешудің мүмкін болатын басты жолдары белсенді талқылануда және осы бағытта әлемдік қоғамдастықтың әректін үйлестіруге пәрменді күш салынууда.

Жаһандық мәселелерді шешудің саяси жолдарын іздеуге Біріккен Ұлттар Ұйымы үлкен үлес қосуда [5]. Жаһандық мәселелер БҰҰ Бас Ассамблеясының күн тәртібінде, ЮНЕСКО (БҰҰ қоршаған орта туралы бағдарламасы), ЮНЕСКО (БҰҰ білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы), ФАО

(БҰҰ азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы) секілді оның арнайы мекемелерінің іс-әрекеттерінде бүгінгі таңда маңызды орын алады.

Қазіргі заманның жаһандық мәселелерінің саяси аспектілерін жете түсіну жәнезерттеу үшін БҰҰ бастамасымен бірнеше беделді комиссиялар құрылған. Олар өздерінің қорытынды баяндамаларын БҰҰ Бас Ассамблеясының талқылауына ұсынып отырады.

Рио-де-Жанейрода 1992 жылы өткен қоршаған ортамен даму мәселелері бойынша БҰҰ Конференциясының нәтижесінің бірі – 52 мүшеден тұратын үкіметаралық орган, теңгерілген даму бойынша құрылған комиссия. Ол қазір БҰҰ жүйесінде БҰҰ әртүрлі мекемелерінің жүзеге асыратын бағдарламаларын келістіруші және үйлестіруші орталық болып табылады. Бірақ Комиссияны тек жәй әкімшілік орган деп қабылдаған дұрыс емес. Ол теңгерілген даму аясында жалпы саяси басшылықты жүзеге асыру үшін, мысалы: Риода қабылданған Бағдарлама-21 (XXI ғасырдың бағдарламалары) жүзеге асыру үшін жұмыс істейді. Жалпы алғанда бұл бағдарламаның ұсыныстарын бірнеше басты бағыттарға жатқызуға болады: жоқшылықпен күрес; қазіргі техносфераның қазбаларды пайдалануын төмендету; биосфераның тұрақтылығын сақтау; саяси, экономикалық және әлеуметтік салаларға қатысты шешімдер қабылдағанда табиғи заңдылықтардың сақталуына нескеру.

Көптеген глобалист-ғалымдар жалпыадамзаттық мәселелерді жеңілдету және шешу осы бағыттағы саяси іс-әрекеттермен ғана емес, сонымен бірге адамзаттың дүниежүзілік тарихи дамуындағы өте үлкен көлемді құбылыспен де тығыз байланысты болады деп есептейді. Ол құбылысты «өркениеттік орын ауысу», яғни қазіргі өркениеттен сапа жағынан өзгеше жаңа түрдегі өркениетке өту деп атайды.

Сонымен, жаһандық мәселелерді саясаттанулық талдау оларды шешу жолдарын қарастыру тіпті жай ғана емес, аса күрделі жәнәгіпті қауіптііс екенін көрсетеді. Мәселенің мәні мынада: ноосфераның бір бөлігі ретінде адамзат қайтымсыз даму дәуіріне аяқ басты, ал онымен жаһандық сипаттағы әртүрлі катаклизмдер байланысты. Қазіргі әлемде жаһандық мәселелерді саяси шешу ұлттық, аймақтық және жаһандық-ғаламшарлық ауқымда тиімді және үйлесімді саясатты жүзеге асыруды көздейді.

Қорыта келе, барлық жоғарыда айтылғандар негізінде, жаһандану әртүрлі елдер мен халықтардың өзара байланыстары мен өзара әсерінкенеіту, мемлекеттер мен мәдениеттер арасындағы көптеген кедергілерді жою үрдісін ұтымды үйлестіру деген тұжырым жасауға болады. Оған көп жағдайда заманауи ақпараттық технологияларды қолдану ықпал жасады. XX ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік тарихта ешқашан болмаған, адамзат дамуының маңызды факторына айналған жаһандық мәселелердің ушығуы орын алды. Саяси ғылымның осы ғаламшарлық ауқымдағы феноменге реакциясы жаһандық мәселелердің саяси жақтары туралы білімдер жүйесі-саяси глобалистиканың пайда болуы болып табылады.

Саяси глобалистика шеңберінде ғалымдар біздің өркениетіміздің өмірлік іс-әректіндегі жаһандық ауру жағдайларына диагноз, анықтама қоюға, сонымен бірге олардың әлемдік саяси дамуға ықпалын анықтауға, арттыра түсуге күш салуда. Қарастырылып отырған ғылыми бағытта адамзат қоғамдастығының қауіпті дерттеріне медеудің тиімді әдістерін іздестірудің де мәні зор. Осы әдістердің ішінде жаһандық ауқымдағы саяси реформалар мен қайта құрулар маңызды орын алады.

Саяси глобалистиканың маңызды функциясы ғаламшарлық мәселелер жағдайында өркениеттің келешектегі дамуын болжау болып табылады. Осы тұрғыдағы зерттеулерде болашақтағы саяси тәртіппен болашақ қоғамның саяси құрылымын көре білуге елеулі мән беріледі.

1 Иванов А.П. Глобальные проблемы современности.-Ростов-на-Дону, 2012.-С.96.

2 Аклаев А.Р. Этнополитическая конфликтология: анализ и менеджмент.-М.: Дело, 2008.-С.273-300.

3 Иваненко А.П. Общество и научно-технический прогресс.-Харьков, 2010.-С.261-262.

4 Соціологічна енциклопедія.-Київ: Академвидав, 2008.-С. 242.

5 Гелей С.Д. Політологія.-Київ, 2013.-С. 196-197.

МЕРЕЙТОЙ ЮБИЛЕЙ

УДК 112

КӨРНЕКТІ ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ, САЯСАТТАНУШЫ, ҚАЙРАТКЕР

Р.Б.Әбсаттаров –ҚР Ұлттық Ғылым академиясының корресподент-мүшесі, филос.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,

Ә.Е.Шалтықов – с.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының профессоры

Қасиетті Сыр бойынан талай даналар дүниеге келгені белгілі, талай даналар өз шығармашылығын әлемге паш еткені тарихқа аян және осы дәстүр әрі қарай да жалғаса береді деген ойдамыз. Ондай даналардың басы осындай текті жердің перзенттері болған Қорқыт Ата мен Әбу Нәсір әль-Фарабилерден басталмай ма?

Әрине, дарынды азамат болу оңай емес және ондай биікке көтерілудің өзі екінің – бірінен келе бермейді де.

Міне, осындай халқымыздың дарынды ұлдарының бірі Асылбек Мәлік – Айдар Хантемірұлы деп есептейміз.

Қазақстанның көрнекті ғалымы, академик, елімізге еңбек сіңірген ғылым қайраткері, тарих ғылымдарының докторы профессор Мәлік-Айдар Асылбек (Асылбеков) 85 жасқа толып отыр. Оның балалық шағы қазақты күштеп ұжымдастыру, одан кейін іле-шала болған ашаршылық пен қуғын-сүргінге тап келіпті. Одан кейінгі кеңес-герман соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру, тың игеру сынды науқандар да ол кісіні айналып өтпеген. Осынау қиын-қыстау кезеңдер мен нәубеттердің ешбіріне қарамастан әуелі орта, содан кейін жоғары білім алады. Әрине, оның сыры шыққан отбасының, еңбек еткен, тұрған ортасының әсері күшті болды деуге орынды. Ашаршылық, саяси қуғын-сүргінді ата-аналарынан есітіп өскен, әкесі Хантемір сауатты болған, майданға кеткенше ұжымшардың, ауылдық кеңестердің төрағасы болған. Соғыстан кейінгі қиын жағдайға қарамастан, білімге деген құштарлық сол кездегі ұрпақта өте күшті болды. Сол бала жігіттер соғыстан қайтқан ересек ағаларымен бірге оқып, олардан көп нәрсе үйренеді. Міне, жас Мәліктің үздік оқуына, бәлкім, осы жағдайлар себеп болғаны анық.

Біз, Мәлік-Айдар Хантемірұлын осы мерейтойымен құттықтап, алдағы өміріне ынтымақ пен береке атты баға жетпес байлық, құймақұлақ шәкірт, иман мен сабыр, отбасылық бақыт және шығармашылық табыс тілейміз.

Адам жүз жасаса да ғылым үшін оның ғұмыры қысқа. Ғылымның адам баласына тиісті ләззәтін көруге болады, бірақ тұңғыш тереңіне армансыз бойлап, маржанын түгел тердім деуге болмайды. «Сегіз қырлы, бір сырлы» деген теңеу ұлы ғұлама ойшыл Шәкәрім Құлайбердиевке ғана жарасар.

Сол сегіз қырдың бірі – ғылым көрінеді. Ғылым да Алланың керемет құдіреттерінің бір парасы. Жаратушымыз Мәкеңе салауатты ақыл, терең білім, сезімталдық пен сергектік берген. Жүрегі жылы, ойы ұшқыр, ең әуелі қара басына қатаң талап қоя білетіндігінің арқасында ол ірі ғалым дәрежесіне көтеріліп, ізденістер мен қиыншылықтарға толы күрделі жолдан сүрінбей өтіп, биік тұлғалы қазақ зиялыларының қатарына қосылды. Адал еңбегі мен алғырлығы, таланты мен дарындығы арқасында Мәкең суырылып алға шығып, ең жоғары ғылыми атақ – академик атанды.

Мәлік Айдар Хантемірұлының өмірдегі барлық жетістіктеріне тек өзінің табиғат тарту еткен дарындылығы мен құдай берген қабілеттілігі арқасында ғана, күнбе-күн аяусыз тер төгіп, еңбек етуі арқасында ғана қол жеткізгеніне куәміз.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбек отандық ғылым мен жоғары білімнің дамуына ат салысып келе жатқан ірі ғалым және көрнекті педагог. Оның ғылым жолы, көбіне тән, соғыс кезіндегі, одан кейінгі жылдардағы қиыншылықтарды бастан өткізді. Ол өзінің шығармашылық энергиясын, өміріндегі негізгі істеріне адал бола отырып, барлық күші мен білімін туған еліміздің дамуы үшін, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтарға беруге арнап келеді.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы ең әуелі тарихшы ғалым. Жалпы алғанда, әртүрлі мүдделілігіне қарамай, қоғамдық ғылымдардың бір-бірін толықтырып отырады, өйткені олар белгілі бір мәселені, оқиғалар мен құбылыстарды жан-жақтан қарастырып, оны барынша байытып, тереңдетуге мүмкіндік береді.

Саясаттану, тарих, әлеуметтану, құқық, философия, экономикалық пәндері сияқты қоғамтану ғылымдарымен өте тығыз байланысты.

Айта кету керек, саясаттану саласындағы ғылыми зерттеу үш негізгі аспектіні қамтиды: теориялық-әдістемелік, тарихи, нақты-эмпиристік. Сондықтан да саясаттану ғылымының да тарихпен қоян-қолтық қалыптасқанына ешбір күмән жоқ. Оған дәлел ретінде америкалық ғалым И.М.Сейттің пікірін келтірейік: «Біз қазіргі күннің түбірі ерте заманда жатқанын түсінуіміз керек, сондықтан, тарих – ол бұрынғы саясат, ал бүгінгі саясат – келешек тарих». Сондықтан болар, қайсыбір болмасын саясаттану жөніндегі ғылыми зерттеулер саяси тарихқа көңіл бөлуді талап етеді.

Міне, осы тұрғыдан, профессор М. Асылбектің қай еңбегін алсаңыз да тарих пен саясат тығыз байланысты болып келеді. Бұл құбылысты оның ең алғашқы ғылыми еңбегінен-ақ байқауға болады.

Өзінің 1960 жылы жарық көрген «Патша өкіметіне қарсы қазақ тіліндегі үндеу – өлең туралы (1905 ж.)» деген тұңғыш ғылыми мақаласын М.-А.Х. Асылбеков ұлт-азаттық қозғалысына арнап, патша өкіметінің отаршылдық саясатын үлкен сынға алады. Мақала Омбы мемлекеттік мұрағатынан автор алғаш рет

тауып, жариялаған өте сирек мәліметтер негізінде жазылған. Ол үндеу Қарқаралыдан шыққан омбылық телеграфист Мұхамед-Максұт Хамидуллин-Бекметовтің жергілікті халық арасында кең таралған араб графикасымен емес, конспирация мақсатында латын әріптерімен жазылған қазақ тіліндегі үндеу өлеңі негізінде жазылған еді. Алайда мұндай конспирация оны тінтумен, тұтқындалып, Далалық өлкеден жер аударылуымен аяқталған жазадан сақтап қала алмады. Патша әскерлерінің Жапониямен соғыстағы жеңілісін және жергілікті еңбекші бұқараның ауыр халін әшкерелеген бұл үндеу-өлең халықты отарлық езгіге қарсы белсенді қимылдарға шақырады.

М.-А.Х. Асылбековтің 1963 жылы «XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан темір жолдарында жұмысшы кадрлардың қалыптасуы» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясы да бұрынғы патша өкіметі кеңес өкіметінің қазақ жеріндегі ұлт кадрлеріне деген көзқарастары саясат ретінде жан-жақты талданады. Оның бұл еңбегін еліміздің үлкен кеңінен танымал ғалымдары Қазақ КСР ҒА мүше-корреспонденті Г.Ф. Дахшлейгер, Қазақ КСР ҒА вице-президенті, академик А.Н. Нүсіпбеков пен танымал тарихшылар И.Г. Пичугин және Х.Х. Хабиев, Е.Б. Бекмаханов, Б.С. Сүлейменов, М.Қ. Қозыбаев және т.б. жұмысты жоғары бағалады. Олар бұл күрделі проблеманы зерттеудегі ғалымның өзіндік пайымдауы мен Мәскеудегі, Ленинградтағы, Өзбекстандағы, Қазақстандағы, Орынбор және Омбыдағы мұрағат құжаттары мен материалдарын кеңінен пайдалануын атап көрсетті.

XX ғасырдағы 60-жылдардың ортасында оның «Қазақстан теміржолшылары бірінші орыс революциясы жылдарында (1905-1907 жж.)» (Алматы, 1965, 10 б.т.) деген тұңғыш, өте тартымды әрі мазмұнды монографиялық еңбегі жарық көрді. Бұл еңбекте және басқа да көптеген ғылыми мақалаларында ол Ресей империясының отары – Қазақстанның XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуының өзекті мәселелерін тыңғылықты зерттеді. Ұлы Сібір, Рязань-Орал, әсіресе Орынбор-Ташкент, сондай-ақ Алтай, Жетісу және т.б. темір жолдардың, сонымен бірге Екібастұз, Ленгир және т.б. жергілікті өндірістік маңызы бар темір жол тармақтарының құрылысы мен пайдалануға берілуі Қазақстанды Ресейдің капиталистік өнеркәсібінің шикізат шылауы мен тауар өткізетін рыногына айналдырды. Бұл сол экономикалық жағдайдың тек тереңдеп қана емес, сонымен бірге отарлық шеткері аймақтарға кеңінен енуін де қамтамасыз етті. Өлкедегі теміржолдардың жүк тасымалын (шеттен әкелуі мен шетке тасуын) талдау нәтижесінде тау-кен өндірісі мен ауыл шаруашылығы шикізатын өңдеу кәсіпорындарының, тауарлы мал шаруашылығының, қала тұрғындарының, сауда және т.б. өсуі, осы темір жолға жақын аймақтардың дамуына әсер еткені де кітапта кеңінен зерттелді.

Кітапта Қазақстан темір жолдарында жұмысшы кадрларының қалыптасу процесі, әсіресе оны толықтырудың әлеуметтік көздері, құрамы, саны және әлеуметтік белсенділігі кеңінен пайымдалған. Автор жергілікті тұрғындар мен қоныс аударушылардың көптеген әлеуметтік топтарының темір жол құрылысшылары мен темір жолдың өзінде істейтін жұмысшылар қатарын толықтырып отырғанын өте нақты дәлелдеген. Бұлар Ресейдің орталық губернияларындағы жолдардан келген маманданған жұмысшылар, әскерден босатылған төменгі шендегілер, кедейленген қоныс аударушы-шаруалар, қала кедейлері, қолөнершілер, сонымен қатар маусымдық табыс табуға шығатын қазақ шаруалары және т.б. еді. Монографияда Сібір магистралі, Орынбор, Ташкент, Жетісу жолдары, сонымен қатар Екібастұз және т.б. өнеркәсіпті-өндірісті тармақтарда қазақтардың кең көлемде құрылыс жұмыстарына араласқандығын көрсететін құнды фактілер бар. Қазақстан теміржолшыларының 1905-1907 жж. 5-6 мың адамнан 1917 ж. 30 мыңға дейін өсу жолының динамикасы ең алғаш рет көрсетіліп, олардың категориялары (тұрақты, күнделікті және т.б.) мен жағдай ерекшеліктері, ұлттық құрамы талданған. Патша әкімшілігі «бұратаналарды» теміржол транспортына, әсіресе поездардың қозғалысына байланысты жұмыстарға жолатпады, қазақтар, құрылыс және жөндеу жұмыстарына кең көлемде қатысқанымен, ресми шектеушілік және мамандығы мен техникалық дәрежесінің жеткіліксіздігі нәтижесінде, 1917 ж. теміржолшылар қатарында 20%-дай ғана болды. Орынбор, Петропавл, Орал, Перовск және солар сияқты айтарлықтай ірі шеберханалар мен деполары бар станцияларда маманданған жұмысшылардың шоғырлануы, ал олардың араларында негізінен Ресейдің орталық теміржолдарынан шыққан, көп жағдайда жұмысшылардың толқуларына қатысқаны үшін қудаланғандықтан қоныс аударып келгендер көп еді, олардың елдің орталық және т.б. аудандарымен байланыстары, теміржол телеграфының тәуліктік жұмысы және поездардың үздіксіз қозғалысы, басқа да әлеуметтік-саяси факторлар теміржолшыларды Қазақстандағы революциялық қозғалыстың алдыңғы қатарына шығарды.

М.-А.Х. Асылбековтің монографиясы мен басқа да көптеген еңбектерінде Қазақстан теміржолшыларының 1905-1907 жж. бірінші орыс революциясына, сонымен қатар Ақпан және Қазан революцияларына белсенді қатысуы бүкілресейлік оқиғалармен тығыз байланыста қаралған. Оларда теміржолшылардың ереуілдеріне көп көңіл бөлінген, сондай-ақ кәсіподақ, РСДЖП-ның жергілікті топтары мен ұйымдары

және басқа партиялар мен қозғалыстардың да қызметтері зерттелген. Перовск, Петропавл, Орал және басқа да станциялардағы теміржол комитеттерінің 1905-1907 жж. революция кезеңіндегі жағдайы мен алар орны баса көрсетілген, себебі олар жаңа революциялық биліктің бастамасы болған Жұмысшы депутаттарының кеңестерімен деңгейлес еді. М.-А.Х. Асылбековтің бұл монографиясының өте құндылығы – онда алғаш рет бұған дейін зерттелмеген XIX ғасыр аяғы – XX ғасырдың басындағы Қазақстан темір жолдарында жұмысшы мамандардың қалыптасу үрдісі жан-жақты зерттелген, сол кезеңдегі өлкенің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы жағдайы мен орны анықталған. Кітап Республика мен одан тысқары аймақтардың ғылыми қауымының жоғары бағасын иеленді.

М.-А.Х. Асылбеков Қазақстанның индустриялық дамуы және жұмысшы табы тарихына байланысты Кеңес Одағының көрнекті мемлекеттік және қоғамдық қайраткері Тұрар Рысқұловтың өмірі мен қызметін зерттеп, оны еліміздің үлкен саяси қайраткер екендігін танытуы. 1969 ж., яғни бұдан 45 жыл бұрын, 1930-шы жж. саяси қуғын-сүргін құрбандарының мәселесін баяндауда шектеушілік бар уақытта, М.-А.Х. Асылбеков «РСФСР ХКК жанындағы Түркістан-Сібір темір жолын салуға Жәрдемдесу комитетінің қызметі туралы» ғылыми мақала жариялады, бұл Комитеттің төрағасы Т.Рысқұлов – сол кезде РСФСР ХКК төрағасының орынбасары еді. «Рысқұловтікі» деген атақ алған Түрксіб құрылысына Жәрдемдесу комитеті магистральдың құрылысын сәтті жүргізіп, оны уақытында аяқтауға, пайдалануға беруге көп қызмет атқарып, ықпал етті. Әсіресе жол бойына жақын аудандардың экономикалық ерекшеліктерін зерттеуде, құрылысты қаржымен, материалдармен, техникамен жабдықтауда, маманданған жұмысшы күшімен қамтамасыз етуде ол қыруар еңбек етті. Комитеттің ұсынысымен шеттен жұмыс күшін әкелуді шектеп, құрылыс жұмысына ашаршылық кезінде босқын болған қазақтарды кеңінен тартуды жүзеге асырды, кейінірек олар магистральдың пайдалану жұмысына тұрақты қабылданды. Осының нәтижесінде Түрксіб Қазақстандағы жаңа жұмысшы табының ұлттық кадрларын даярлайтын ошағына айналды. Түрксіб құрылысына Жәрдемдесу комитетінің басында тұрған Т. Рысқұловтың қызметі М.-А.Х. Асылбековтің басқа да еңбектерінде баяндалды, сонымен қатар Т. Рысқұловтың үш томдық, кейін бес томдық кітабы шығарылды.

М.-А.Х. Асылбековтің алғашқы еңбектерінің өзінде-ақ ғылыми және зерттеу әдістеріне тән негізгі бағыттары – кеңестік тарих мектебінің ең жақсы дәстүрлерінің рухындағы кең ауқымдылық және прагматизм, құбылыстарды терең талдап, оларды қоғамда жүріп жатқан саяси үрдістермен тығыз байланыстырып, мол деректерді жан-жақты, әрі объективті пайдалану айқын аңғарылды.

1968 жылдан бастап М.-А.Х. Асылбеков өз қызметін тарих ғылымына толықтай арнайды. Ұзақ әрі тынымсыз еңбектің нәтижесінде «Қазақстан теміржолшы кадрларының қалыптасуы және дамуы (1917-1970 жж.)» монографиясы 1973 ж. Алматыда жарық көрді. Бұл еңбекте тұңғыш рет Республика жұмысшы табы мен инженер-техникалық интеллигенциясының бірден-бір ірі әрі алдыңғы қатарлы тобының кеңес дәуіріндегі жарты ғасырдан астам тарихи жолы саяси тұрғыдан да кешенді түрде зерттелген. Аталмыш еңбек Москва, Алматы, Астана, Ташкент және Орынбор мұрағаттарындағы жаңа мұрағаттық құжаттар мен материалдар негізінде жазылып, онда Қазақстанды шапшаң индустриаландыру ерекшеліктері анықталды. Үлкен территория мен пайдалы қазбаларға бай аймақтарды игеруде алдыңғы қатарға транспорт, оның ішінде теміржол шықты, ол қала мен ауылды, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын байланыстыруды жүзеге асырар еді, сонымен қатар халықты Республиканың өз ішіндегі жүйемен және Кеңес Одағының Орталық және басқа да аймақтарымен байланыстырар еді. Қазақстанның экономикалық өмірінің күре тамырына айналған теміржол транспорты жаңа жұмысшы кадрлар мен инженер-техникалық қызметкерлерді, әсіресе кешегі қазақ шаруаларынан даярлау мен тәрбиелеудің ірі ошағына айналды. Монографияда теміржолшы кадрларды қалыптастырудың ең басты кезеңдері, әлеуметтік көздері мен оны толықтыру жолдары, XX ғасырдың 20-30 жж. жұмыссыздыққа қарсы күрес, Түрксіб, Трансқазақстан магистралінің (Петропавл-Көкшетау, Көкшетау-Ақмола, Ақмола-Қарағанды және т.б.) учаскелері мен басқа да теміржол тармақтарының құрылысы мен пайдалану жұмысына қазақ шаруаларын, бірінші кезекте ашаршылық босқындарын тартудың ерекшеліктері зерттелген. Теміржол транспортында басқалармен салыстырғанда көбірек шоғырланған ұлттық кадрларға аса көп назар аударылған, ал осы фактор бүгінгі күнге дейін дәстүрге айналған. Монографияда теміржолшылардың Қазақстанның экономикалық қуатының өсуіне қосқан үлесі, әсіресе фашистік Германия мен милитаристік Жапонияға қарсы Кеңес Одағының Ұлы Отан соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жұмысы нақты көрсетілген. Онда қазақ ауылдарынан шығып, ірі өндіріс басшылары мен еңбек озаттары болған республиканың атақты теміржолшылары туралы қызғылықты фактілер мен тұжырымдамалар бар.

М.-А.Х. Асылбековтің кеңес заманындағы Қазақстанның индустриялық дамуы мен жұмысшы табының тарихындағы аз зерттелген осы проблемаға арналған бұл монографиясын бұрынғы КСРО-ның ғылыми қауымы жоғары бағалады. М.Қ. Қозыбаевтың, Т.Б. Балақаевтың, Р.Б. Сүлейменовтің, Л.И. Киселева-

ның, К.Нүрпейісовтың, Н.Г. Пан мен Г.В. Виноградовтың, Ю.И. Романовтың және көптеген басқа да ғалымдардың рецензияларында автордың Қазақстан жұмысшы табының ірі тобы – теміржолшылардың тарихи ұзақ уақытқа созылған күрделі де және көп қырлы қалыптасу процесін шынайы, объективті жағдайда тұжырымдағаны, оны пайымдауда өте бай деректік базаны ұтымды да және нақты пайдаланғаны көрсетілген. Бұл еңбектің жаңашылдығы, зерттелген проблеманы сын көзбен талдау ерекшелігі атап көрсетілген.

М.-А.Х. Асылбеков бұл проблема бойынша көптеген мақалалар жариялады, 1972 жылы сәуірде Донецк қаласында өткен «КСРО-ның жұмысшы табы және индустриялық дамуы» атты Бүкілодақтық ғылыми конференцияда «Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың кейбір ерекшеліктері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Қарқынды ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде 1974 жылы «Қазақстан теміржолшы кадрларының қалыптасуы және дамуы (1917-1970 жж.)» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Бұл докторлық диссертация республиканың ғылыми өмірінде айтарлықтай оқиға болды.

М.-А.Х. Асылбековтің С.Б. Нұрмұхамедов және Н.Г. Панмен бірлесе жазған «Қазақстан жұмысшы табының индустриялық кадрларының өсуі (1946-1965 жж.)» деген атпен 1976 жылы Алматыда жарық көрген үшінші монографиясын да ғылыми қауым өте жақсы қабылдады. Бұл осы тақырыпқа алғашқы қорытылған еңбек еді. Онда соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықтарда жұмысшы табы дамуының негізгі проблемасы жан-жақты әрі кешенді талданған еді. Монографияда жұмысшыларды толықтырудың көздері мен формалары, олардың мәдени-техникалық деңгейінің өсуі, маман даярлаудың әртүрлі жолдары мен формалары, еңбек және тұрмыс жағдайлары, материалдық тұрмыс жағдайының проблемаларының өзекті мәселелері зерттелді. Мол деректік база, сын көзбен талдау және қорыту, қаралған мәселенің айқындылығы, тарих ғылымының соңғы жылдардағы методологиялық жетістіктерін тиімді пайдалану кейбір даулы, дискуссиялы мәселелерді айқын ашып көрсетуге көмегін тигізіп, оқиғалар мен фактілерді дұрыс бағалауға мүмкіндік берді. Жұмысшы табының қалыптасуы мен дамуының жалпы заңдылықтарын зерттеумен қатар, бұл алғашқы арнаулы зерттеуде республиканың әлеуметтік-экономикалық жағдайынан туындаған ерекшеліктері дұрыс көрсетіледі. Еңбекте тұңғыш рет жұмысшылардың дамуының басты факторларының бірі – демографиялық және ұлттық құрамы, кәсібі, еңбек өтімі және т.б. қырлары кешенді түрде қаралды. Онда ұлттық кадрлардың өсу проблемасына басты назар аударылды.

Іргелі зерттеулер нәтижесі ретінде Алматыда орыс тілінде шыққан «Кеңестік Қазақстан жұмысшы табының тарихы» (1987 ж., I том, 1988 ж. II томдарын) еңбегін ерекше атауға болады. Бұрынғы КСРО көлемінде бұл еңбек ұлттық республикаларда шыққан алғашқы басылым. Ол бұл көлемді еңбектің негізгі авторларының бірі болды.

80-жылдардың екінші жартысынан бастап ғалымның негізгі ғылыми шығармашылығы Қазақстан халқының әлеуметтік-демографиялық даму тарихы мен саясатына арналады. М.-А.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалиевтің орыс тілінде шыққан «Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық процестер (1917-1980 жж.)» (Алматы, 1991) монографиясы ғылыми жұртшылыққа бірден танылды. Оның бұрын идеологиялық себептермен тарих ғылымындағы назар аударылмаған саласы – тарихи демографияға нағыз қарқынды бетбұрыс әкелгенін еш әсірелемей-ақ айтуға болады. Бұл еңбекте Қазақстанның әлеуметтік-демографиялық ұзақ тарихи кезеңге созылған дамуы елдегі кең көлемді әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістер негізінде алғаш рет біртұтас және жан-жақты қарастырылған. Республикадағы әлеуметтік-демографиялық дамудың басты факторлары мен бағыттарына кешенді көзқарас авторлардың бұл процестің болашақтағы дамуына ғылыми-тұжырымдамалық болжамдар жасатты. Тұтастай алғанда, бұл зерттеу жұмысы жаңа методологиялық деңгейде тарихи демография проблемаларын айшықтауды нақтылады, оның шешудің жолдарын да көрсетті.

Осы зерттеудің жалғасы ретінде өзекті, әрі кезек күттірмейтін, терең зерттеуді қажет ететін М.-А.Х. Асылбеков пен В.В. Козинаның 1995 ж. «Қазіргі Қазақстанның демографиялық процестері» атты монографиясын айтуға болады. Бұл еңбекте Қазақстан халқының өсіп-өну проблемасы экология және денсаулық сақтау мәселесімен тығыз байланыста қарастырылған. Зерттеуде республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуының демографиялық процестерге ықпалы талданған, ал бұл әлемдік қаржылық дағдарыс жағдайында тәжірибелік маңызы өте зор мәселе. Қазақстанның индустриялық, әлеуметтік-демографиялық және саяси дамуының өзекті проблемаларын ғалым тарихнама проблемаларымен тығыз байланыста қарастырады. Атап айтқанда, ол осы салада тек қана соңғы жылдары көптеген мақалалар жариялады.

Ғалым өз еңбектерінде отан тарихының сан-саналы бағытын қамтыған күрделі де іргелі мәселелерін зерттеді. Ол «Қазақ ССР тарихы» – бес томдық (көне заманнан бүгінге дейін), «Кеңестік Қазақстан жұмысшы табының тарихы» – екі томдық, «Қазақстан тарихы. Очерктер» қазақ және орыс тілдерінде –

(Алматы, 1993-1994 ж.ж.), «Қазақстан тарихы» – ағылшын тілінде (1998), сондай-ақ, бес томдық «Қазақстан тарихы» (Алматы, 2010) сияқты күрделі еңбектердің негізгі авторларының бірі. Әсіресе соңғы басылымының 3,4-томдарына оның қосқан үлесі мол болды. Бұл түйінді, іргелі еңбектерде ғалым Қазақстанның ХІХ ғ. екінші жартысы мен ХХ ғ. тарихының сан-салалы және кең ауқымды проблемаларын қарастырды.

Автор Қазақстанның индустриялық дамуы тарихнамасындағы талқылауды қажет ететін мәселені, атап айтқанда, оның мерзімдік кезеңдерін белгілеуді алғаш көтерді. Өз концепциясының негізінде, ол Қазақстанда индустрияландыру Ұлы Отан соғысы қарсаңында аяқталмаған, онан кейін де жалғасты деген тұжырымдаманы құжаттық және логикалық негізде пайымдады.

Қазақстанның демографиялық ахуалын объективті тұрғыда зерттеу нәтижесінде, М.-А.Х. Асылбеков алғашқы болып Қазақстан халқының ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басындағы саны мен ұлттық құрамын, еліміздің қазіргі территориясына сай, территориялық (қала-село-аймақтар) орналасуын және басқа демографиялық ерекшеліктерін нақтылап, анықтап берді. Ғалымның бұл тұжырымы Қазақстан халқының Кеңес дәуірі мен қазіргі егемендік жағдайда өсіп дамуын салыстырмалы түрде талдауға жол ашты. Миграциялық толқындардың республика тұрғындарының әлеуметтік және ұлттық құрамына әсерін, демографиялық апаттардың себептері мен зардаптарын анықтады, қазақтардың өз жерінде аз ұлтқа айналуын, олардың экономиканың индустриялық салаларындағы азшылдығын жан-жақты талдап қана қоймай, сонымен қатар қала тұрғындары құрылымында да төмендігін терең зерттеді. Ғалымның еңбектерінде Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрамындағы өзгерістерге жаңа көзқарас ерекше пайымдалған. М.-А.Х. Асылбековтың тарихи демография проблемалары бойынша еңбектері қоғамдық ғылымдарға барынша ықпал етіп, үстемдік жүргізген кеңестік идеологиялық факторлардың салдарынан ұзақ уақыт бойы тоқырауға ұшыраған ғылымның бұл саласына ірі бетбұрыс әкелді деп батыл айтуға болады.

М.-А.Х. Асылбековтың ғылыми шығармашылығында айқын көзге түсетін ерекшелігі – оның зерттеу тақырыптарының жан-жақты, кешенді түрде болуы және терең талдануы. Оның зерттеу нысандар алуан-түрлі: қазақстанның әлеуметтік, саяси, экономикалық дамуы, азаттық қозғалысы, Қазақстанда өнеркәсіп пен теміржол дамуы, жұмысшы табы, оның ұлттық кадрларының қалыптасуы, қазіргі кезде – Қазақстан халқының дамуы, көші-қоны, ұлт зиялыларының іс-әрекеті, Ұлы Отан соғысы кезіндегі Қазақстан жағдайы әне т.б. мәселелер. Ол индустриялық өзгерістер мен әлеуметтік-демографиялық даму үрдістерін бүкіл қоғам тарихымен тығыз байланыста қарайды. Ғалым зерттеулеріндегі методологиялық пайымдаулар зерттелген мәселелерді объективті түрде және жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. М.-А.Х. Асылбеков Қазақстан халқы туралы өзекті мәселелерді қарастыру үшін өте маңызды, өзіндік бірқатар методологиялық қағидаларды қалыптастырды. Ғалым тарихымыздағы «ақтаңдақтарды» зерттеуге де көп көңіл бөлуде.

Қазақстандағы демографиялық процестерге арналған М.-А.Х. Асылбековтың еңбектерінде тарихи демографияның өзекті мәселелері тұжырымдамалық тұрғыдан қайта пайымдалып, халық санының өсімі мен құрамындағы өзгерістер әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірмен және қоршаған ортада қалыптасқан жағдаймен тығыз байланыста қарастырылады.

М.-А.Х. Асылбеков 346 ғылыми еңбектерінің, оның ішінде 16 монографияның авторы. 5 томдық «Қазақ ССР тарихын», 5 «Қазақстан тарихын», «Қазақстан тарихы. Очерк», екі томдық «История рабочего класса Советского Казахстана» жазуға қатысты. Оның еңбектерінің ғылыми құндылығы жоғары болумен қатар, оның практикалық маңызы да өте зор. Қазақстанның бүгінгі таңдағы демографиялық ахуалына қатысты зерттеулері, әсіресе халықтың өсіп-өнуіндегі келеңсіздіктің себептерін, тұрғындардың негізгі әлеуметтік топтарының бүгінгі таңдағы жағдайын айқындауы ғылыми негізделген тұжырымдар. Бұл қазіргі демографиялық саясатты саралау мен жүзеге асыру үшін өте маңызды.

Оның Қазақстан тарих ғылымының дамуына қосқан зор үлесі республиканың және одан да тысқары аймақтардың ғалымдар қауымына кең танымал. Ол редакциялық-баспа жұмыстарына да ауқымды үлес қосты, тарихтың өзекті проблемаларын қамтитын көптеген монографиялар мен жинақтардың редакторы. М.-А.Х. Асылбеков таяу және шет елдердің жетекші демограф-ғалымдарымен тығыз ғылыми байланыс орнатқан. Оның ғылыми және педагогикалық қызметі тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де кең танымал әрі жоғары бағаға ие. Ол 1992 ж. АҚШ ғалымдарының шақыруымен Сан-Франциско және Беркли (АҚШ) қалаларындағы университеттерде тарихи демография және әлеуметтік тарихтың өзекті проблемаларынан лекция оқыды.

М.-А.Х. Асылбеков Қазақстан ғылымын көптеген елдерде үлкен абыроймен танытқан ғалым. Ол 1995 жылы Москвада өткен социологтар мен демографтардың, 1997 жылы Берлинде өткен «Орталық Азиядағы миграция: оның даму мен тұрақтылыққа әсері» атты халықаралық конференцияларға, 2008 жылы Москвада өткен «КСРО-да болған жаппай ашаршылықтың тарихи және саяси мәселелері (30 жылдар)»

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен т.б. көптеген ғылыми жиындарға белсене қатысты. Академик М.-А.Х. Асылбековтың төрағалығымен 2008 ж. Ресей Ғылым академиясының «Күнделікті өмірдегі адам: өткені мен болашағы» Ғылыми кеңесінің аймақтық секциясы құрылды.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері, ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор М.-А.Х. Асылбеков республика халқының революцияға дейінгі, кеңес дәуіріндегі және тәуелсіздік кезіндегі негізгі өзекті мәселелерін зерттеу жұмыстарына жетекшілік етуде. М.-А.Х. Асылбековтың басшылығымен 2008 ж. Тарих және этнология институтының бір топ демограф-ғалымдары Қазақстан мұрағаттарында кездеспейтін 1937 және 1939 жж. халық санақтарының облыстар мен аудандар, қалалар мен ауылдар бөлігіндегі Қазақстанға қатысты материалдарды Ресей мұрағаттарынан тауып, Қазақстанға жеткізді. Бұл құжаттар 1930-жж. Қазақстан тарихының шынайы тарихи шындығын айқындауда зор ғылыми маңызға ие. Қазіргі кезде ғалымның басшылығымен 4 томдық «1937 және 1939 жж. Бүкілодақтық халық санақтарындағы Қазақстан халқы» атты кітап баспаға дайындалуда.

М.-А.Х. Асылбеков Қазақстанның тарихшы-демографтарының көшбасшысы. Осы саладағы өзінің ғылыми мектебін құрып, жоғары білікті ғылыми ізбасарларын даярлауда. Қамқор аға, ақылшы ретінде оның жетекшілігімен 12 ғылым докторлары, 50 ғылым кандидаттары диссертациялар қорғады. Бүгінде шәкірттері қазақстанның түкпір-түкпірінде ғылым, білім, басқару жүйелерінде жемісті еңбек етіп жүр. Шәкірттерінің ішінде өзі сияқты көрнекті ғалымдар, белгілі басшылар да бар.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы қаншама ғалымдардың, ұстаздардың еңбектерін дұрыс бағалай біліп, олардың ғалым болып қалыптауына өзінің әріптестік септігін тигізді.

Өнегелі шәкірт, ұлағатты ұстаз белестерінен өткен академик М.-А.Х. Асылбек соңғы жылдары дамып келе жатқан отандық тарих ғылымындағы тұлғатану саласына да өзіндік үлесін қосуда. Оның жетекшілігімен және қатысуымен қазақтың көрнекті қайраткерлері Ә.Бөкейхан, М.Тынышпаев, Т.Рысқұлов және т.б., танымал ғалым-ұстаздар А.М. Панкратова, П.Г. Галузо, С.Б. Бәйішев, А.Н. Нүсіпбеков, Б.С. Сүлейменов, Т. Тәжібаев, Р.Б. Сүлейменов, М.Қ. Қозыбаев және Ж.Қ. Қасымбаевтың ғылыми мұрасы мен қызметіне арналған диссертациялық жұмыстар қорғалып, монографиялық еңбектер мен мақалалар жарық көрді.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор академик, белгілі ғалым-тарихшы ғана емес, ол жас ғалымдардың жанашыр кеңесшісі, көрнекті ұстазы, құрметті оқытушысы. Оған куә – ол ұзақ жылдар бойы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті тарих факультетінің профессоры ретінде тарихшы студенттерді тәрбиелеуде жемісті еңбек етуінде.

М.-А.Х. Асылбеков ғылым, білім жүйесіндегі ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін бірнеше әртүрлі марапаттарға ие болды. 1998 жылы оған «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері» деген атақ берілді. 2003 жылы ҚР ҰҒА академигі болды.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы, сөз жоқ, көшбастар көшелі азамат, заманға лайық тұлға. Ол Қазақстан тарихында өз орны бар ардагер азамат. Ел өмірінің негізгі саласының бірі – оқу мен білімін өркендетуге елеулі үлес қосып келе жатқан білікті маман ретінде ел құрметіне бөленіп келеді.

Жасы ұлғайған жан үшін әрбір күннің, сағаттың, сәттің қадірін академик Мәлік ағамыз түсінеді, сондықтан да ол өзінің шығармашылық энергиясын, өмірдегі негізгі істеріне адал бола отырып, танымсыздықты тануға, барлық күші мен білімін туған еліміздің дамуы үшін, өсіп келе жатқан жеткіншек ұрпақтарға арнап келеді.

Мәлік-Айдар Хантемірұлы Асылбек өзінің 85 жылдық мерейтойын шығармашылық күш-қуаты кемелденген, әлі де жүзеге асыратын мол ойлар мен идеяларға толы кезеңде қарсы алуда.